бәрі белгілі тарихи дәуір, халық пен табиғат, уақыт пен кеңістік жайындағы философиялық пікірлермен суарылған.

Жолдар, жолдар...

барады алға асығып.

Жаяу – талып, ат – арып, арба – сынып.

Жолдар, жолдар

сағымды белес серік,

тұратындай бір үміт елес беріп.

Уақыт – толқын шаяды парақтарын

жолдар жайлы жазса егер Жер естелік.

...Нені кештің басыңнан сары дала,

жеткенінше бүгінгі ұлы жолға? [1, 90–91 б.].

Бұл шумақтар бір қарағанда, қарапайым бір айтыла салған сөздердей көрінгенімен, нағыз азаматтық пиғылмен, кең көкірекпен, ұшқыр ақындық оймен, терең сезіммен туыс пікірлер, олар жалпы азаматтық маңызға ие. Осы уақытқа дейінгі әр түрлі «Жолдар» - қоғамдық-саяси құрылым деген түсінікті білдірсе, оларды да уақыт толқыны шайып кететініне ақын сенеді, соны тарихи шындық ыңғайында көрсетеді.

Ақын тарихи өткен дәуірлерге уақыт пен кеңістік, табиғат пен адам ұғымдарының төңірегінде терең философиялық толғау жасайды. Ондай толғаулар қазақ ұлты тарихындағы нақты бір кісілерге, анық белгілі мерзімге менземесе де шындығы көрініп тұрады.

Ф. Оңғарсынова содан кейінгі «Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқаны» т.б. тарауларында өз пікірін одан әрі нақтыландырады:

Сен түшкірсең - ол жөтелген,

халықтың мынау көбесін

қақыратып тұр таспа-мұң.

...Қаһарыңды төгіп төнесін,

кісі емес, күшік көресін

Шыңғыс тұқымынан басқаны.

...Алдына шықпай еш пендең

семсер сұсыңнан сескенген.

Халықтың жады жоғалмас

Бұқардың басын кескенмен [1, 92 б.].

Бұқар жыраудың атынан айтылған бұл сөздерде нағыз тарихишындық жатыр десе болады және оның традициялық толғау стилімен берілуі. Ақынның идеялық-эстетикалық бағдары, поэтикалық тәсілікені байкалып тұр. Мұндай бағдар және поэтикалық тәсіл ұлттық сана-сезіммен ұғынуға ыңғайлы екендігі көрінеді.

Абылай ханның Бұқарға қарата айтқан жауабы ақынның поэтикалық ойларын өткірлеп, толықтырып, дала тағдырын, ұлт тарихын, Абылай сынды үлкен тарихи тұлға рөлін айқын көрсете түседі:

Ақымақ қара қарғаны
түлкіге баулып салғалы
қыран деп баптау – күлкілі:
өлімтік көксеп құлқыны
қарқылдап қояр бір күні.
тойдырсаң тексіз қараны
бақ пен таққа таласып, қолды салады.
Жасаған баста жаратқан
айдынды, шынды, даланы
ақсүйек пенен қараны [1, 93 б.].

Поэманың сюжеттік дамуына ақын бірнеше қаһармандардың ой-пікірін олардың өздеріне айтқызып, салыстыруға мүмкіндік береді. Оқырман олардың сөзін салыстырып, ой толғайды. Бұл әдіс, әсіресе іштей қарама-қарсылығы бүкіл дала тағдырын елестетеді, ұлттық пікірлер оятады, онысы бір өзеннің сан құбылған ағысындай немесе теңіздің таудай толқындары секілді әсер қалдырады.

Мәселен, поэмада кәдімгі көпшілік, халық тілінен айтылған сөздерге, олардың мағынасына қараңыз:

Біз бұқарамыз –
кәдімгі қара халық, жатырмыз даланы алып.
Таласпаймыз тағына,
біздегі мұң -жан асырау, мал бағып, бала бағып.
Жыртық жаға жүн шекпен,
жаяу жүріп мырзалардың тұлпарын тағаладық.
...Кінәлі – біз
аспаннан тамшы тамбай,
жер көгермей даланың қашса құты.
Мал суарып, жер қазу – біздің үлес,
атақ, мерей, абырой – басқанікі.
жанға бір күн тыныштық табыла ма?
Орнын сүргіп мырзаның нан табамыз,
бұл кедейлік ғұмырда арыла ма? [1, 93–94 б.].

Әрине, поэтикалық өткір тәсілдер арқылы көпшілік, халық тілінен айтылған бұл пікірлердің шындығы басым. Ол дала тағдырының тағы бір трагедиясы болуы мүмкін?!

Поэмада халықтың әрбір тобы, оның өкілдерінің тарихи шындыққа, дәуірге өзінше ойлауы, түсінігі бар. Олардың

осы ойларын ақын шебер байланыстырып, диалектикалық, композициялық көрініс жасайды, әрі шебер салыстырып сәулелендіреді.

Ф. Оңғарсынова бұл поэмасында Абылай айтқан идеяларды, Ақан сері, Едіге батыр образдары арқылы тағы да толықтырады. Қазақ даласының ұлылығын осындай перзенттерінің патриотизмі, ой тереңдігі арқылы көрсете отырып, реалистікпен жандандырады.

«Дала тағдыры» поэмасында көбірек халықты бірлікке шақыру, ұлтжандылықты, ұлтты сақтап қалу мәселелері анық сезіледі. Осы идеялық бағдар көптеген түркі халықтары өзінікі санайтын Едіге батыр образында да бар. Оның образын өз сөздерімен ашудеген қандай ерлік дерсің! Мұны Ф. Оңғарсынованың батылдығы, ақындық қайсарлығы, батырлығы т.б. көптеген жеке қасиеттерінің бір көрінісі деп таныған дұрыс. Тап осы айтылғандар Едігенің мына сөздерінен айқын көрінбей ме?

Жігіттер,
Маған да жетті сұр жебе,
...дұшпаның жатыр іргеде,
Бірінді бірін тілдеме,
күнкілдеп, күмпіп күндеме
жауыңның сол-ақ баққаны.
Бірлігің кетсе басыңнан
іриді халқың ашынған [1, 96–7 б.].

Едігенің өзінің өмірлік тәжірибесінен де келіп шығып, айтылған бұл сөздер Абылай ханның, Ақан серінің жоғарыдағы пікірлерінің жалғасындай әсер қалдырады.

Шығармада уақыт пен кеңістік, тарих пен бүгінгі заман, ынсап пен ынсапсыздық, ақыл мен ақымақтық, халық пен жеке адам т.б. философиялық ой, тұжырымдар мол. Олардың поэтикалық, әдеби – эстетикалық сипаты да басым. Осындай сипаттарымен бұл поэма XX ғасырдағы қазақ поэзиясында, біздіңше қайталанбас туынды болып қала береді [2, 3 б.]. Демек, халқымыздың идеялық – эстетикалық талғамын өсіруге қызмет етеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұтанов Ғ. М.. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 328 б.

2 Қазақстан мектебі, №11, 2009 ж.

С. ӘБЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ӘДІЛ М.

5 «Б» сынып оқушысы, А. Байжанов атындағы орта мектебі, Қаскелең қ.
КЫЗЫРХАНОВА А. С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
А. Байжанов атындағы орта мектебі, Қаскелең қ.

Ақындық өнер – сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтика, дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең құдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі [1, 17 б.].

Ақындық қашанда айрықша өнер түрі ретінде бағаланған. Түркі тілдерінде табылған алғашқы ескерткіштердің өзінде жоқтау жырлар тасқа қашалып жазылған, осы күнге жету себебі де сол. Ақындық сол жыраулық өнердің бір жұрнағы. Қазақ даласындағы алғашқы ақынның атын атай алмасақ та, алғашқы жазба ақын деп Абайды айтатынымыз хақ. Қазіргі кезде жас ақындар толқыны халық арасына кең танылған. Оған айқын мысал – Саят Әбенев. Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық Одағының мүшесі, айтыскер, торғайлық ақын Саят Әбенев 1988 жылы 10 ақпанда Торғайда дүниеге келген. 30 жастағы ақын халыққа айтыс арқылы танылған. Кейінгі жылдары «Инстаграм», «Facebook» әлеуметтік желілері және ән сөздерінің авторы ретінде танымал. Өзінің әр өлеңінің соңында жазылып жүрген «Торғайлық ақын» псевдонимі туралы 2016 жылдың 14 тамызында әлеуметтік желідегі жеке парақшасына салған постында былай жазады: «Әрбір өлеңімнің соңында «Торғайлық ақын» деп жазылып тұратынын жақсы білесіздер. Солай жазу кәдімгідей әдетіме айналып барады. Мүмкін, ондай атаққа лайықты емес шығармын?! Дегенмен әр өнер адамының өз псевдонимі болғаны дұрыс қой. Сондай-ақ бір тойда тоқсанға жасы келген қарияның «Торғайлық ақын балам...» деп берген батасы жүрегіме қатты әсер етті. Сол кісідей қария атанғанша тіпті соңғы демім шыққанша осылай жазуды доғармаймын. Өтірік «Халық ақыны» болғанша шынайы «Торғайлық ақын» болғаным - мың бір мәртебе!». Торғайлық ақын М. Мақатаевтың ізімен жазған «Менің анкетам» атты өлеңі бар.

Қай жақтансыз?

Торғайданмын,

Тек Аллаға қол жайғанмын!

Руыңыз кім?

Бөлінбеймін...

Бөліну А. С. ол өлім деймін...

Өзінің анкетасының соңында Торғайдың қайта облыс болуын тілейтіндігін айтады. Анкетада ақындар толқынымен қатар қазақ даласын қорғаған батыр-ларды, ел бірлігін өлеңге қосады.

С. Әбеневтің жыр жинағы жарық көрмесе де, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға байланысты айтқан өлең шумақтарын көпшілік біледі және өз ойын жеткізуде қолданды. Ақын өлеңдерін азаматтық және махаббат лирикасы деп бөліп қарастыруға болады.

XXI ғасырда өзекті мәселеге айналған ажырасу, тіл мәртебесі, биліктегі олқылықтар, сыбайлас жемқорлық, телефонға тәуелділік, еркек пен әйел арасындағы көрінбейтін бәсеке, қыз тағдыры сынды мәселелер ақынның азаматтық лирикаға жататын өлеңдеріне арқау болды. Мысалы «Мен қарсымын» өлеңінде қазіргі қазақ қоғамындағы тіл мәселені қозғайды:

Мен қарсымын, мен Қазақпын тірімін,

Өзгелердің ішкізбендер ірінін.

Ғылымың мен біліміңнең не пайда,

Өз тіліңе жетпей жатса білімің...

«Балаға қай тілде білім берсең, түбіндесол елге қызмет ететін болады» деген қоғам қайраткері М. Шоқайдың ойын қолдайды. Бұл өлеңді метафора, синекдоха арқылы оқырманға әсерлі, рухты етіп көрсетеді.

...Тілімді кессе кессін, басым кетсін,

Бастысы көзімдегі жасым кепсін...

...Ел сенген ағаларым, ояныңдар,

Мыржақып енді бізді оятпайды!

«Ағаларға айтарым» өлеңінде билік басындағыларға елде туындаған мәселелер жөнінде айтылу керектігі, 70 жыл бұғып жатқан халық енді үндемей қалмау керектігі айтылады. Қарапайым халық жан дауысын жеткізе алмаса да, сол қарапайым халықтың үнін жеткізуге барған адамдарға айтылған өлеңге арқау болған – жер мәселесі. Осы тақырыпта жазылған «Елбасыға хат» өлеңі де рухты:

Ұйқым да келмей, асым да тіпті батпайды,

Тек осы ғана басымда жүргенн аққайғы.

Елімді сақта, жерімді сақта, Елбасы,

Тәңірім сонда жаулардан бізді сақтайды.

Осы сынды өлеңдер қатарына «Қытайдан сақтан, қазағым!», «Торғайлықтарға қайрау», «Бүгінгі Құнанбайлар» атты өлеңдер кіреді.

Телефонға, әлеуметтік желілерге деген тәуелділік біздің қасырымыздың бір індеті 13 шумақтан тұратын «Смартфон», «Мылқау сезім» атты өлеңдерінен көрініс табады.

...Ұрпағымыз құшақтаған – смартфон,
Ұлт тамырын пышақтаған – смартфон.
Әлеуметтік желіменен әлек қып,
Ұлымызды ұсақтаған – смартфон...

Осылайша ақын бұл тәуелділіктің ұлтқа, ұрпаққа, жалпы адамзатқа тигізіп жатқан зиянын сол әлеуметтік желі арқылы жеткізеді.

«Жан жарынды алдама!» өлеңінде ажырасу мәселесі қозғалады.
...Қидырған соң серт байласып некенді,
Тағдырыңа қоса көрме бөтенді.
Қу нәпсіңнің кесірінен түбінде,
Екі жаққа айырасың екі елді.
Ажырасу А. С. берген емес еш пайда,
Соны ұғып түсінетін ес қайда...

2017 жылғы статистикаға бойынша 140 мың неке тіркелсе, соның 51 мыңы заңды түрде некелерін жойған. Бұл шамамен 40 % неке бұзылды дегенді білдіреді. Осыған орай бұл мәселе Қазақстандағы өзектілердің біріне айналды. Осы тақырыпта «Қара шуба», «Ажырасу», «Бақытсыз неке», «Біз еркектер...», «Әй, Әй, әйелдерге», «Еркек пен әйел», «Еркектердің ең әлсізі...» атты өлеңдер кең таралған.

Саят Бақытбекұлының махаббат лирикасы қазіргі қазақ эстрадасында жүрген әншілердің әндерінен көрініс тауып жүр. Қ. Нұртас, Е. Айдар, А. Шардарова, Н. Абдуллин, «Музарт life» тобы, «Алашұлы» тобының т.б. ондаған орындаушылардың репертуарындағы бірнеше ән сөзінің авторы – торғайлық ақын. Ол әндердің басым көпшілігі махаббат тақырыбында. А. Шардарованың орындауындағы «Жүрегімнің иесі», Қ. Нұртастың орындауындағы «Жүрегіңнен бір орын бер», «Менде ғана бар» әндері халық арасында өте танымал.

Сен екенсің жүрегімнің иесі,
Уақытқа да, бақытқа да байландық.
Бізге берген бұл өмірдің сыйы осы.
Біз екеуміз бір адамға айналдық...

Бұл ән әйел адамның ер адамға арнаған әні. Ақын сол сезімді шынайы әрі әсем жеткізіп, халықтың қолдауын және осы ән үшін Ұлттық «Жыл таңдауы» – 2018 премиясында Алғыс хат алған болатын. Сонымен қатар «Иә, сен», «Жар іздеуге жарнама», «Мені күт» өлеңдерінен ақынның өмірлік махаббатын іздейтіні көрініс табады. «Мені күт» өлеңі:

...Сағындыр, сағынышқа шөлдейінші,
Уақытқа мейлі көңіл бөлмейінші.
Мені күт, күтпей кеткен бір бейнеңді,
Біреудің көздерінен көрмейінші.

Ақынға мектеп оқушыларымен кездесуде «Музаңыз кім?» деген сұрақ қойылған, сонда өзінің үнсіз қалғанын айтып, осы сұрақтың жауабын білмейтіндігін айтады.

Қашанда ақындар халықтың үні болған қауым. Бүгінде тәуелсіз елімізде сөз бостандығы, ой еркіндігі өз деңгейінде болғандықтан, өлеңсөзшілер сөзі халық арасында беделге ие. С. Әбеновтің өлеңдерін бір-біріне құрылысы, құрылымы, ұйқас түрі бойынша да ұқсамайды. Торғайлық ақынның бірнеше шумақтан тұратын өлеңдерімен қатар бір шумақтан тұратын өлең жолдары бар. Олардың барлығын бір жинақ болатыны анық. Ақынның оқырмандары «Халық ақыны» мәртебесін осы күні беріп қойғаны белгілі. Әлеуметтік желілер арқылы таралып жатқан өлеңдері жастарға теңізге тамшыдай болсын үлесі. Қазір халыққа, жастарға мұндай ақын керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра», 1995. – 656 б.
- 2 <https://www.instagram.com/sayatabenov/>
- 3 <https://www.zharar.com>
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы, 2003. – 208 б.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2007. – 360 б.

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАСЫ

БАГЖАНОВА А.

7-сынып оқушысы, № 16 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ДАУЛЕТ М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 16 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қарапайым лексиканың қолданылуы, сөйлеу тілі лексикасы лексика-семантикалық экспрессивтік-стистикалық сипаты жағынан өз ішінде бірінғай емес.

Сондықтан іштей мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) тұрмыстық- қарапайым лексика,
- 2) варваризмдер;
- 3) әдеби сөйлеу лексикасы. Тұрмыстық-қарапайым лексикаға

күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатқызуға болады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі [1, 68 б.].

Сөздердің бәрінің де арнаулы қызметі бар. Олар қолданылу аясы мен өрісіне қарай құбылып отырады. Бірінде экспрессивті-эмоционалы басым болса, енді бірінде солғын болуы ықтимал Ол – сөз табиғатына тән құбылыс эмоционалдық пен экспрессивтілікті тудыруға тек бейнелі сөздер ғана емес, қандай да болмасын сөздер, жай сөз тіркесі де, жоғарыда аталған сөздердің қай-қайсының да қабілеті бар. Әңгіме тек олардың қалай және қандай мағынада қолданылуында.

Бірақ тілімізде өзінің заттық-лексикалық мағынасы о бастан эмоционалды-экспрессивті мәнді болып ұшырасатын сөздер болатыны белгілі. С. Мұратбеков шығармаларында осындай сөздер қалай көрініс тапқанын, қолдану ерекшеліктері мен ретін қарастырып көрейік. Ол үшін біраз мысалдарға келтірейік:

«Бағанағыдай емес, бойым сергігендіктен бе, болмаса ауыл жастарының көңілді думаны көңілді қытықтады ма, әйтеуір, жатқым келмеді» [2, 19 б.].

– Қап, бәтшағар, өкпелеп қалды ма? Баласының қолына ештеңе ұстатпап едім?! [2, 210 б.].

Кет, ары! Аулақ! Шық үйден! [2, 219 б.].

«Әйтеуір, менің соңыма ерген біраз күшіктерім бар, тіл-көзден солар аман болса екен деп тілеймін де» [2, 132 б.].

Бұл мысалдарда келтірілген сөздердің барлығы әр түрлі көзқарасқа, қимыл-күй, қатынасқа жұмсалып, лексикалық мағынасы арқылы жағымды-жағымсыз сезім тудырғандай эмоционалды мәнді сөздер екендігі айдан анық.

Келтірілген бірінші мысалдағы «Жастардың көңілді думаны көңілді қытықтады» – көңілі көтеріңкі, қуанышты болуға адамға думан әсер етті, жағымды эмоция тууына басқалардың әер еткенін байқаймыз. Екінші мысалдағы «бәтшағар» сөзі, көбіне жағымды мәнде айтылады. Кейде жағымсыз мәнде де айтылуы мүмкін. Мына жағдайда жағымды-жағымсыз екені белгісіздеу, «қап» сөзін «бәтшағар» сөзінің алдына қойып, өкініш сезімін, көңіл-күйін білдіретінге ұқсайды.

Үшінші мысалдағы «Кет ары! Аулақ! Шық үйден!» – Ұлтуғанның мас болып келген Майданнан тітіркеніп, риза болмай, ашу шақыруы. Бұлар да эмоционалды сөздер.

Төртінші мысалдағы «Күшіктерім» сөзін автор Кәменнің аузына салып, бала-шағасы бар, солар ертең өсіп, адам болады-ау деген зор үмітке әкеп тіреген. Егер автор «Күшіктерім» сөзінің орнына «балаларым», «құлым, қызым» деген жағдайда, сөз алғашқы эмоционалды әсерінен айрылған болар еді. Сонымен қатар жеке тұрып та экспрессивті-эмоционалды мәнге ие сөздер қолданысы кездеседі. Мәселен, «маубас, маңау, шірік, кәпір, көк ми, бит бас, қотыр, жерсоққан, көксоққан» т.б.

– О, маубас, тарта алмасық бар сұрап неғыласың [8, 22 б.].

– Осы анау, маңау Тұрдағұл ылғи, жылқының кепкен тезегін шылым ғып тартпып жүреді ғой [8, 23 б.].

– Жаны тәтті шірік, көрінбе көзіме [8, 30 б.].

– Тіпті көк ми екенсіңдер. [3, 205 б.].

– О, бит бас, қотыр [3, 207 б.].

– Әй, көксоққан бері кел ! [3, 170 б.].

– Мейлі, жер соққан десе де әлімжеттілігін жасап зәбірлемесе екен де [3, 253 б.].

– Тә сүйектерімді сындырдың, онысы несі, кәпір [3, 54 б.].

Жоғарыда аталған сөздер сөйлем ішінде тіпті әсерлі болып келеді. Ол сөздердің мағыналық жақындығы бар синонимдер десек те қате айтпаймыз.

– Немене, қайда екенін айтсам, барып ала қояйын деп пе едіңдер, қызтәлектар, ой, мұрындарыңды... – деп кіжінді шал [3, 56 б.].

Міне, мұнда да жоғарыдағы тұжырымымызға дәлел бар. Шалдың жауап сөзінен не бір сөзді, не сөз тіркесін алуға болмайды. Себебі, біріншіден, сөйлемдегі айтылар ойдың ауқымдылығы

жойылады, яғни еріккен балалардың шексіз сұрақтарына жауапты амалсыздан берген, жұмыста шаршап жүрген, әйелінен айрылған, қайғыға түскен ашулы бригадир шал Байдалы образын көркем түрде аша алмас еді. Екіншіден, сөйлемнің келбеті, мәнері солғын болар еді, яғни ашулы кейіптегі адамның сөзін шынайы түрде бере алмас еді және оқырман оған сенбес те еді.

Сол секілді мына бір мысалға да қарайықшы:

– Ой, мынаның өзін жігіт пе десем, қатынжанды бірдене гой, бұзауша жапанып, – деді күйіп-пісіп [3, 99].

Демек, қорыта келгенде, қарапайым сөздер мен сөз тіркестерінің адам образын ашуда, яғни әртүрлі мінез-құлық эмоциясын беруде күрделі сөйлем ішінде шебер құрастырылып, С. Мұратбеков қаламының бір сырын ашқанына оқырман қауым куә бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 бет.
- 2 Мұратбеков С. Ескекжел. - Алматы: Раритет, 2004. – 280 бет.
- 3 Мұратбеков С. Жабайыалма. - Алматы: Атамұра, 2002. – 399 бет.
- 4 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргіқазақтілі. – Алматы, 1975. – 297 б.
- 5 Шахматов А. Синтаксис русского языка. – Москва: Просвещение, 1957. – 399 с.
- 6 Рақыш Ә., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: Санат, 1998. – 191 бет.
- 7 Қазақтілініңграмматикасы. II бөлім. – Алматы: Ғылым, 1967. – 235 бет.
- 8 С. Мұратбеков Повестер мен әңгімелер шығармаларының екі томдығы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 404 б.
- 9 Кеңесбаев І. Қазақтілініңфразеологиялықсөздігі. - Алматы: санат, 1977. – 670 б.
- 10 Қайдаров Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Санат, 2000. – 204 б.

КИЕЛІ САНДАРДЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕГІ КӨРІНІСІ

БАҚТИЯР М. Д.

6 сынып оқушысы, № 26 Гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

АРЫНОВА Л. М.

мұғалім, № 26 Гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Біздің сандармен танысуымыз ерте жастан басталды. Біз сандармен тек математика сабақтарында ғана емес, әдеби оқу сабақтарында да кездесеміз. Қазақ ауыз әдебиетінің мақал-мәтелдерін оқып, таныса бастағанда, мен мақал-мәтелдерде сандар жиі қолданылатынын байқадым. Неліктен сандар қазақтың мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан? Олардың халық ауыз шығармашылығындағы орны қандай? Халқымыздың киелі деп таныған сандары қандай? деген сұрақтар мені жиі мазалай бастады.

Осы сұрақтар бойынша зерттеу жүргізе бастадым.

Біз өмірде сандарды жиі қолданамыз. Оларды дүкен терезелерінен табуға болады, олар туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан естуге болады. Сандар бізге белгілі бір өнім немесе зат қанша тұратынын, баланың жасы қандай екенін және оның туған күні, сондай-ақ күнделікті айдың қай жұлдызы, қай мезгілі екенін түсіндіреді. Мұның бәрін сандардың көмегімен білетіміз анық.

Күнделікті өмірде қолданылатын мақал-мәтелдерді білу және оны орынды қолдану бізді даналыққа үйретеді, шешендікке, көркем сөйлеуге шеберлендіреді. Мақал-мәтелдерде әрқашан есте сақтауға тұрарлық пайдалы ойлар, шешімдер бар. Мақал-мәтелдерде кездесетін сандардың атқарар қызметі зор, егер олар белгілі бір ойды түюге көмектеспесе, жай ғана сан болып қалар еді.

Біздің ата-бабаларымыз көптеген мақал-мәтелдерді ойлап тапты. Олардың арасында құрамында сандар кездесетін мақал-мәтелдер де жеткілікті, әрі алар орны бар. Дегенмен біз барлық сандардың мақал-мәтелдерде бар-жоғын және мақал-мәтелдерде қандай сандар жиі кездесетінін білгіміз келді. Біздің сынып оқушылары киелі сандардың мақал-мәтелдерде кездесетінін біле ме екен? Мақал-мәтелдерде қандай сандар жиі қолданылды? Сандары бар мақал-мәтелдерді көп білесіз бе?

Біз құрамында жай сандар ғана емес, нақты қазақтың киелі сандар деп атау таққан сандары қаншалықты кездесетінін іздеуді шештік. Қай санның мақал-мәтелдерде жиі кездесетінін де бізге қызық болды.

Адамдардың көптеген әрекеттерін мақал-мәтелдерге сәйкес түсіндіруге болады. Адамдардың өмірін мақал-мәтелдерсіз елестете алмайсың, олар адамдарға жол көрсетер даналыққа толы нұсқаулық іспетті. Мақал-мәтелдерде халықтың бай тәжірибесі мен даналығы жатыр. Сол сияқты барлық ұлттардың да мақал-мәтелдерінде киелі сандар жақсы көрініс тапқандығын байқадық.

Мақал-мәтелдер тарихынан ежелгі уақыттың өзінде адамдар кейбір сандарды бақыт әкеледі, кейбірі сиқырлы деп санаған. Солайша Ежелгі Вавилонда олар үш негізгі Құдайға табынған: Күн, Ай және Венера. Әсіресе ежелгі кезеңнің өзінде-ақ жеті санына киелілік мағына берген. Бұл санды құрметтеудің жаңғырығы осы күнге дейін жеткен. «Жеті өлшеп – бір кес, «Жеті қат аспан» сияқты мақал-мәтелдердің қашаннан бері қолданылып келе жатқанын біле бермейміз.

Қазақ ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдер өте көп. Мақал-мәтелдер қай кезден бастап халық арасында жүре бастағанын айту қиын. Олар жазу болмаған кезде пайда болды. Ғасырлар бойы халық оларды жетілдірді, дамытты. Олардың, әдетте, аты-жөні жоқ, авторы жоқ. Бұл даналық сөздерді адамдар ғасырлар бойы құрастырып, жинақтаған. Олар оның өмірін, еңбек жағдайларын, мәдениетін көрсетеді. Мақал әрқашан дұрыс өмір сүрудің нұсқаулығы болып табылады. Оларды әрдайым есте сақтаудың пайдасы бар.

Сандардың символикасы адамзат дамуының алғашқы кезеңіне тән, рулық қоғамнан басталады. Адамдар символдарға сенгіш. Сандар, символдар сияқты, әрқашан өзінің адам үшін маңызды жасырын құпиясымен өздеріне еліктіріп отырды. Пифагор барлық нәрсені сандар түрінде ұсынуға болатындығын айтты. Әр түрлі халықтар, тіпті әртүрлі адамдар үшін сандардың мәні сәйкес келмеуі мүмкін, тіпті керісінше болуы мүмкін (мысалы, Үндістанда 6 саны қасиетті деп саналады, ал Африкада өлім саны) [1, 3 б.].

Тақырып бойынша әдебиеттерді зерттей отырып, біз мыңдаған жылдар бұрын ата-бабаларымыз кішкентай тайпаларда өмір сүргенін білдік. Олар егістіктер мен ормандарды, өзендер мен бұлақтардың аңғарларын аралап, тамақ іздеді. Кейде олар балық, аң аулады. Олар өлтірген аңдарының терілерін киді. Алғашқы адамдардың өмірі жануарлардың өмірінен сонша алшақ болмады. Олардың өмірі толығымен тәуелді болған қоршаған табиғатты байқай отырып, біздің ежелгі ата-бабамыз көптеген түрлі тақырыптардан, алдымен, жеке заттарды бөлуді үйренді. Қасқырлар отарынан – отардың көшбасшысы, бұғылардан – бір бұғы, дәндері бар қапшықтан – бір дән. Алдымен олар бұл қатынасты «бір» және «көп» деп анықтады.

Жұп заттан тұратын жиынтықтарды (көздер, құлақтар, мүйіздер, қанаттар, қолдар) жиі байқау адамды 2 саны туралы ойға алып келді. Егер олар көбірек көрсе, онда: «көп» сөзін қолданған. Одан әрі екеудің артында белгісіз, жұмбақ нәрсе басталды. «Бір», «екі», «көп» деп санаған кезде, екеуден кейін «бәрі» болды. Сондықтан 2 санынан кейін өту керек болатын 3 саны «бәрі» деген мағынаны білдірді. Тек біртіндеп адам үш затты, содан кейін төрт, бес және т. б. бөлуді үйренді. Кейінірек адамдар бүкіл әлем сандар заңдарына бағынатындығын ескеріп, оларды түсінудің кілттерін іздей бастады [1, 5 б.].

Қазақ халқының басқа халықтар сияқты алғашқы кәсібі – аңшылық болған. Аңшы болу үшін қырағылық, ептілік керек. Аңшылық – жастарды еңбекке, ерлікке, әртүрлі ойын-сауықты, спорттық түрлерін үйренуге болады. Осыған байланысты бір тақырыбы – еңбек пен кәсіпке арналған.

Ерлік те еңбектен басталады. Елін, жерін қорғау, ерлік жасау әркімнің қолынан келе бермейтін ауыр да, абыройлы іс. Жастарды өжеттікке, отаншылдыққа, батылдыққа, ұйымшыл болып, ауызбіршілікті сақтауға дағдыландыруға мақал-мәтелдердің маңызы зор.

Мақал-мәтелдердегі кейбір сан есімдерді төмендегіше топтастыруға болады:

Мақал-мәтелдердегі киелі сандар.

Мақал-мәтелдердегі септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы жасалған киелі сан есімдер.

Сан есімдердің есептік, реттік, жинақтық түрлеріне негізделген киелі сандары бар мақал-мәтелдер.

Сол сияқты масса өлшеуіштері. 1 қап, 1 пұт, 1 үлкен табақ, 1 мысқал, 1 шөкім; уақыт өлшеуіштері: бие сауым, сүт пісірім, қас қабағым, ет пісірім; көлем өлшеуіштері: көнек, жанторсық туралы мәлімет беруге болады. Кейбір өлшеу бірліктерінің мағынасын, өзара байланысын түсіндіру мақсатында, баспа беттерінде жарияланып жатқан мақалаларды кеңінен пайдалануға болады. Мыс: М. Әлімбаевтың «Ана тілі» газетінде жарияланып «Ескі өлшемдер» жинағын оқып ұсынуға болады. Оның бірнешеуін қаз – қалпында беріп отырамыз.

Шақырым: Дауыс жетер аралық

Шақырым деп аталған.

Даладағы даналық –

Қалған арғы атаңнан

Сүйем: Жүрген елдің ойында

Ескі өлшемдер мол екен.
 Бір сызықтың бойында
 Созсақ сұқ қол, бармақты –
 Сүйем деген сол екен.
 Шөкім: Ескі өлшемді білші,
 Ұмытпастан бекем бол.
 Үш саусақпен шымшы,
 Қанша іліксе – шөкім сол.
 Қарыс: Бір сызықтың бойында
 Бармақпен ортан қолыңды
 Созсаң өлшей қоюға –
 Қарыс деген сол екен [1, 8 б.].

Қазақ халқында кез-келген басқа халықтар сияқты, сансыз мақал-мәтелдер бар. Мақал-мәтелдер қысқа, артық сөздер жоқ, әр сөз салмақты, мазмұнды және дәл құрылған. Халықтың өзі мақал-мәтелдерге нақты сипаттама береді: «Мақал – сөздің мәйегі». Мақал-мәтелдер ауызекі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданылады. Ақын жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгімен өздері де жаңа мақал-мәтелдер жасайды. Ыбырай Алтынсариннің «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш баламен ойнамайды» дейтін сөзі мақалға айналып кеткені рас. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы «Күйі бірдің күні бір» дейтін сөзін де жаңа мақалға жатқызуға болады [2, 98 б.].

Мақал-мәтелдер – ертек, аңыз әңгіме, батырлық-ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық шығармаларымен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Олай дейтініміз, XII–XIII ғасырлардан сақталған сирек жазба деректерде де мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Орхон жазуларында: «Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер»; «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген» (Күлтегіннен); «Жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай»; «Өлімнен ұят күшті» (Тонькөктен) деген мақал-мәтелдерді оқимыз. Ал Махмұт Қашқаридың «Дивани луғат ат -түрік» сөздігінен: «Ұлық болса кішік бол»; «Тай ат болса – ата тынар, ұл ер болса – ата тынар»; «Күз болары көктемнен мәлім»; «Тау тауға қосылмас, адам адаммен әрқашан қосылар»; «Бейнет түбі – рақат» дейтін мақалдарды [2, 102 б.]. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанынан «Біліп сөйлесең, білікке саналар», «білімсіз сөз өз басын жояр»; «Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі

сөндірер»; «Аққан су ол – жақсы сөз, ол қайда ақса сонда гүл өсер» дейтін мақалдарды оқимыз.

Мақал-мәтелдер қашанда сұранысқа ие болып қалады және біздің күнделікті сөйлеуімізде жиі кездеседі.

Мақал-мәтелдер – тәрбиелік мазмұны бар қысқа халықтық сөз тіркестері, халықтық афоризмдер. Мақалдың екінші мағынасы бар, бұл аллегория. Мысалы, мақал: «Іздей-іздей Меккені де табарсың» тура мағынада түсінуге болады.

Мақалдың туысы – мәтел. Олар бір-біріне ұқсас. Мәтелдің мақал-мәтелдерден айырмашылығы, қысқа тұрақты тіркестер.

Киелі сандар кездесетін мақал-мәтелдер біздің тілімізді байытады және безендіреді, соның арқасында адамдар өз ойларын түсінікті және қысқа жеткізеді. Мақал-мәтелдер бізге көп нәрсені үйретеді: жұмыста, достықта, оқуда қандай болу керек, ата-анаға, үлкендерге, Отанға қалай қарау керек, соны үйретеді.

Киелі сандардың мақал-мәтелдердегі көрінісі, мақал-мәтелдердің сөйлеу тілімен ерекше байланысы бар. Олар әрқашан әңгіме барысында, оқиға үстінде есте түседі. Ежелгі заманнан бері адамдар сандарға белгілі бір мағына берді. Мұның бәрі ауызша халық шығармашылығында, соның ішінде мақал-мәтелдерде көрініс тапты. Мен өз жұмысымда ауыз әдебиетінде жиі кездесетін сандар туралы толық түсінік беруге тырыстым. Мақал-мәтелдерде жиі кездесетін сандар – 1, 3, 7. мен 1, 2, 3, 7, 9, 12, 13, 100 сандары бар мақал-мәтелдерді жинауға тырыстық.

Мақал-мәтелдерде қамтылмайтын сала жоқ. Онда халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы болашаққа үлгі-өнеге болатын, тәлім-тәрбие беретін, жол нұсқайтын сөздер айтылады. Ерлікке, отаншылдыққа, елін, жерін сүюге үндейді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: «Мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз. «Мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз» [2, 168 б.].

Екіншіден, сандарды оқы, үйрену барысында оларды есте сақтау үшін арасында сандар қолданыс тапқан мақал-мәтелдерді кеңінен пайдалануға болады. Бұл санның адамзат өміріндегі маңызын анықтай отырып, сонымен қатар мақал - мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсініп – үйренуге септігін тигізеді.

Мақал-мәтелдердің құрамында сан есімдер жиі қолданылады, әсіресе, 1 сан есімі көп кездеседі. Мысалы:

Мал – бір жұттық, батыр - бір оқтық, жер мәңгілік.

Бір жылы сөз бір күнге азық.

Бір қарлығаш келгенмен жаз болмайды,

Бір сауысқан келгенмен қыс болмайды.

Бір мылтықтың аузына,

Мың кісі сияды, – деген мақалдарда бір сөзі есептік сан есім, заттың сандық мөлшерін білдіріп тұр, бірақ мылтық біреу болғанымен мың, яғни көп кісіге жарайтындығын, көптік қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Осы жоғарыдағы сандар ретімен әрі қарай 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 40, 100 сандарына байланысты мақал-мәтелдерді тауып, зерттедік.

Киелі сандарға 7, 9, 12, 40 сандары және соларға байланысты ырымдар жатады. Бұл сандар қазақ халқында қасиетті киелі сандар деп есептелінген. Бір жетіде жеті күн бар. Орта ғасыр химиктері мен археологтары 7 күнге дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі деп ат берген. Бұл күндер ішінде ән күнге арнайы ырымдар бар. Мысалы, қазақ халқы барлық үлкен істерін сәрсенбінің сәтті күнінде бастайды. Алыс жолға (тағы да басқа шаруаларды істеуге) сәрсенбі күні кіріседі. Қайтыс болған адамның жетісін беріп, баланың ержетуін жаспен мөлшерлеп «жетіге келгенше жерден таян жейсін», «жеті қабат жердің асты» деген [3, 18 б.].

Арабтар арқылы ислам дінінің қазақ даласына енуіне байланысты 9 санын ерекше құрмет тұтқан. Аяғы ауыр әйел 9 ай, 9 күн көтереді. Тұрмысқа шыққан қызға 9 түрден тұратын бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз етіп құдаларға «тоғыз қабат торқа кигізген», «тоғыз жолдың торабына» аса назар аударған.

Бір жылда 12 ай бар. Байырғы күнтізбе бойынша 12 жылға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. 12 жыл сайын жылдың атаулары қайталанып отырады. 13 жасқа келген бала бір мүшелге келеді де, әрі қарайғы мүшелі 12 жылдың қосылуы арқылы болып отырған. Мүшелді – қатерлі жыл деп санаған. Өлең жолдары, мақал-мәтелдер, жырлардан 12 санын ерекше қасиет тұтып отырғандықтарын байқаймыз.

Жаңа туған баланы қырқынан шығарады. Туған-туысқандарын, жора-жолдастарын жинап, кішігірім той ретінде өткізеді. Қайтыс болған адамның қырқын береді. Бұлар – ертеден халық арасында кең сақталып келе жатқан дәстүрлер.

Мақал-мәтелдерде киелі сандар әртүрлі тұрғыда, көбінесе сан есімнің алты түрінің бірі – есептік сан есім ретінде жиі кездеседі.

Есептік сан есімдер неше, қанша деген сұрақтарға деген сұрақтарға жауап беріп, заттың сандық мөлшерін білдіреді. Олар бірлік, ондық, жүздік, мыңдық сандар болып бірнеше жікке бөлінеді.

Бұның тәрбиелік мәнінің зор екендігі аңғарылады. Есептік сан есім тұрғысындағы киелі сандарға байланысты мақал-мәтелдер:

Жеті рет өлшеп, бір рет кес. Асықпа, ойланып істе, бірнеше рет өлшеп, әбден дұрыстығына көзің жеткенде ғана әрекет жаса деген мағынада.

Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі. Өзіңнің жаратылысыңды біл, егер сен жеті атаңның кімнен басталып, кіммен аяқталатынын білмесең, онда сен нағыз жетімсің деп түсіндіреді. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді білуге үйретеді. Білгенің бір тоғыз,

Білмегенің тоқсан тоғыз. Сенің білгеніңнен де білмегенің көп, сондықтан ізден, талаптан, білмегендеріңді білуге тырыс деп жол нұсқайды.

Он екі мүшең сау болса,

Жаралымын деме,

Он саусағың сау болса,

Дәулет емес немене, – деп барлық жақсылыққа, үлкен жетістіктерге, байлыққа, биік шыңдарға тек қана денсаулықтың, адал еңбек етудің арқасында ғана жетесің. Мұнда денсаулықты күту, еңбек ету, шаршамау, талмау, іздену керектігі айтылады.

Лиро-эпостарда 12 киелі санына байланысты кездесетін жолдар:

Үлкендігі басының

Он екі қарыс қазандай (Қамбар батыр)

Орай да орай оқ атқан,

Он екі тұтам жай тартқан. (Қобыланды батыр)

Ақын-жазушылардың мағынасы терең көркем сөздері, нақылдары, шешендік сөздер, жұмбақтар, өсиет сөздер және тағы басқалары мақал-мәтелдердің қорын көбейтіп отырады [4, 8 б.]. Мақал-мәтел халықтың сан ғасырлық көрген білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл ойының жиынтығы, анықтамасы: табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні.

Әр халықтың мақал мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі [5, 32 б.]. Ол кез-келген уақиғаның мәселенің тұсында еске түседі тілге оралады. Зерттеу нәтижесінде біз 1 саны бар мақал-мәтелдердің көп екенін көрдік. Екінші орында 7 саны бар мақал-мәтелдер. Бұл қазақ халқының

«сүйікті» саны. 2 саны бар мақал-мәтелдер үшінші орында. Жүп сандар – екі, төрт, алты, сегіз – әлдеқайда аз кездеседі. Сонымен, бір «бір», «екі», «үш», «бес», «жеті», «жүз» деген накыл сөздер мен мәтелдерді жиі кездестіруге болады. Қасиетті сандар арқылы тәрбие берген салт-дәстүрін сол қалпында сақталып келген. Сондай-ақ, бұл киелі сандарды мақал-мәтелдерде тиімді қолдана білген. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, біз де күнделікті сөйлеу мәдениетімізде киелі сандарды қолданып жүрсек, ісіміз әрдайым алға басар еді.

Біздің зерттеу материалдарымыз пәнге деген қызығушылықты дамыту үшін математика, әдебиеттік оқу пәндері бойынша оқушылармен сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу кезінде пайдалы болуы мүмкін деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шүленбаева Ұ. Мақал-мәтелдердегі киелі сандар. – Алматы, Ана тілі газеті. № 32, 2004. 8 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 том. – Алматы: Ғылым, 1983. – 256 б.

3 Наурызбаева Р. Мақал-мәтелдердегі киелі сандардың мәнін ашу жолдары. //Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары. –Алматы, Білім. 2006 ж. 36 б.

4 Ұзақбаева С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы, 1988.

5 Қалиев С. Халық педагогикасы хақында бірер сөз. – Алматы, 2000.

ЗАМАН ТАЛАБЫ

БАЛГИН Х. С.

7 «А» сынып оқушысы, № 26 ЖОМ, Павлодар қ.

ЖАКУПОВА Р. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 ЖОМ, Павлодар қ.

Халыққа білім беру жүйесін қайта құру, оқыту, жағдайын заман талабына сай ұйымдастыра білу, жеке тұлғаны қалыптастыру, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру, білім мазмұнын жаңартып, оның сапасын күннен-күнге арттыру сияқты мәселелер қазіргі заман талабы. Себебі қоғамымызды тілсіз, ал тілді қоғамсыз елестете алмаймыз.

Тіл білсең – сен, бай адамсың. Әсіресе, өркениеттік өрелік озған, жаһанданудың лебі есіп тұрғанд кезде көп тілді игерген тұлғаға ешкімнің таласы бола қоймай. Сол себепті қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болу мақсатында мемлекетіміз үздіксіз қаржы бөліп, түрлі шаралар ұйымдастыруда. «Үштұғырлы тіл» жобасын Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жариялаған болатын. 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең - кезеңмен іске асыруды ұсынды [2, 17 б.].

Әркімнің әртүрлі елдерінің тілдік жағдаяты мен сол елдерде жүргізіліп отырған тіл саясатына назар аударатын болсақ, қандай бір тілдің өз Отанында, иә болмаса басқа жерлерде өмір сүріп, дамуы, қолданылуы бірінші кезекте сол тіл иелерінің өзінің туған тіліне көрсетіп отырған құрметіне тікелей байланысты екенін көреміз. Ол құрмет қалай, неден көрініс береді?

Бұл бір дегеннен-ақ мемлекеттің мемлекеттік яки ресми тілдің қоғамдық құқық қалпын қамтамасыз етіп, оның мәртебесін белгілеп, оған сол елдің әрбір азаматының адал болуынан басталса керек. (Ресей) Социоллингвист А. С. Пиголкин: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік биліктің бұқарамен қарым-қатынас жасап, азаматтармен сөйлесетін тілі», – дейді [1, 69 б.].

Қоғамда әр құбылыстың өзіне тән шығу және даму кезеңдері, түрлі өзгерістер болады. Бұл тілге де тән қасиет.

Тіл – адам баласын қазіргі өркениетке жеткізген ұлы күш. Тіл – қоғам тарихының барлық дәуірінде күресу мен даму құралы, рухани өмірдің, бүкіл мәдениеттің тұтқасы болып келуде.

Түрлі этникалық қоғамда тілдік қатынастардың орын алуы сөзсіз, оларды қазіргі таңдағы тіл білімінде зерттеу өзіндік бағыты бар екенін көруге болады. Қатынастық лингвистика немесе *contact linguistics* деп аталатын бағыттың негізін қалаушы заманауи ғалым Уриэль Вайнрайх болып табылады [8, 97 б.].

Тілдік қатынастардан ажырамайтын және олармен тығыз байланыста болатын тілдік құбылыстар бар. Соның ішінде тілдік қатынастармен қатар келетін маңыздысы – билингвизм (екітілділік).

Қазақстанда би және полилингвизм кеңес дәуірінен бастау алады. Екітілділік жағдайында екінші тілді меңгеру деңгейі туралы түрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір зерттеушілердің пікірінше билингвтер екі тілді тең дәрежеде меңгеруге тиісті деп есептесе, ал

басқалары бұл міндетті емес деп тұжырымдайды. В. А. Аврорин билингвизмге төмендегідей анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру. Нағыз екітілділік екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады».

Ғалымдар сондай-ақ, екітілділік деп билингв екінші тілді бірінші ана тілінің құзіретін жоймай пайдалануын атайды, ал егер билингв екінші тілді меңгеру жағдайында бірінші тілдің құзіретін жоғалтатын болса, ол орын басатын екітілділік деп аталады.

«Екі тілді жетік меңгеру амбилингвизм деп аталады. Семилингвизм дегеніміз – индивидтің ана тілін де, екінші тілді де толық меңгермей, екі тілдегі күрделі конструкциялардың мағынасын беруде қиындықтарға кездесуі», – деп көрсетеді өз еңбектерінде ғалымдар Э. Сүлейменова, Н. Шаймерденова [6, 81 б.].

Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ, көптілділік, полилингвизм-нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей алу. Оның ішінде жеке адамның көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы аз, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі кездеседі. Көптілділік жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі болып табылады. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытып, дамуына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлерантты және әлемдік ойлау, санысы қалыптасуына мүмкіндік береді. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар қорын немесе жалпы ақпараттық ғаламға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің

нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ [9, 103 б.].

Бүгінгі таңда елімізде көптілділік мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкөлікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12-сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»- деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру – заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың болып тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте!

– деп XX ғасырда Қадыр Мырзалиев айтқандай, XXI ғасырда Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Жаңа әлемде Жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Үштұғырлы тіл» саяси мәдени бағдарламасын ұсынуы қай кезде де, қай ғасырда да көптілділіктің заман талабы екенін ұғындырғандай [5, 137 б.].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да сындарлы түрде жүзеге асырылу барысында. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес.

Көп тілді білу – ол, өмірлік қажеттіліктен туындаған құбылыс. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Халықтың рухани, мәдени құндылығымен сусындау үшін ана тілін білу керек. Әр адам өз тілінде сөйлеп, оқып, азамат болып қалыптасуы маңызды. «Әр елдің тілін, өнерін

білген тұлға өзгемен бірдейлік деңгейде сұхбаттаса алады» деген ақын, жазушы Абай Құнанбаев. Бүгінгі таңда тіл білгеннің тіршілігі түзу. Тарих беттерін ақтарсақ, ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби өз өмірінде жетпіске жуық ұлттың тілін білгендіктен, артына мол рухани құнды мұра қалдырды. Ақын Абай Құнанбаев орысша хат танып, өзге тілді үйренсе де, өз тілін құрметтеп, артына өшпес мұра қалдырған. Алаш арысы, қоғам қайраткері М. Шоқай зеректілігі арқылы университет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шыққан. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті [2, 217 б.].

Көптілді білім беру жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстарды қорыта келе, менің ойымша:

– көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

– билингвалды білім беру – оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үдерісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану;

– әрбір мектеп бітірген Қазақстан Республикасының азаматы қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біліп шығады;

– көптілді меңгерген оқушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;

– көптілді меңгеру еңбек нарығында да жоғары бағаланады;

– алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді.

Демек, «Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету – қазақстандықтардың ортақ парызы [7, 253 б.].

Сөзімізді қорытындылай келе, бүгінгі оқушының тұлғалық құзыреттілігін, көптілді меңгеру қабілетін дамыта отырып, елімізді болашаққа бастар Елбасы салып берген жолдан ауытқымай, ұштұғырлы тіл саясатын іске асыру жолында аянбай еңбек ету әр ұстаздың міндеті дер едім. «Нұрлы жол», бұл – ел дамуының жаңа кезеңінің бастауы. Бұл тек дағдарысты еңсеру бағдарламасы ғана емес. Бұл біздің ортақ мақсатымыз – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына енуін қамтамасыз ете отырып, бұрынғыдан да күшейе түсуіміздің, топтасуымыздың және Мәңгілік Ел идеясын іске асыруымыздың тарихи мүмкіндігі.

Көп тілді білу Р. Т. жарқын болашақ кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Солташұлы Ы. Заман талабы – көп тілді білу. // Ақиқат. 26 қараша, 2012 ж. № 11. 14-15 б.

2 Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып, балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана, 2012. – 115-120 б.

3 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 116 б.

4 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово/Slovo, 2008. С– 264-270.

5 http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody. Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты.

6 Сүлейменов Ж. «Уақыт талабы». // Солтүстік Қазақстан. 14 қыркүйек 2017 ж.

7 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998. – 509 б.

8 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер С., Жумашева Қ. – Алматы: Аң арыс, 2009. – 152 б.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ЖҰМАБЕКОВА А.

11 сынып оқушысы, № 16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

ЖАНГОЖИНА Ә. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, № 16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт – азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазіргі кезде халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды.

Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасымен тарихын зерттеу қазіргі таңда зор маңызға ие болып тұр. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған

қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз.», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрін сақтайтын күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр [1].

Ата-бабамыздың тәрбиеге өте үлкен жауапкершілікпен қарағаны баршамызға аян. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп қарасақ, қазақ халқындағы небір шешен, ақын, жыршы, зергер, сәулетші, қара қылды қақ жарған билер мен қазылардың атадан балаға мирас болған тәлімін көреміз. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшеліктері болатыны секілді, қазақ халқында да, сан ғасырлар бойы жас ұрпақты имандылық пен ізгілікке, адалдық пен әлілеттілікке, қарапайымдылық пен мейірбандылыққа, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеген ғұлама ғалымдары, шешендері мен билері, батырлары мен ақын-жыраулары болғаны баршаға мәлім.

Кеменгер ойшыл бабаларымыз Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашғари, Ахмед Иүгінеки, Сәйф Сараи, Қадырғали Жалайри, Дулати, Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім тағы басқа ғұлама-ғалымдар өздерінің шығармаларында ел мен жер, Отанды сүю, ар-ождан, намысты қорғау, ғылым, білімді халық игілігіне жұмсау секілді ұлттық рухтың өзекті мәселелеріне ерекше мән беріп келсе, XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Жиенбет, Шалкиіз, Бұқар жырау, Дулат сияқты жыраулар өздерінің өлең мен жырлар, толғауларымен елдік пен ерлікті, әділдік пен адалдықты, сақилық пен серілікті жалықпай насихаттаған. Ал Доспамбет, Ахтамберді, Махамбет сынды әрі батыр, әрі ақын-жыраулар «ел намысы-ер намысы» деп қарап, дұшпанға өткір тілді өлеңінде де, алмас қылышын да жұмсай білді. Ерлік сын сағатта танылады. Елін, жерін шет ел шапқыншылықтарынан қорғауда, ерен ерлігі аңызға айналған, өлең-жыр, толғау-дастандарға арқау болған Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын, Ер Қосай, Едіге, Қамбар, Абылай, Ағыбай, Қабанбай, Бөгенбай, Кенесары, Баян, Наурызбай, Райымбек, Малайсары, Сұраншы, Саурық, Барақ, Сырым, Исатай сияқты батырлардың тәрбиешісі де – қазақ халқы. Жиырмасыншы ғасырдың Кеңес заманындағы әр түрлі соғыстардың батырлары Амангелді Иманов, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Алия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигельдинов, Қасым Қайсенов және тағы басқалардың ерен ерлік іс – қимылдары да өлеңдері дастанға

айналып, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің бірден-бір құралы. Осының бәрі халқымыздың атадан балаға ғасырлар бойы мұра болып жалғасып келе жатқан ерлік рухымен байланысты туындаған тәрбиенің дәстүрлі үлгі-өнегелік жемісі.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде Ресейдің классик-педагогтары К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский, үлкен үлес қосты. Олар өз еңбектерінде патриоттық тәрбиенің маңызды идеяларын қарастырып, бағыттарын көрсетті.

Советтік патриотизмді Н. П. Егоров қарастырса, Г. И. Щукина, Б. Т. Лихачев еңбектерінде патриотизмнің мән-мүзмұнын қарастырады. Бүгінгі таңдағы патриоттық тәрбиенің міндеттері, мазмұны мен әдістері И. Ф. Харламовтың оқу құралында көрініс алған. Сонымен қатар, И. Е. Кравцев, М. А. Терентий, А. В. Русецкий оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің ғылыми-теориялық, әдістемесін өздерінің зерттеу жұмыстарында қарастырған [2].

Қазақстан халқының патриоттық көзқарасын қалыптастыруда терең ғылыми зерттеулер жүргізіліп, жаңа бағыттар іздестірудің үлкен маңызы болды. Осы тұрғыдан алғанда Отандық ғалымдардың еңбектерінің орны ерекше. Бұл туралы тарихшылар (М. Қ. Қозыбаев, М. Мұқанов), философтар (А. Айталы, Д. Раев, А. Қасабеков, Ж. Алтаев), психологтардың (Н. Елікбаев, Қ. Б. Жарықбаев, А. Темірбеков, Балаубаевтардың) еңбектерінде қарастырылды. Педагогика саласында зерттеулер жүргізген отандық ғалымдардың (С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Құнантаева, Л. Ә. Байсерке, Е. Ә. Жұматаева, С. Т. Иманбаева, Р. А. Джанабаева) еңбектерінде патриоттыққа тәрбиелеудің тәлімдік маңызы туралы мәселелер қамтылған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жеткіншектерді патриоттыққа тәрбиелеу мәселелеріне байланысты әртүрлі бағыттарда (Д. С. Құсайынова, Ғ. Базарғалиев, Л. Сейдахметова, К. Т. Әбілғазиева, Р. Н. Кенжебаева, У. К. Санабаев, Б. Сүлейменов, Ж. Н. Қалиев, А. К. Калимолдаева, Н. А. Мұхамединова, А. Қ. Дүйсенбаева, Р. М. Рысбекова, Ж. Қасымбеков, А. Қарпықбаева, т.б.) зерттеулер жүргізді. ерттеуші-ғалымдар оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарының мазмұнына, міндеттеріне, оны шешудегі әдіс-тәсілдеріне қатысты ұсыныстар береді. Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі ретінде А. А. Бейсенбаева, А. Н. Илісова, Р. К. Төлеубекова, Х. Қ. Жампейсова, А. Н. Көшербаева,

Ш. Майғаранова, Г. Қ. Нұрғалиева тағы басқа еңбектерінде зерттелген.

Бауыржан Момышұлы – данқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармаларымен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі. Бұл тақырыпқа А. Бек, А. Кривицкийден бастап, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, Ш. Мұртаза, Е. Ысмаилов, Ә. Нұршайықов, Ш. Елеуенов, М. Мырзахметұлы, Б. Момышұлы, З. Ахметова, М. Қалдыбаев т.б. ғалым жазушылар қалам тербеп, батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбек сіңірді. «Бауыржантанудың» негізін салушы ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметұлының еңбегі осы салада жүргізіліп жатқан зерттеулерімен ерекшеленеді.

«Бауыржантану» саласын зерттеуде тарих ғылымының саласынан (М. Айтқазина) әскери саладан (Л. Н. Бақаев, Қ. С. Мұхамедқалиев) т.б. және әдебиет ғылымының саласынан (Ф. А. Орынзана, Ж. О. Иманалиев, Қ. Уразбаев т.б.) бірқатар ғалымдар зерттеулер жүргізді. Ал педагогика саласында зерттеуші Е. Жұматаеваның «Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты кандидаттық диссертациясында майдангер жазушылар: Б. Момышұлы, Қ. Қайсенов, Ә. Шариповтердің еңбектері мен ерлік істерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану жолдарын қарастырған [3].

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді, оқу әдістемелік құралдарды жан жақты талдау Б. Момышұлы шығармалары негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру мәселесінің жете зерттелмегендігін көрсетті. Демек, Б. Момышұлы шығармалары негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыдан жүйелі зерттелмеуі арасында; Б. Момышұлы шығармаларының патриоттық тәрбиедегі мүмкіндіктері мен оларды мектепте жеткіліксіз пайдалану арасында; оларды мектеп практикасында кең көлемде пайдалану қажеттігі мен арнайы жасалған ғылыми әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасында қарама қайшылық анық байқалады. Осы міндеттердің тиімді жолдарын іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты «Б. Момышұлының шығармаларының негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру» деп тандауымызға негіз болды.

Еліміздегі ғылыми техникалық және әлеуметтік саяси өзгерістер барысында қоғамдық өміріміздің барлық салаларында патриоттық тәрбие берудің қажеттілігі айқын сезіле түсуде және бұл қажеттің одан әрі өсе түсетіндігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Тәрбиенің кең салаларының бірі патриоттық тәрбие екенін еліміздің тұңғын президенті Н. Ә. Назарбаев өзекті мәселелердің қатарына қою тегін емес және Қазақстандық патриотизмнің теориялық негізін тереңдету түсті.

Біздің зерттеу нысанамыз болып отырған Б. Момышұлы шығармашылығы ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударды. Осыған орай бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды. Мәселен, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеген Токтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Понфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Елбасына күн туса» атты туындылары дүниеге келді.

Ойымызды түйіндесек, Б. Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын оның қандайын болса да, және білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Оқушыға патриоттық тәрбие беру Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет осы мемлекеттің өркендеп өсуі халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанда Отанын деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер оқушылар қауымы көп тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніміз болашақ жастар оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата заңын, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу. Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды, Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» деген еді.

Әр дәуірдің тарихи кездерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «Отан сүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқаты наным-сенімінен туындайды. Еліміздің егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы Қазақстандық патриотизм болды. Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында

қазақ даласының ойшылдары Әбу Насыр Әл Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұж Қашқари, жыршы жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен бапйланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді [4].

Алғашқы президентіміз Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» – дейтін еңбегінде мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар. «Әрбір адам біздің мемлекетімізге соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс қимыл жүйесін талдап жасауы қажет.

Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезіне Қазақстан менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн». Міне, осы сөздің тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. Балаларға патриоттық рух беретін халық үшін қызмет етуге үндейтін өз Отан үшін қорғау керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптын озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің маңызы балалар үшін ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырады. Абай өз өлеңдерін жастаға үлгілі өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ, туған ұлт-халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Абай өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені, патриотизм қашан да, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым.

Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп, өсіріп, отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік» деген елбасы Н. Ә. Назарбаевтың сөзі мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан алғанына, Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеудің атық борыш екендігін көрестеді.

Адамгершілікті, тәрбиелі адам-кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі. Патриоттық тәрбие жүйесіндегі бағыттарды анықтауға болады: рухани адамгершілік, тарихи-өлкелік «Шежіре» – азаматтық-патриоттық тәрбие. Бұл бағыт құқықтық мәдениет, заңгерлік, саяси және құқықтық өзгерістер мемлекет пен қоғамдағы өзгерістер, заң орындау, қызмет ету арқылы ықпал етеді.

– әлеуметтік-патриоттық. Рухани адамгершілік және мәдени тарихи байланысқа бағытталаып, үлкен кісілер сыйластық сезімдері.

– әскери-патриоттық. Балалар бойындағы үлкен патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті, оны қорғауға, әскери дәстүрді, әскери тарихты қалыптастыру.

– спорттық-патриотизмді дене спорты және дене шынықтыру сабақтары арқылы шыдамдылыққа, ерлікке, тәртіптілікке бағытталған.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігіміз бен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті Қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кейіннен қалыптаса келе береді.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының оң бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың ұлы, ержүрек

қолбасшысы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып, кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Мысалы, соғыс жылдарында Бауыржан ағамыз:

Атамекен жер үшін,
Қасиетті жер үшін,
Әзиз ана, қарт ата,
Ботакөз сұлу қарындас,
Күн, құл болмасын,

– деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп ерлік істерге шақырады.

Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында патриотизмге, ерлікке, батырлыққа байланысты біршама терминдерге анықтама берген. Енді соларға тоқталып өткім келеді:

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезу, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекеттік деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзінмен сайысқа түсе отырып, тұтас ұжымын өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басынды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу.

Батылдық – қимыл, әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық.

Табандылық – батырлардың қалқаны [5].

Өжеттілік, қайсарлық – адамның тіпті мүмкін емес деген жағдайдың өзінде абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс.

Сондай-ақ Бауыржан ағамыз халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер, жақсы сөздерін қалдырған.

Мысалы:

Намысты нанға сатпа.

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу-сатқындық.

Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішін өлген артық.

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік-жігіттің қасиеті.

Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасадды.

Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.

Ерлік-тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.

Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады.

Белдескеннің – белін сындыр, тірескеннің – тізесін бүктірі.

Ептілік те – ерлік.

Қолбасшы болса сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.

Осындай тағы да басқа батырлық, ерлік, тәлім-тәрбие, өсиет, тағлым туралы біздерге өсиет сөздер қалдырған.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, рухани байлықтан көрініс табады.

Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт – дәстүрімізді жатқызсақ, тіл-қазақ болуымыз үшін, дін-адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқар сезімдерден, мақтаныш – сүйініштен бөле-жара қарауға болмайды. Ол елдің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сынайлы. Әрине, ол өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Бұл тәрбиенің жемісі екен әрине, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші, ал орта білім мен жоғары білім алушылар үшін – ұстаздар қауымы деп айта алар едім.

Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу – тұлғаның патриоттық сана – сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әрі ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана – сезімі оянған,

рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, прасаты, ар – ождан мол, еңбекқор, іскер бойындағы игі қасиеттері бар, адамды тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, оқушылармен осы жоғарыда баяндалғандай, патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2006 жылғы 10 қазан №200 // Қызылжар нұры, 2006, 24 қараша.

2 Әдеби әлем. Қазақстандағы алғашқы әдебиет порталы.

3 Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі – 2005, №9, 7 – 9 б.

4 Патриоттық тәрбие және Б.Момышұлы//Қазақстан мектебі – 2005, №8-72-73 б.

5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2005.\55

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН АТАУЛАР

КУАНДЫКОВА А.

оқушы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

Тіл біліміндегі кросс-мәдени зерттеулерді лингвистер көп жағдайда жаһандану құбылысымен, яғни экстралингвистикалық факторлармен байланыстырады. Қазіргі уақыттағы үздіксіз даму үдерісіндегі ағылшын тілінің рөлі мен мәдениаралық қарым-қатынастың кез-келген тілдің сөздік қорына әсер етпей қоймағыны белгілі. Мәселен, Л. П. Гикалдың «Квазиинтернациональная лексика как явление межъязыковой асимметрии: на материале русского, английского и немецкого языков» диссертациялық еңбегінде БАҚ құралдарындағы мысал негізінде неміс және орыс тіліндегі ағылшын тілінен енген интернационалды сөздердің семантикалық өзгерістерін,

сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюін, сөз мағынасының толық өзгеру үдерістерін зерттеп, талданған кірме сөздердің ішінде сөз мағынасының кеңеюі жиі кездесетіндігін дәлелдейді [1].

Бүгінгі уақытта бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар саны күрт өсті. Бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамада және жалпы тілдік қатынаста осы типтегі бірліктерді пайдалану өте жиілеп барады. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Ондай сөздер тіл білімінде гибрид сөздер деп аталады. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді «будан» деген баламамен атап жүр.

Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс.

Г. Н. Алиева будан аталымдарды сөзаралық бірігу нәтижесі деп санайды. Оның айтуынша, «бір сөздің аяғына басқа сөздің басы қойылады. Осылайша, өз мағынасына екі біріктіруші сөздің семантикасын біріктіретін, өз негізіне біріккен сөздер негізін қосатын ерекше түрдегі күрделі сөз пайда болады» [2]. Әдетте, құрамдастардың бірінің басым мәні қалған элементтердің семантикасы есебінен, сондай-ақ жұрнақтар үстейтін (егер ол бар болса) мағыналық реңктің есебінен күшейеді.

Қазақ тіл білімінде профессор Б. Момынова: «Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар:

а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы;

ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы;

б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы;

в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы;

г) жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі», – дейді [3].

Будан аталымдар тілге ағылшын тілі арқылы кіргенін байқауымызға болады. Себебі ағылшын тілі көптеген тілдер үшін донор-тіл болғандықтан, ағылшын сөздік қорының элементтерінен жасалған кірме атауларға ерекше мән беріледі.

Тілде бар лексикалық құралдар мен сөзжасам механизмдері адамға олардың ой-пікірін қанағаттандыратын жаңа лексикалық бірліктерді құру үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Көптеген тілдерде, соның ішінде ағылшын тілінде туынды сөздер сөздік құрамының көп бөлігін құрайтыны кездейсоқ емес. Қазақ тілі үшін жасырын қауіп қазақ синтаксисінің негізін бұзатын грамматикалық құрылымдарды калькалау болып табылады. Мысалы, интернет-класс, интернет-төлем, интернет-баспасөз; арт-сахна, арт-тусовка; веб-шолушы, веб-өкілдік, веб-құрылғы. Аталмыш сөзжасамдық модельдер ағылшын құрылымдарының калькасы болып саналады.

Будан лексемалар жалпы қолданылатын лексикада жиі кездеседі: Хай-тек нарық және hi-tech нарығы; *Spat-тарату және спат-тарату; Ноу-хау жаңалық және know-how жаңалықтар; веб-бет және web-бет; Спа-индустрия және spa-индустрия; Арт-директор және art-менеджер*; Интернет-жарнама және Internet-провайдер.

«... кез-келген тілдің сөздік құрамы үнемі жаңарып толығып, жаңаланып отырады. Елімізде соңғы жылдары жүріп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да салалардағы өзгерістер, Қазақстанның дүние жүзілік қоғамдық әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне кіруі, сонымен қатар елімізде жүріп жатқан «Үш тілдік тұғыр» саясаты тілімізге де өзгерістердің, соның ішінде ағылшын тілінен енген кірме сөздердің пайда болуы арқылы толығына әкелді» [4].

Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар:

- а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы;
- ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы;
- б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы;

Тілші-ғалымдар ағылшын тілінің сөз қабылдаушы реципиент тілге әсері, олардың таралуы мен көлемінің өсуіне алаңдайды. Аландаудың себебі – кез келген ұлт үшін туған тілдің тазалығы, тілдің сақталуы, ұлт пен ұлыстың тілі ретінде әрі қарай өмір сүруі, өміршеңдігін жоғалтуы қауіпті күшеюі. Соған орай бұл проблемаға еріксіз көңіл бөлінеді.

Ал екінші себебі ағылшын тілінен енген сөздер халықаралық (интернационал) сөздер мәртебесімен кең таралған сөздер. Оның ішінде ағылшын тілінен енген/енетін кірме сөздердің көбі кәсіби лексиканы байытатын салалық сөздер болып келеді. Салалық терминдер ғылым салаларымен байланысты, ал ғылымда шекара жоқ деген қағида қалыптасқан.

Ағылшын тілі сөздерінің көп болуы мен тез таралуының ең басты себебі: жаңа (супер жаңа) ғылым салаларының осы тілді тұтынатын елдерде (көбінесе АҚШ-та, тіпті техника салалары мен жаратылыстану ғылымдарынан өзге лингвистикада да американдық фундаментализм кең таралған) пайда болуымен; осы ғылым салаларына байланысты жиындардағы жұмыс тілінің ағылшын тілі болуымен түсіндіріледі. Осылайша өзге елдердегі белгілі бір сала терминдері біртіндеп гибрид-терминдермен, гибрид сөздермен толығына беріледі.

Лингвистикалық дереккөздерде гибридтік түсінігіне біршама анықтамалар беріледі. О. С. Ахманованың редакциясымен шыққан «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» «1. Скрещенный, смешанный. 2. Составленный из генетически разнородных элементов. Гибридное слово. То же, что гибрид». Алайда «гибридизация» тілдік деңгейде «тілдерді будандастыру» деп түсіндіріледі» [5, 98 б.].

Төлтілдік элементтердің кірме элементтермен синтезделуі мәселелері орыс тіл білімінде Н. С. Авилова, В. В. Акуленко, Е. А. Василевская, В. В. Виноградов, В. П. Григорьев, В. П. Даниленко, Е. А. Земская, В. Г. Костомаров, В. В. Лопатин, Д. С. Лотте, Ф. А. Никитина, Г. С. Онуфриенко, З. М. Осипенко, Ю. В. Откупщиков, Т. И. Панько, И. Ф. Протченко, К. Л. Ряшенцев, И. С. Улуханов, М. Фэгараша, И. Хермс, Н. М. Шанский және т.б. қарастырылды.

Шетелдік кірме элементтер отандық тіл білімінде Р. Сыздық, Б. Момынова, А. Т. Исламова, Н. Алдашев, А. Исламова, Ә. М. Қызырова еңбектерінде зерттелген.

Тілді жана бөгде тілдік бірліктермен толықтырумен байланысты сөз тудырудың белсенді процестері қоғам өміріндегі терең

әлеуметтік-саяси және экономикалық трансформацияларды ғана емес, сонымен қатар тілдің лексикалық жүйесіндегі, оның деривациялық әлеуетіндегі, вербалды бірліктердің прагматикалық ойларындағы өзгерістерді де көрсетеді.

Демек, бұдан аталымдар тілдік қорымызды көбейтетін шетелдік кірме сөздер қатарынан орын алады. Бұл сөздер - халықаралық қатынастарда жиі қолданылатын, ғылым мен техникадағы креативті және трендтік, басым бағыттарды нақты әрі тура бегілейтін, сонымен қатар тілдегі бірліктерді ықшамдаудың талаптарына жауап беретін, сол ықшамдауды жүзеге асыруға қолайлы сөздер.

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар тілімізде көп емес еді. Бұрын радиохабар, телехабар деген сияқты аралас құрамды сөздер аз ұшырасатын болса, бүгінгі уақытта олардың саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Бұдан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс. Мұндай жұмыстарды атқарып, тиісті талдау жасау үшін алдымен оларды түрлі салалардан жинақтап, жүйелеп алу қажет. Ғылым салаларында да бұдан атаулар саны артып келеді. Оларды да сала-сала бойынша жинап, терминжасамдағы үлесін, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек.

Ғылыми әдебиеттерде кірме сөздердің игерілуінің кезеңдерін бөліп қарастыру үрдісі бар, мәселен, ғалым Л. П. Крысин кірме сөздердің қабылдаушы тілде игерілуінің бес кезеңін көрсетеді:

а) біріншісі, бастапқы кезеңде кірме сөз мәтінде өзінің түпнұсқа тіліндегі офрографиялық, грамматикалық нұсқасымен транслитерацияға, транскрипцияға ұшырамай қолданылады;

ә) екінші кезеңде, транслитерацияға немесе транскрипцияға ұшырайды, белгілі бір сөз табына жатады, әрі мәтінде түсініктемесіз, тырнақшаға алынып қолданылады;

б) үшінші кезеңде қабылдаушы тіл өкілі шетел сөздердің жат екендігін сезінбейді, кірме сөздер басқа тілдік бірліктермен тең дәрежеде қолданылады, бірақ кірме сөздерді қолдану барысында әлеуметтік, жанрлық стилдік, жағдаяттық ерекшеліктер сақталады;

в) төртінші кезеңде кірме сөз жанрлық стилдік, әлеуметтік және жағдаяттық ерекшеліктерін жоғалтады, яғни қолдану жағынан да, мағыналық жағынан жақын кірме сөз бен төл сөздердің арасындағы семантикалық дифференциацияны талап етеді, бұл кезеңде шетел

сөздердің қабылдаушы тілде игерілуінің негізгі белгілерінің бірі болып табылады;

г) бесінші кезеңде шетел сөздер қабылдаушы тілдің түсіндірме сөздіктерде тіркелуі жатады. «Кірме сөздердің сөздіктерде тіркелуі фактісі ол сөздің қабылдаушы тілдің лексика-семантикалық жүйесіне жататындығының белгісі», дейді Л. П. Крысин [6, 142 б.].

Ғылымда шетел сөздерінің фонетикалық және лексика-грамматикалық бейімделуінің арасындағы айырмашылықты нақтылаудың көптеген тәсілдері мен жолдары бар. Соның ішінде, ғалым В. М. Аристова, тілдегі шетел сөздері дамуының үш кезеңін болжайды: ену кезеңі, кірмелену кезеңі, қалыптасу кезеңі. Әрбір кезеңнің өзіне тән белгілеріне тоқталайық.

Ену кезеңінің белгілері (*игерілмеген шетел сөздері*):

– Кірме сөздің сыртқы тұлғасының түпнұсқа тілімен байланыстың тікелей көрінуі (мәтіндерде шеттілдік белгілерінің қалуы, формалды дублеттердің қалыптасуы, грамматикалық және сөз тудыру деңгейіндегі ауытқушылықтар орын алады);

– Семантикалық біртектілік, көптеген жағдайда шетел сөз ену кезеңінде «бөтен» реалийді білдіреді немесе бөтен ұғымды жеткізеді;

– Белгілі бір контекстерде қолданылуы;

– Туынды құрылымдардың болмауы.

Кірмелену кезеңінің белгілері (*жартылай игерілген кірме сөздер*):

– Сөздің түпнұсқа тілімен ішкі байланысы;

– Кірме сөз формасының грамматикалық және сөз тудыру деңгейінде тұрақтануы;

– Кірме сөздің «бөтен» реалийлермен бірге «өзіндік» реалийлерді де белгілеуге қолдану: сөздің семантикалық көлемін шет тілінің көп мағыналы этимонының «семантикалық индукциясының» көмегімен толығымен;

– Сөздің жиі қолданыла басталуы;

– Сөз тудыру белсенділігінің артуы.

Қалыптасу кезеңінің белгілері (*толығымен игерілген кірме сөздер*):

– Сөздің түпнұсқа тілінен бөлінуі;

– Толық семантикалық дербестікке ие болу және осы сөздің лексика-семантикалық макрожүйесінің қалыптасуы (коннотативті семалардың дамуы, фразеология және т.б.);

– Кірме сөз қабылдаушы тілдің тілдік элементтерімен арақатынасы, бұл белгіде төл сөздегі мағыналар нақтыланады;

– Кірме сөздің кеңінен қолданылуы;

– Сөз тудыру белсенділігі, яғни жаңа лексемалардың қалыптасуы [7].

Будан аталымдардың енудің бастапқы кезеңінде сөздіктерде тіркелмейді, бірақ жалпы тілдік және жеке шетел сөздер газеттер мен журналдарда, БАҚ-тарда қолданыла бастайды, олардың мағынасын автор қосымша түсініктемемен беріп отырады. Уақыт өте келе олар арнайы түсініктемесіз қолданылады – бұл олардың тілге енуінің алғашқы белгісі, яғни ену кезеңінің бірінші сатысының басталуы болып табылады. Жаңа шетел сөздерін сөздікке тіркеу олардың тілге енуінің алғашқы кезеңін нақтылап аяқтайды.

Тілге шетел сөздердің енуінің екінші сатысында – тар шеңберлі, арнайы салаларда қолданылатын кірме сөздер тілдегі белгілі бір ұғымға сәйкес келетін бір мағынасымен қолданылады. Баламасыз шетел сөздер мәтінге жаңа ұғымды білдіру үшін енгізіледі.

Қоғам өмірінің түрлі саласындағы жаңа шетел сөздерінің кеңінен қолданылуы олардың жоғарғы жылдамдығы мен қайталануының нәтижесінде қабылдаушы тілге енуінің үшінші кезеңінде жүзеге асады.

Зерттеуші, Ә. Қызырованың еңбегінде семантикалық бейімделудің бес өлшемін көрсетеді [8, 35 б.]:

– Кірме сөздің екінші тілдің мағыналық құрылымын өзгертіп, жаңа мағыналарды қосу арқылы семантикалық құрылымының жаңаруы;

– Кірме сөздердің қабылдаушы тілде қызмет ететін терімдерге кіруі;

– Шетел сөздерінің қабылдаушы тілдің лексикалық, семантикалық жүйесінде жүзеге асырылатын парадигматикалық байланыстарға қосылуы және қатынастарға кіруі;

– Шетел сөздерінің қабылдаушы тілдегі қызмет ететін, әдеби тілден өзге, тілдік тұлғаларда еркін қолданылуы;

– Шетел сөздерінің қоғамдық маңызды салаларда қолданылуы.

Демек, қазақ тіліндегі будан аталымдардың бір компоненті болып табылатын шетел сөздер тілдік жүйеге енуде жоғарыда көрсетілген кезеңдерден, шетел сөздер қазақ тілінің тілдік жүйесінің барлық деңгейінде бейімделуі шарт. Сонымен қатар шетел сөздердің пайда болуына ықпал ететін жағдайлардың бірі – тілдік қатынас. Соның нәтижесінде, қазіргі БАҚ құралдарында, баспасөз,

ғаламторда және күнделікті қолданыстағы сөздер де жиі кездесетін шетел сөздер дәлел бола алады.

Тілден тілге тілдік қатынас негізінде кірме сөздер тікелей немесе жанама түрде енеді. Тікелей: түпнұсқа тіл – қабылдаушы тіл, жанама: түпнұсқа тіл – дәнекер тіл – қабылдаушы тіл.

Бірінші тәсіл бойынша белгілі бір сөздер бір тілден екінші тілге тікелей енеді де, екінші тәсіл бойынша кейбір сөздер бір тілден екінші тілше тікелей емес, басқа бір тіл арқылы енеді. Ал кейбір шетел сөздер бір уақытта бірнеше тілдерге еніп, дәнекер тілдер арқылы қазақ тіліне енеді.

Будан аталымдар төмендегідей функционалдық-деривациялық модельдер негізінде пайда болады:

1) кірме тілдік негіз + төлтілдік жұрнақ;

2) префикс + түбір/негіз;

3) кірме тілдік негіз + төлтілдік сөз;

4) аббревиатура + төлтілдік негіз.

Сөзжасам үлгілерінің әрқайсысының құрылымдық компоненттердің нұсқалары бар, олар тілдегі интернационалдық элементтердің бейімделуінің толық көрінісін ашады және жаңа аталымдардың пайда болу процесін көрсетеді.

Кірме сөздер мен төл тілдік элементтердің араласуынан құрамы (композицияның бірі) ағылшын – орыс тілі элементтерінен, ағылшын – орыс – қазақ тілі немесе ағылшын – қазақ тілі элементтерінен құралған гибрид сөздер дүниеге келді. Шеттен сөз қабылдаудың осы қыры қазіргі Қазақстанда үштілділікпен байланысты өткірілене түсуде.

Жаңа тілдік қабатты белсенді кеңейту аталымдардың жаңа жүйелерін модельдеу үшін қажетті әртүрлі тетіктерді пайдалануды көздейді. Тілде жаңа тілдік қолданыстардың пайда болуының бірден бір жолы – сөзжасам тәсілдері.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің өзгеруі, жаңа сөзжасам үлгілерінің қалыптасуы, олардың өнімділігінің артуы немесе азаюы және сөзжасам процестерінің көптеген басқа да факторлары бүгінгі таңда ең маңызды тілдік процестердің бірі болып табылатын кірме сөздердің енуі процесінің белсендірілуіне алып келеді.

Будан аталымдардың ең айқын түрлері Интернет және медиакөрсеткіште байқалады. Оларда қазақ тілінің заңдылықтары аз сақталып, мәтінді неғұрлым қысқарту үшін тілдік кодтардың ауыстырылуы жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гикал Л. П. Квазиинтернациональная лексика как явление межъязыковой асимметрии: на материале русского, английского и немецкого языков. Дисс. канд. фил. н. – Краснодар, 2005. – 200 с.
- 2 Алиева Г. Н. Оказиональные неологизмы последнего десятилетия / Г.Н. Алиева // Русская речь. 2006. – №3 – с.79-80.
- 3 Момынова Б. Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері // <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>
- 4 Қожахметова Г. А. Қазіргі қазақ тіліне шетелдік лексиканың кіру жолдары. Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». № 3 (59)/2010
- 5 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов / О.С. Ахманова. – 2-е изд., стер. – М : УРСС : Едиториал УРСС, 2004. – 571 с.
- 6 Крысин Л. П. Язык в современном обществе : Книга для учащихся.- М.: ООО ТИД «Русское слово – РС», 2008. – 208 с. (Кладезь знаний). ISBN 978-5-9932-0070-5
- 7 Аристова В. М. Англо-русские языковые контакты (англизмы в русском языке) / В. М. Аристова. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1978. // <http://elib.pstu.ru/vufind/Record/RUPSTUbooks108901>
- 8 Қызырова Ә. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. Фил.ғыл.канд. дисс. – Алматы, 2007. – 160 б.

ТІЛ МАРЖАНЫ – ШЕШЕНДІК ӨНЕР

ҚАБДУЛЛА Н.

5 сынып оқушысы, Жылыбұлақ НББМі,
Павлодар обл., Шарбақты ауд., Жылыбұлақ а.

МАНАСПАЕВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жылыбұлақ НББМ,
Павлодар обл., Шарбақты ауд., Жылыбұлақ а.

Қазақтың шешендік өнері әлі де зерттеліп болмаған өнер түрі. Дегенмен біз бүгін осы күнге дейінгі зерттеулер мен шешендік өнерге байланысты туындаған наным-сенім үлгілерімен, таңба мен ымдаудың шешендік өнерде алатын өзіндік орны жайлы мәліметтердің куәсі боламыз. Сөздің шын мәнінде күш иесі екенін дәлелдейміз. Сөздің өзіндік бояуы бар, тәтті дәмі бар, тіпті адам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар десек, ал оның күші

дауыс арқылы беріледі. Жауыннан сасқандар, сескенгендер ол күшті дұрыстап шығара да алмайды, дірілдеп, жарқыншақталып шыққан дауысыңнан сенін кім екенінді таниды. Дауыс үнділігі – сенін әр қилы әр қырлы екенінді танытатын басты құрал. Онымен шешендер ғана, билер ғана, дипломаттар ғана қаруланады. Сөзбен қаймықтыру, сөзден жаңылстыру, жауларын сөз тындарылық жағдайға түсіру мықты өнер! Ол қару жарақтан да күшті! Суырылған қылышты қынабына қайта тықтыру қарсыланды қаһарлы сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілткенің!

Қазыбек бидің Қонтәжіге айтқан сөзі аса байсалдықпен айтылады, әр сөздің үні сазды шығады, асып сасу деген онда жоқ. Бұл байсалдықпен қоңыр үнділікпен шыққан дауысыңнан жауың сенін ішкі жан дүниенді біліп отырады. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшағы да ұғынылады. Қазыбек сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірақ өзі ықшам, белі бекем буылған өлсерге баруға бел байлаған серттен ауытқу деген сезілмейді, қарсыласын ойынан жаңылыстырып, құмықтырып тастайды!

Қазыбектің Қонтәжіге айтқан сөзі шапшаңдықпен айтылады. Бұл тағы да Қонтәжіні қожырата түседі, шапшаң сөйлеу тапқырлыққа байланысты, ұшқыр ойға құрылған тапқырлық кез келген тыңдаушысын ұйытып тастайды. Ал, сөзге ұйып қалу жеңілу белгісі. Бұл тілдің, қазақ сөзінің магиялық күші деуге болады.

Қазыбектің баяндауында зәулім ойлылық бар, қол жетпес асқар таудың қаһарлы шыңдары көрінеді, терең сезімі бар, онда халық күші қазандай қайнайды. Шешеннің сөзінде қара дауыл қаптап келе жатқандай, дауылдың арты нөсер жаңбырға айналар, одан суық ызғар сезіледі, бәрі-бәрі жинала келе, халық күші тасқынға айналар, ол тасқын жолындағы барлық тастарды домалатып әкетер, қазақ жеріне жиналып қалған өктем күшті жуып-шаяр, тазарар, ақталар, содан әрі бусанған жер қайта гүлденер, жасарар, жаңа хош иісі аңқыр, өрісі кеңір, кең даласында еркін көшіп-қонар, қауіп-қатерді ұмытар, халық сонда бір еркін дем алар! Осы ойлар есінде отырған Қазыбек сөзінде: «Байлаулы малдай шешілді, төрт аяғы көсілді, әбіре сымдай есілді» - Қобыланды жырындағы Тайбурыл шабысына ұқсас сөйлейді. Сөз бостандығы деген – осы! Ойына алған арманын ақтаруға еркіндік берілгесін және жауының алдында қымсынбай, «Сен – қабылан да, мен – арыстан, алысқалы келгенмін... деп ойын іркілмей баяндайды. Бұл – зор тағылым!

Шешендік өнер – қадірлі өнер. «Өнер алды – қызыл тіл» – деп қазақ бекер айтпаған. Тарихқа көз жүгіртсек, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасшылары, мәмлелерлері, ғалымдары, би-шешендері болғанын байқаймыз. Әр қоғамның өзіне лайықты қарым-қатынасы қалыптасатыны сияқты ойлау, сөйлеу мәдениеті озық ойлы шебер тілді адамдары да болғаны алайда шешендік өнер біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрын шығып қалыптасқан.

Шешендік өнер – «риторика» деген ғылыми аталымымен ертеден белгілі. Риторика ғылымының негізін салушы софист – Протогор деп есептеледі. Риторика – сендіре білу, яғни тыңдаушының санасына, сеніміне, еркіне әсер ету, ықпал жасау дегенді білдіреді екен. Ертедегі Греция, Рим және Европа елдерінде ерекше мәдениеттің негізі ретінде жеке пән ретінде оқытылып та келген. Ақсүйек отбасыларының тәрбиелік құралы ретінде саналған. Ғылымда арнаулы теориялық оқулық болмағанмен шешендік өнер әр халықтың өзіндік табиғатын танытатын ерекше өнердің бір түрі. Халықтың қараңғы түсінігінде өнер киелі нәрсе, құдайдан беріледі. Дегенмен «өнерді үйрен де жирен» деген мақалаға сүйенсек кейінгі пайымдаулар, зерттеулер көрсем сөздің ең биік түрі ретінде шешендік өнерге баулудың жолдарын қарастырған.

Шешен, бейнелі сөйлеу бар да, көркем бейнелі жазу бар. Поэзия тілі, проза тілі болсын, поэтикалық образдарды тіл арқылы жеткізеді. Поэтикалық образ жасаушылар ақын жазушылар. Ал қазіргі кезде мәдениеттің даму тұрғысында шешен сөйлеуге әркім міндетті. Шешендік өнер тіл мәдениетінің бір саласы. Сонымен қатар жазба тілдің яғни публицистиканың ең биік деңгейдегі түрі. Сондықтан шешендік өнердің басты мақсаты ойды қоғамға қажетті көкейтесті мәселе төңірегінде халықтың көкейінен шығатындай етіп әсерлі жеткізе, сөйлей білуге үйрету. Ал бұл мақсатқа жету үшін алдымен, сөз байлығы, тіл байлығы қажет. Дарын туған жандар өз сөзіне көптеген халық мақалдарын қиыстырып пайдалана білген. Өздерінің сөздерінен де даналық нақыл сөздер туып жатқан..

«Қаһарлы сөз қамал бұзар», «Олақтың сөзі орынсыз жамау тәрізді», «Оттың шаласы жаман, сөздің аласы жаман», «Сөздің қысқа болсын, қолың ұста болсын», Жақсы сөйлесе аузынан гүл төгілер, жаман сөйлесе аузынан жын төгілер», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле» т.б.

Шешендік өнердің басты қасиеті – тапқырлық, шапшаңдық, тез жауап берушілік. Ойлау тездігінің, тапқырлықтың алуан түрлерін

Тазша баладан, Қарашаштан кездестіреміз, аты жоқ тапқырлар одан да көп. «Ақыл деген немене, асыл деген немене, жанат деген немене, санат деген немене?» деген қарттың сауалына зерделі бала: «Ақыл жастан, асыл тастан» дейді де: «Жылы болса, қой терің – жанат емей немене, зерделі болсаң жасында – санат емей немене?» деп жауап береді.

Тұспал, мегзеу, бернелеу, символдау, басқаны айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айту, жұмбақтап айту тапқырлық пен ойлылықтың басты шарты. Мұндай тұспалдаулар Сырым жайлы шешендік сөздерде көптеп кездеседі.

«Зерделі бала мен қария» әңгімесінде Зерделі бала: – Ата, екуіңмен қалайсың, алысыңмен қалайсың, жақыныңмен қалайсың? – деп сұрақ қойғанда қария: «Екеуім үшеу болды, алысыммен амандасып айрылыстым, жақыныммен күнде найзаласамын» деген екен. Зерделі бала бұған түсінсе де, қасындағылар түсінбей қалады. «Екеуім үшеу болды дегені – төсегі мен таяғы, алысыммен амандасып айрылыстым дегені – көз көруім жоғалды, жақыныммен күнде найзаласам дегені – аузында қалған 3–4 тісі екен, енді жасындағы несиен дегені – қартайғанда несібең дегені, бала шағаның асырауы дегені» – деп ажыратады. Бұл тұнып тұрған тұспалға құрылған мысал екенін аңғарамыз.

Шешендер мен билер педагогикасы деген қазақ ұғымында жоқ, болуы да мүмкін емес. Шешендер мен билер өнегесі деген болды, олар қазақ тілінің сөйлеу мен ойлау қабілеттерінің ең биік шыңы болды. Олардың аузына бар халық қарады, тағылым алды. Олар үлгілі сөздер айтып, жөн жосық жасады.

Шешендер мен билер арасынан айырма табуға да, таппауға да болады. Билерді заманына қарай халық даналығы екшеп, өмірге әкеледі. Билер көбіне халық сөзін сөйледі, реті келгенде, бүкіл халықтың атынан сөйледі.

Қорытындылай келе, шешендік өнер тіл мәдениетінің бір саласы. Сонымен қатар жазба тілдің яғни публицистиканың ең биік деңгейдегі түрі. Сондықтан шешендік өнердің басты мақсаты ойды қоғамға қажетті көкейтесті мәселе төңірегінде халықтың көкейінен шығатындай етіп әсерлі жеткізе, сөйлей білуге үйрете білу. Ал бұл мақсатқа жету үшін алдымен, сөз байлығы, тіл байлығы қажет.

Адам өмір бойы ізденіп, өмір бойы үйреніп өтуі қажет. Шешендік өнердің табиғатын осыдан 200-300 жыл бұрын әрбір қазақ түсінген. Ал қазір сөздің қадірін түсінбеушілік басым. Шешендік сөздер арқылы қазақ халқына тән ұлттық болмысты, қайырымдылық пен иман жүзділікті аңғара білуге тырысу керек.

Қазақтың шешендік өнерін тәрбиенің басты құралы ретінде салт санамызда сақтап қалу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Білім, 2019. – 216 б.
- 2 Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 216 б.
- 3 Бектұров Ш. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2006. – 336 б.
- 4 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. Алматы: Жазушы, 1989. – 192 б.

Ш. УӘЛИХАНОВ – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЖИНАҚТАУШЫ

МУРАТОВА Р.

9 сынып оқушысы, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

РАХМЕТОВА Л. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

XIX ғасырда қазақ фольклортануы ғылымның жеке саласы ретінде қалыптаса бастады. Бұл процесс сол кездегі қоғамның саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, экономикалық жағдайының ауқымында өтіп, ғылым мен әдебиеттің дамуына өз әсерін тигізді. Бастапқыда фольклор тек дерек көзі ретінде жиналса, соңынан кең түрде, академиялық т.б. сипатта да жинала бастады. Үлкен жетістіктің бірі – мәтінді қалай жинау керектігі хақында ғылыми бағдарлама жарияланғаны деп айтуға болады. Демек XIX ғасырда фольклорды жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарының негізін қалаған Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин тәрізді ғалымдардың игі істері, өз кезегінде XX ғасырда жалғасын тапты.

Ш. Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-әңгімелердің қалың ортасында жүреді. Мұның өзі баланың ойына берік орнап қалғаны мәлім. Қазақ Халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен [1, 12 б].

Ғалымның ой-өрісінің кенеюіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер, өнерін естіп, ғибрат алуы зор әсереткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г. Н. Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш. Уәлихановты өз Халқының жазушысы болуға жаралған адам еді деп сипаттауында үлкен мағына бар. Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті

шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тындаған.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми ізденістерінің алғашқы қадамы оның ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алуынан басталады. Болашақ ғалымның мұндай іске ден қоюына өз әкесінің де ықпалы аз болмаған. Шыңғыс Уәлиханов сауатты, білімді адамдардың бірі болғаны белгілі. Оның аулына қызмет бабымен келуші орыс адамдарының ішінде қазақ Халқының тұрмыс-салтын, фольклорын іздеушілер де бар еді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының кейбір нұсқаларын жазып алуының өзі Шоқанның аса көрнекті жинаушылық жұмысының бастамасы еді. Ол бұл нұсқаны өзінің оқытушысы Н. Ф. Костылецкийдің тапсыруы бойынша жазып алған. Кейіннен осы нұсқаны Костылецкий И. Н. Березинге жіберген.

Жыр алғаш рет 1841 жылы Хатқа түсірілген. Осы нұсқаның бір атап айтарлық ерекшелігі – оқиғалық, тілдік кестесінде көне дәуірге тән белгілердің молдығы. Мұнда жырдың өзге нұсқаларында кездеспейтін кейіпкерлер, қиял-ғажайып көріністер бар. Эпостың бастапқы жолдарынан-ақ кейбір ескі тіркестерді көруге болады.

Сол екі байдың жайлауы төмен еміш,

Киік атып, аң етін жеген еміш,

Екі байды сұрасаң азаматым,

Қарабай мен Сарыбай деген еміш

Мұндағы архаикалық белгілер Қозының алыс сапарға бел байлап, ат таңдағанда мінген тайының лезде құнанға да, дөнеге де, бестіге де «айналуынан», жолда дүниедегің бәрін біліп отыратын мыстан кемпірдің кездесуінен, астындағы атының Қозыға Баянды көр деп «кеңес» беруінен, Қозының Баянға Хабар айтуда бозторғайды «жұмсауынан» шоктеректің түбінде Қозының он төрт күндік ұйқыға берілуінен, өлген Қозыны Баянның әулиелерге жалбарынып «тірілтіп» алуынан байқалады. Осы сияқты және басқа қасиеттері Шоқанның қатысуымен жазып алынған жыр вариантының ғылым үшін қаншалық қымбат екенін дәлелдейді. Шоқан жазып алған «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» басқа бір нұсқасы да өзіндік өзгешеліктерімен дараланады. Мұның алғашқы жолы жыр оқиғасының Қазақстанның басқа бір өңірінде өтетінінен Хабар береді.

Жоғарыдан көрінген сары ноғай,

Еділ суға таласқан мұ не тоғай?

«Қозы Көрпеш» дегенің біраз өлең

Ептеп айтқан кісіге тым-ақ оңай.

Осы нұсқада Сарыбай мен Қарабай бір-біріне «Еділ – Жайық бойында жолдас болды» делінеді. Бірақ түптеп келгенде, эпостың елге варианттарындағыдай, оқиғаның өрістейтін, аяқталатын өңірі Аягөз маңы болады. Қалай дегенде де ғылым үшін бұл нұсқаның өзіндік бағалы орны бар. И. Н. Березиннің «Турецкая Хрестоматиясына» Шоқанның әкесі Шыңғыс Обағаннан М. В. Ладыженскийге жіберген осы варианттың енуі де атап өтерлік [2, 12 б].

Ш. Уәлиханов үлкен жырлардан «Ер Көкшені» де жазып алғаны белгілі. Ғалымның қолжазбаларының ішінде «Едіге» жырының да нұсқасы сақталып келеді. Бұл эпикалық аңыздау орыс ориенталистерінің назарына ілініп, революциядан бұрын-ақ баспа жүзін көрген. Шоқан жазып алған «Едіг»⁴ нұсқасы осы эпостың барлық варианттарының ішіндегі ең толығы әрі классикалық нұсқасы болып есептеледі.

Шоқан хатқа түсірген ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы тарихи өлеңдер, жоқтаулар, айтыс сөздер. Солардың ішінде Бұқар жыраудың Абылайға арнаған өлеңдері «Абылай туралы жыр», «Қара батырдың толғауы», «Орақтың толғауы» баспа жүзін көрген. Осы топтағы шығармалардың көрнектісі – «Абылай туралы жыр». Мұнда Абылайдың қырғыз манаптарына қарсы жорығының тарихы сөз болады. Жырда Абылай қырғыз әкімдеріне қазақ елінің кеткен кегі үшін («қара найман шабылды, соның ішінде қоңыраттың жаман шабылды») атанған болады. Одан бұрын Абылай қырғыздың батырлары Есенғұл мен ер Садырға кісі жіберіп, арадағы таласты бейбітшілік жолымен бітірейік деп мәмілеге шақырады:

Есенғұл мен ер Садыр
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.

Бар Садырға, бара гөр.

Жауласпаймын Садырмен,

Елдесейін Садырмен,

Таластың бойы тар жайлау

Таласа барып жайлайық.

Кеңестің бойы кең жайлау

Кеңесе барып жайлайық,

Казы менен қартаны

Қия кесіп шайнайық.

Бірақ қырғыз батырлары бұл ұсынысқа көнбейді. Абылайға қарата қаһарлы сөздер айтады:

Абылай деген кәрі құл

Арағын ішіп есірді...

Боз баламды құл қылды,
Оныменен тынбады,
Енді маған қарап қылғынды.
Қан қылмай шешсің киімді
Бөлек - бөлек етермін,
Бөздей жыртып өтермін,
Дулығасын киермін.
Еңсесіне мінермін,
Кеудесіне сиермін,
Елімді шапқан сол құлдың
Сүйегінің үстіне
Мұнара қылып үйермін.

Бұл жырда, сөз жоқ, тарихқа белгілі Абылай жорығының кейбір шындық елестері, соғыстың себептері мен келіссөздердің барысы, ұрыс суреттері аңғарылады. Абылайдың аттанысын сипаттайтын тұс эпикалық жыр үлгісінде берілген [3, 23 б].

Тағы бір мезгіл болғанда
Сүмбіле туды жиылтып,
Ат семірді құнтып,
Жүз қойға алған құлаша ат
Жүректей болып семірді,
Жыландай болып жарады...
Көк бөрідей желді хан,
Ителгідей ілді хан,
Тұрымтайдай қонды хан

Абылайдың ашуға мінген шағын «қаздай болып қаңқылдап, бурадайын бұрқылдап, сай суындай сарқылдап, жай тасындай жарқылдап» деп суреттейді. Абылайдың жасағында қазақтың көп руларының адамдары қатысқаны көрінеді. Әсіресе қоңырат мергендері көп қайрат жұмсады делінеді.

Қоңыраттың көп мерген
Күйінді болған сол байғұс,
Ірме қара мылтықты,
Тізеге ала отырды.
Ұзын бір оққа толтырды,
Оқшантайын қағысты,
Басып бір, басып қалысты...

XIX ғасырда қазақ даласында фольклорлық шығармалар тікелей, экспедициялық, тұрғылықты тәсілдер арқылы жиналғаны мәлім. Осы орайда мәдени мұраны ел арасынан басқа да тәсілдермен қатар

тікелей тәсіл арқылы жинаудағы мақсат— жоғалып бара жатқан қазақтың ең бай мұрасы, халық шығармаларын қағазға тездетіп түсіру болғанын ескерген жөн. Бұл тәсілдің өз артықшылықтары, өз кемшіліктері бар. Кемшілігі не десек, біріншіден, тікелей жинау тәсілі кезінде экспедициялық тәсіл кезіндегідей фольклорды әрі кең, әрі көп мөлшерде жинау мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, тұрғылықты тәсілге қарағанда, бір елді-мекендегі барлық фольклорлық жанрлардың бірін қалдырмай, асықпай, бәрін толық қамту жағы төмен.

Ал, артықшылығына келсек: біріншіден, фольклор өмір сүрген ортада жинаушы мәтінді қағаз бетіне түсіру ісіне өзі тікелей араласа отырып, орындаушыны да, елді-мекенді де өзі таңдайды. Жинау барысында туған түрлі кемшілік атаулыны сол жердің өзінде-ақ түзету мүмкіндігі бар. Ендеше нұсқаның ғылыми талапқа сай жиналуын толық қамтамасыз етеді [4, 15 б.].

Екіншіден, экспедиция жасақтау үшін қажетті уақыт мөлшері, қаражат көздері т.б. бұл тікелей тәсілі арқылы жинау жұмысына аз жұмсалады. Ал, мәтінді ауызба-ауыз түсіру мүмкіндігі жиналған үлгінің тіліне, көлеміне, көркемдік сипатына нұқсан келтірмейді.

Үшіншіден, ең бастысы, фольклорлық шығарма тікелей орындалу кезінде қағазға түсетіндіктен, мәтіннің сөзбе-сөз, өзгерусіз қағазға түсу мүмкіндігін артырады. Демек фольклортану ғылымының дәлділік талабы орындалады. Сондай-ақ мәтіннің паспортын толық түсіру мүмкіндігін де арттырады [5, 18 б.].

XIX ғасырда қазақ фольклорын жариялауда мынадай жетістіктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрлары жеке кітап болып басылды. Екіншіден кітаптың сыртқы мұқабасында араб әрпінде міндетті түрде тақырыбы, шығарушысы, бастырушысы, басылым көрген баспаханасы, қаласы, жылы т.с.с. көрсетіліп, отырды. Және де мәтіннің шыққан баспаханасының аты, қаласы, орыс тіліне аударылып басылды. Тіпті, кітаптың ішкі бетінде оның қай жылы, қай уақытты, кімнің тарапынан т.б. рұқсат етілгені де ескеріліп отырды. Үшіншіден, мәтін, әрі қазақ (араб) әрпінде жарияланып, әрі орыс тіліндегі аудармасы бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді:

а) зерттеушілік істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркологтары үшін бұл өте ұтымды болды;

ә) оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтінді орысша аудармасы арқылы тереңірек білуге мүмкіндік жасалды;

б) түркологтар үшін қазақ тілін нақтырақ зерттеу мүмкіндігін туғызды, тіпті қазақ сөзін қалай жазу, оны қалай түсіну ғана емес, қалай аударуға болатынын да байқау, тексеру керектігі пайда болды. Төртіншіден, екі тілде жарияланған фольклорлық мәтіндер, көбінесе не орыс тілін меңгерту үшін, не қазақ тілін т.с.с. зерттеу үшін дерек көзі ретінде қызмет етті. Бесіншіден, кейбір фольклорлық мәтіннің араб әрпіндегі түпнұсқасы, кириллица әрпіндегі фонетикалық транскрипциясы мен орыс тіліндегі аудармасы бірге берілді. Олардың әрі алғысөзі мен ғылыми түсініктемелері болуы т.б. басылымның ғылыми сипатын танытты. Ал, қалған басылымдар, көбінесе бұқаралық, ағартушылық т.б. қызмет атқарды. Алтыншыдан, жарияланған фольклорлық мәтіндер әрі кітап, әрі жинақ, әрі хрестоматия, әрі оқу құралы түрінде жарияланса да, негізінен, ғылыми, ағартушылық, бұқаралық, тілдік, этнографиялық, фольклористік т.с.с. мақсатты көздеді. Дегенмен, Қазан төңкерісіне дейінгі фольклорды жариялаудың кейбір талаптары: мәтіннің жазылынып алынуына қатысты паспорттық деректерді бірге беру; не жинақ, не хрестоматия ішінде мәтін мазмұны, алғысөзі мен ғылыми түсініктемелердің болуы т.б. көп жағдайда орындала бермеді.

XIX ғасырда бұқаралық сипатта жарияланған фольклорлық басылымдар, көбінесе жалпы халыққа арналды. Онда жұртты оқу-білімге шақыру, жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде қолдану мақсаты көзделді. Ал, педагогикалық сипатта жарияланған фольклор тәрбие, тәлім, ой дамыту, өмірді таныту, білу, тіл кестелігі т.б. тәрізді мақсатта қолданылды. Сондай-ақ педагогикалық сипаттағы басылымдарда фольклорды баланың жас ерекшелігін даму барысын ескеру, зерттеу мақсаттары қоса қамтылды.

Жалпы фольклорды зертеудегі мақалалар, кіріспелер, алғысөздер дегенде, зерттеу жұмысының сәтті жүргізілуі фольклортану ғылымына белгілі ғалымдардың келіп қосылуымен де байланысты. Сондай-ақ онда алдыңғы қатарлы фольклортанушы ғалымдардың тәжірибесіне сүйенудің де әсері болғаны белгілі [6, 38 б.].

XIX ғасырда фольклортану ғылымы халықтық мәдениеттің көтерілуіне, жалпы халықтық шығармашылықтың дамуына, түрлі зерттеу еңбектерінің көбеюіне, фольклортану ғылымын дамытуда белгілі ғалымдардың еңбектерінің сұрыпталуына, зерттеу жұмыстарын жаңа туған қоғамдық қатынастар негізінде қайта жазуға бағытталғаны мәлім. Мұның бәрі де түрлі қайшылық,

кедергілерді бастан кешірсе де, тұтастай алғанда, фольклорды зерттеу ғылымының да өзіндік дамуын негіздеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Валиханов Ч. Ч. Собр. соч (1 т.). – Алма – Ата, 1961. – С. 26.
- 2 Уәлиханов Ш. Таң. – Алматы, 1985. – Б. 16.
- 3 Уәлиханов Ш. “Бес томдық шығармалар жинағы” V том 154-160 бет.
- 4 Илмағанбетов Ә. Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, «Жазушы» 1980. – 416 б.
- 5 Ысқақов Б. Ұмытылмас есімдер. Алматы, «Қазақстан», 1994. – 224 б.
- 6 Бегалин С. Шоқан асулары. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1971.

«ЖУСАН ИІСІ» МЕН «ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ» ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІ

МАНЕНОВА А.

7 сынып оқушысы, А. Баймұлдин атындағы ЖОББМ,
Павлодар обл., Аққулы ауд.

ЖҰМАНОВА Ә. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, А. Баймұлдин атындағы ЖОББМ,
Павлодар обл., Аққулы ауд.

Заман өзгереді, бірақ тарих өзгермейді. Арада сексен жылға жуық уақыт өтсе де, бірнеше ұрпақ алмасып үлгерсе де 1941–1945 жылдары ел басынан өткен, талай қиындықтардың себепшісі болған сұрапыл соғыс кезеңі адамдардың санасынан өшпейді, ешқашан ұмытылмайды. Біз – бейбітшілік аспанының астында бақытты өмір сүріп жатқан тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Бабаларымыздың талай жыл қасық қаны қалғанша айқасып, ажалмен алыса жүріп сыйлаған бейбіт өмірді сүріп жатырмыз. Алайда сол бір қиын заманда сұм соғыс талай баланың балалығын ұрлап, олардың жасынан ерте есеюіне әсер етті.

Соғыс жылдарында өмір сүрген біз сияқты балалардың өмірі, олардың армандары сайын даланың Сайыны жазған «Жусан иісі», Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармаларында анық көрініс табады. Бұл шығармалар арқылы соғыстың бүркемесіз бейнесін, балалардың басына түскен қиындықтар мен катал күндердің әсерін, сол заманның балаларының өмірлік құндылықтарын, арман-мақсаттарын, жалпы болмыс-бейнесін көре аламыз.

Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» атты шығармасы оқырманның жүрегінде берік сақталатын, еліміздің Ұлттық академиялық кітапханасында белді академик Ғарифолла Есімнің басшылық етуімен өткен ұйымдастыру комитетінің жиналысында оқырмандардың көп дауыс жинауына байланысты 2014 жылдың «Жыл кітабы» болып таңдалған бірегей туынды. Туындыда қарапайым ауыл тіршілігі арқылы бүтін халықтың өмірі сипатталған. Басты кейіпкері – жетімдіктің дәмін жастайынан сезініп өскен Аян есімді бала.

«Жусан иісі» шығармасында жазушы Аян бейнесі арқылы қарапайым ауыл тұрмысын, ауыл балаларының күнделікті өмір тынысын, балалардың оқуға деген құштарлығын, түбінде армандары орындалып, майданда жүрген ағаларымен, әкелерімен қауышатындарына деген сенімді жүрекке жылу сыйлайды. Шығарманы оқыған әрбір оқушы тәуелсіз елдің ұрпағы бола отырып, сұрапыл соғыс жылдарындағы балалардың өмірімен өз өмірлерін салыстырады. Салыстыру арқылы барынша барды бағалайтын қанағатшыл, оңайлықпен сынбайтын төзімді, рақымшыл да адал адам болуға талпынатыны анық.

Сайын Мұратбеков басы кейіпкер – Аяның бейнесін көрсету арқылы тек бір баланың тағдырынан сыр шертпейді, жалпы соғыс жылдары жетім күйін кешкен әрбір баланың бейнесін суреттейді. Сол бір қиын жылдары жетімдіктің себебі айдан анық, әкесі майданға кеткен, анасынан әртүрлі жағдайларға байланысты айырылған балалар тағдыр тәлкегіне ұшырап, жақын-жанашырынсыз қалады. «Аяның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты» – деген жолдар осыған дәлел.

«Жусан иісі» шығармасынан сол кезеңдегі балалардың оқуға деген құштарлығын, білуге деген ізденістерін байқауға болады. «Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен» – деп налыған Аяның сөздері осы ойымды растайды. Сонымен қатар ауыл балалары бос уақыттарында Аяның қызықты ертегілерін тындап, соны күн сайын асыға күтетін. Аяның ауыл балаларына күн сайын ертегі айтып беретіні автордың өз болмысына келеді. Алайда кейіпкер Аяның өзіндік прототипі бар екен. Ол – ауылда тобығын тайдырып алып, аяғын қисандатып, сәл ішіне басатын Ұзақбай деген бала. Сол Ұзақбайдың тағдыры шығармаға арқау болған деседі. Демек шығармада бейнеленген оқиғалар – шынайы өмірде орнын алған нәрселер, көзбен көріп, құлақ естіген жағдайлар.

«Жусан иісін» оқып отырып, балалар тағдырына алаңдап, ауыр күрсінбеген, жүрегі ауырып, екі көзіне жас алмаған оқырман

жоқ шығар, сірә?! Шағын жанрдың шебері атанған жазушы Сайын Мұратбековтің мықтылығы да сол, ешқашан оқырманын самарқау қалдырмайды. Қаламынан туған дара шығармалары арқылы оқырманын өзімен бірге жетелеп, кей сәттерде қуантып, кейде мұнайтып, күйіндіріп, күрсіндіреді.

Сайын Мұратбековтың осындай асқан шеберлігі туралы жазушы Ғ. Мүсіреповтің мына пікірі оның жалпы шығармашылығына қойылған әділ баға еді: «...Әдебиетіміздің гүлдеп тұрған мәулі бағында Сайын Мұратбековтің жас талдай желкілдеп, бой көтерген тамаша прозасы бітік шығып, алыс көзге түсіп, көз тартары сөзсіз» [3]. Бұдан артық теңеу айту да артық. Сайын Мұратбеков – көркем еңбектері арқылы қазақ әдебиетінде өз есімін алтын әріптерімен таңбалап қана қоймай, қаламымен тудырған кейіпкерлері де өзі де әр қазақтың жүрегінен ерекше орын алатын қарымды жазушы, тарихта аты қалған асқақ тұлға.

Соғыс жылдарындағы балалардың өмірін суреттеген шығармалардың бірі де бірегейі – майталман жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі. Бұл әңгімеден адамның үміті, арманы мен қиялы оны биікке самғатар қанат екенін, не жағдай болмасын барға қанағат етіп, бауырмалдықты сақтау керектігін ұғындым. Туындыда ата-анасынан ерте айырылған кішкентай баланың адамгершілік қасиеттері мол, бойына қарапайымдық пен зеректікті жинаған арманшыл жан болып өсуі оқырман жүрегіне елжірете баяндалады. Автор тағдыр тауқыметіне мойымай, қиындыққа қасқайып, өз қамын өзі жасап жүрген Тортайдың тағдырын әсерлі түрде оқырман қауымға жеткізеді. Оқып отырып, жүрек тербетпеу, көңілге мұң ұяламауы мүмкін емес. Бұл да қаламы қарымды жазушының асқан шеберлігінің бір көрінісі шығар.

Шығарманың басты кейіпкері – тағдырдың басына салған бар ауыртпалығын жастайынан түсініп, кіршіксіз жүрегімен сезініп, өз жасындағы балалармен салыстырғанда тым ерте есейген Тортай есімді бала. Құшағында еркелетіп тәрбиелер әке-шешенің көзін көрмей, өмірдің қатал тәрбиесін бойына сіңіріп жүрген ол қатарының алды әрі үлкені. Оның болмысы өзімен құрдас ойын балаларындай емес, өзгешелеу: өзі тым момын, ұялшақ, асыр салып ойнауды білмейтін еді, сәл жасқаншақтау мінезі бар, бірақ ісіне мығым, еңбекқор. Кітапта алдымен алтыбақан құрып жатқан кісілердің жанында шуылдап ойнаған балаларды айта келе, Тортайды қой аузынан шөп алмас жуас, құлағы сәл мүкіс, көп ойнамады деп сипаттайды. Тортайдың өзге балалардан ерекшелігі – таңнан кешке

дейін қолына түскен кітапты оқи беретіні. Сондықтан да болар ол ауыл балаларының арасындағы білгіші, оның әңгімелерін басқа балалар ауыздарын ашып тыңдайтын еді.

Ал Тортайдың аса бауырмал, кімді болмасын бөтен демеі бауырына тартып тұратын ақкөңіл мінезі, бойындағы қанағатшылықты және сәл тұйықтығы, адамдарға тез ашыла бермейтіні мына үзіндіде айқын көрсетілген: «...үйде ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан бір, жолынан екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап тамақ үшін дос болмайтын, қайта «мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме» деп ұрысатын. Өз бейілімен, көңіл хошы болмаса, ләм деп аузын ашпайтын...» [3].

Тортайды тұрып жатқан үйі қуып жібергеннен кейін ол үңгірді паналайды. Тортай жағдайының қиын екеніне, жанашырының жоқ екеніне қарамастан бәріне көніп, ешқашан өзінің таза да пәк көңілін кірлетпейді. Қарапайым тас күркені ұядай етіп тазалап, жинап қойып, өзіне кішігірім жайлы қоныс жасап алады. Кейін ағашты қиып, одан нар жасап, оның үстіне шөп төсеп, төр алдына ешкінің терісін жаяды. Өзі стол жасайды да, оның ортасына майшам әкеліп қояды. Бұдан біз баланың тазалыққа құмар, ұқыпты екенін көреміз. Ол тас үңгірде, өзінің жайлы ұясында жатып алып, сүйікті ісімен – кітап оқумен айналысады. Шығармада Тортайдың үйінен кетсе де кітап оқуды тастамағаны, сүйікті кітаптарын қайта-қайта оқи бергеннен олардың жемтір-жемтір болып, ескіріп қалатыны суреттеледі.

Шығарманы оқып отырып балалардың қарапайым екені, шынайылығы байқалады. Тортай өз ұясына келген баланы төрге шығарып, оның өте қарапайым екенін, бастықтың баласы болып көкірек кермейтінін, мұрнын көкке шүйірмейтінін айтып, мақтайды. Одан соң түн ортасына дейін өзінің арманы мен қиялдары туралы сыр шертеді, жанына отырғызып, бауырына басып, оған ағалық ақылын айтады. Тортайдың бауырмалдығы осыдан-ақ байқалады. Автордың өзі сипаттап көрсеткендей, талғамсыз кітап оқитын Тортай жасынан зерек, өте ізденімпаз. Арманының артынан еріп, қиял қанатымен самғаумен танды таңға жалғайтынқияли балаөзінен кішілерге ағалық ақыл да айта алатын еді. «Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, әкем де, шешем де сол – кітап» – дейді ол [3]. Тортай кітапты тағдырына жазылған шешімі күрделі қиындықтарды, ешкімі жоқ жалғыз екенін ұмыттыратын үлкен күш санайды. Тәрбие мен тәлімді кітаптан алып, оқу-білімді азық қылған баланың өміріндегі ең үлкен арманы – осы оқуын жалғастырып, артынша Алматыға аттану, қаламы талмаған жазушы болу еді.

Тортайдың өмірі ерте жастан күрделі, тауқыметке толы болса да, бойындағы жігері мен қайраты жөніп, басына түскен қиындықтарға налымайды, өзін ешқашан бақытсыз санамайды, сол үшін тағдырын жазғырмайды. Есесіне жүрегіндегі ақ арманы мен санасындағы шексіз ой-қиялын серік етіп, жаңа күнге қадам басады. Оның мына өмірдегі жетелеушісі, қиындықтағы демеушісі – алыстан себездейтін жарқыраған үміт сәулесі. Тортайдың жасындағы ойын баласында жазушы болсам, оқуымды жалғастырсам деген сияқты армандар бола бермейді. Ал Тортайдың армандары мен алға қойған мақсаттары сол кездегі балаларға қарағанда әлдеқайда анық әрі ірі болатын. Осыған қарап-ақ жасынан мықты, адами қасиеттері мол, жан баласының асыл қасиеттерін бір бойына жинаған, қиялы ұшқыр Тортайдың өз қатарластарынан ерекшеленіп тұратынын, күнделікті күйбең тіршілікті емес, шығармашылықты, ұсақ арманның жетегіне еруді емес, үлкен арман қанатымен самғауды қалайтынын байқауға болады.

«Жусан иісі» мен «Тортай мінер ақ боз ат» шығармалары – соғыс жылдарын сипаттайтын әдебиеттегі аса құнды санаулы қазыналардың бірі де бірегейі. Бұл туындыларды оқыған әр оқырманды қырқыншы жылдардың қаталдығы мен қиындығын көрген қаршадай балалардың қаймықпас қайраты мен мұқалмас жігері қайран қалдыратыны анық. Олардың басынан өткен қиындығы мен қызығы аралас оқиғалары кім көрінгенді болмасын бей-жай қалдырмайды.

Жастайынан жетімдіктің азабын тартқан Аян мен Тортай сынды кейіпкерлердің бала көңілін жоғалтпай, әрдайым жақсыдан үміттенуі, заманның тосқауылына қарамай, арманына асығуы әрбір жас өркенге үлгі. Жазушылар осы кейіпкерлердің бейнесі арқылы бейбіт күннің балаларына қанағат етуді, бауырмалдық пен кішіпейілдікті, қандай жағдай болса да, мықты болуды ұғындырады. Бұл кітаптар әсерлі оқиғадан ғана тұратын шығармалар емес, әр сөзінде тәлімі бар кітаптар, жас ұрпақты жақсыға тәрбиелеу құралы. Осы кітаптар арқылы, кейіпкерлердің болмысы арқылы жастардың жүрегіне адами қасиеттер ұялайды, бойына тәлім-тәрбие сіңеді. Сол себепті кез келген ата-ана балаларына осы кітаптарды оқытып, сол арқылы әрі оқуға деген құлшынысын арттырып, әрі тағылымберсе нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұратбеков С. Жусан иісі / құраст. А.Ментебева. – Алматы: Олжас, 2012. – 180 б.

2 Ақтанова А. Жүндібаева А. Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті / Білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2012. –128 б.

3 [Электрондық ресурс]. – <https://qazaqstan.tv/index.php/news/91513/>

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨСЕМІ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

МУХАМЕДЖАНОВА М.

11 сынып оқушысы, № 16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

ЖУМАБАЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ үшін қабырғасы қайсып, тек тәуелсіздікке ғана емес, ойдың, білімнің, мәдениеттің тәуелсіздігіне ұмтылған тұлға. Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелсіздіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады.

Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханов мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек.

Ұлтымыздың аса көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері, Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметі бүгінгі және келер өскелең ұрпаққа үлгі. Бейбіт кезеңде күн кешіп отырған ұрпақтың бақытына бұйырған ел Тәуелсіздігі жолындағы ұзақ та тағдырлы күрестің маңызды белесі ол – ХХ ғасырдың басындағы «Алаш» қозғалысымен тікелей байланысты екені ақиқат [1].

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (5 наурыз 1866, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі – 27 қыркүйек 1937, Мәскеу) – ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Ата тегі Шыңғыс ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барак қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барактың баласы.

Әлихан Бөкейхан – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед.

Әкесі Әлиханды тоғыз жасында молдаға оқуға бергенімен, зерделі бала молдадан гөрі мектепте білім алуды жөн көріп, үш кластық мектепте өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, үздік

бітіріп шығады. Он алты жасында Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады [2].

Оны да жақсы бітіріп, жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына түседі. Сабағымен қатар, саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына араласып, студенттік толқуларға қатысады.

Қараңғылықтан көзі ашылмаған халқына білім мен мәдениеттің қажеттілігін елі мен жері үшін қабырғасы қайысқан, кеудесінде сәулесі бар азамат жастайынан ұққан, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Екі қолын бос қоймай, оқуды бітіре салысымен Омбыға келіп, қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Қазақ зиялыларының арасында партияның шағын тобын құрады. Ол өзін осы шақтан бастап саяси тұлға ретінде қалыптастырған [3].

Ұлт көсемінің алғашқы баспалдағы осылай басталады.

Әлихан Бөкейханның бес ұстанымы былай мынадай бағыттарда болды: «Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағындағы жатқан мәселе – жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз». Бұл – Алашорда өкіметінің төрағасы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың айтқаны. Жалпы, Әлихан Нұрмұхаммедұлының негізгі бес ұстанымы болды.

Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ [4].

Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіңдегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс».

Үшінші ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған.

Төртінші ұстаным – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек. Бұл идеологиялық ұстаным болатын.

Бесінші ұстаным – ең негізгі ұстаным бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді.

Осы ұстанымы негізінде дербес мемлекет құруды көздеген Әлихан Бөкейхан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым «Алаш» партиясын ұйымдастырады. 1917 жылы желтоқсан айында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясын жариялап, Әлихан Бөкейхан сол алғашқы Қазақ Республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады [5].

«Алаш» деген сөздің мағынасын «Түрік баласы» 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді. Бірақ, 1920 жылы Алаш автономиясы тарих сахнасынан біржолата жоғалып, оның мүшелері қудаланады. 1922 жылы Әлихан Бөкейханов Семейде ұсталып, Мәскеуге жер аударылып, сонда 10 жыл бойы үй қамақта отырады.

Ұйқамаққа алынғанымен Әлихан Нұрмұхаммедұлы ұттық идеядан айныған емес. 1932 жылы Алаш зиялыларының үстінен сот болар алдында, темір жол вокзалынан оларды күтіп алған Әлихан Бөкейханов: «Жігіттер, сендер не үшін сотталып бара жатқандарыңды білесіңдер. Сендерді соттап отырған жүйені де білесіңдер, ешкімнің алдында кінәларың жоқ. Сендер ел үшін сотталып бара жатқан азаматсыңдар! Мұңаймандар! Бастарыңды төмен түсірмендер! Алда жақсылық болады» – деп шығарып салған екен. 1917 жылғы төңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңде бір Әлиханның өзі 7 рет тұтқындалып, бірнеше тәуліктен 4 және 8 айға дейін түрмеде отырып шығып, 2 рет саяси айдауда болды. Оның ішінде Самарада 8 жылын өткізсе, Мәскеуде шым-шытырық оқиғалар мен қиян-кескі күреске толы ғұмырының ақырғы 15 жылын сарп етті.

Әлихан Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Әлиханның қабірінің қайда екені жайлы мағлұмат айтылмайды. Тек 2007 жылы ғана жария етілді.

Ол Мәскеудегі Дон бауырластар зиратына көмілген. Әлихан Бөкейхановтың жары Яков Севостьяновтың қызы Ольга болған. 1903 жылы қызы Елизавета, ал 1910 жылы ұлы Өкітай дүнеге келген. Бөкейхановтың қызы Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шыққан. 1957 жылы ұлы Өкітай жұмбақ жағдайда өмірден озған.

Қазақ үшін қабырғасы қайсып, тек тәуелсіздікке ғана емес, ойдың, білімнің, мәдениеттің тәуелсіздігіне ұмтылған тұлға.

Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелсіздіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады.

Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханов мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек [6].

Әлихан Дала және Түркістан өлкелеріне бөлінген Қазақ елінің жерін, әлеуметтік-экономикалық ахуалын, халық шаруашылығын, төрт түлік малы мен санын, табиғаты мен ауа райын зерттеген 4 ғылыми экспедициясының жұмысына қатысады.

Осы жылдары Әлихан бүкіл отаршыл империяға танылған ғалым, Қазақстан бойынша теңдессіз білгір сарапшы ретінде танылып, туған елі мен халқының тарихы, экономикасы, мәдениеті, шаруашылығы, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығы және жері туралы бірнеше іргелі ғылыми монография, ондаған очерк, мыңнан аса мақала мен еңбек жазып жариялайды. Алты алаш көсемінің осы күнге қарай анықталып жиналған шексіз бай мұрасының жалпы көлемі 16–18 томдық жинақты құрап отыр.

«Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан: қазақ ұлтшылдығы – ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүйеу, қорғау және қамқор болу деп насихаттады.

Ол соңғы демі біткенше туған қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген қасиетті құқық табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті.

«Алаш» партиясы қазақ халқымызда тұңғыш ұлттық-демократиялық партия болып табылады. «Алаш» партиясының құрылғанына 2017 жылы 100 жыл толды және де бүгінгі таңда ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы үлкен тарихи сынның алдында тұр.

Ол – аталарымыз аңсаған осы тәуелсіздігімізді баянды ету, мемлекетімізді әлемнің дамыған елдерімен теңестіру.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында – Алматы, 1999. – 159 б.
- 2 Әлихан Бөкейхан / Өмірбаяны. /<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы, Ана тілі. 1992. – 129 б.
- 4 Тоғысбаев Б. Сужикова А. Тарихи тұлғалар – Алматы: Алматы кітап, 2009. – 325 б.

5 Әлихан Бөкейхан – 6,8,9 томдар. //әдебиет порталы <https://adebiportal.kz/kz/books/page-2?search=>

6 Әлихан Бөкейхан шығармаларының 9 томдық толық жинағы ІХ том қазақ және орыс тілдерінде: ғылыми зерттеулер мақалалар жазбалар әдеби аудармалар хаттар 1925–1927 (Ленинград – Ақтөбе – Мәскеу – Қызылорда) Астана, 2013 <http://adebiportal.kz/upload/iblock/>

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

НАЖМИДЕН Д. Т.

5 сынып оқушысы, Есілбай ЖОББМ,
Павлодар обл., Шарбақты ауд. Есілбай а.

ШАРПЕКОВА А. С.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, Есілбай ЖОББМ,
Павлодар обл., Шарбақты ауд., Есілбай а.

Ертегі балалардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Жас ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, сүйіспеншілікке, сезімге баулу ісінде шешуші орын алады. Өкінішке орай қазіргі кезде радио, телеарналар арқылы шетелдік ертегілер желісі негізінде түсірілген көркем фильмдер және мультфильмдер жиі көрсетіледі. Түсірілімдерде ойнайтын басты кейіпкерлердің есімдері мен жасаған іс-әрекеттері біздерге таныс болғанымен, біздің әдет-ғұрпымызға жат саналады. Дегенмен, қазақ ертегілерін тыңдау, оларды оқып-білу әлдеқайда қызықты, әрі біздің ұлттық тәнімізге жақын дүние. Сондықтан, қазіргі және келешек ұрпағымызды ертегілер әлеміне ерте жастан қызығушылығын арттыру үшін көптеген қажетті шараларды қолдану қажет деп санаймын. Әлемде халық ертегісі жоқ ел жоқ шығар. Өйткені, халық ертегілері сол халықтың сарқылмас рухани байлығы, құнды қазынасы болып саналады.

Әр ертегі арқылы біз өткен ата-бабаларымыздың ой-қиялдарын, тұрмыс-салтын, тіл-байлығын білеміз.

Әрбір ертегіні алып қарасак, тұнып тұрған тәрбиеге көз жеткіземіз.

Ертегілер өз заманында, тіпті жазу-сызу болмаған кезеңнің өзінде-ақ туған.

Халқымыз күні бүгінгіге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша ертегілерді жеткізіп келген. Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс тіршілік жағдайларына байланысты туындаған. Ертегілердің алғашқы

үлгілері заман кезеңіне сай әртүрлі өзгерістерге ұшырап, әрдайым жана ертегілерімен жаңарып отырған. Өйткені ертегілерде халықтың күнделікті тұрмыс-салты, іс-әрекеті, көңіл-күйі басты орынға ие. Бұлардың бәрін халық ертегілері арқылы көркемдеп, әр түрлі образдар арқылы бейнелейді. Ертегілердің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Кез келген ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжеттен құрылады, яғни белгілі бір оқиға желісінің басталуы, қызықты сәті және өзіндік оң шешімі болады. Ертегілердегі кейіпкерлердің арасындағы оқиғалар кез келген қайшылықтарға ұштасып, өрістей келе әділдіктің басымдылығы баяндалады, яғни зорлық пен зұлымдық жеңіліс тауып, соны жақсылыққа әкеледі.

Қазақ ертегілеріндегі адам өміріне байланысты іс-әрекеттер – ерлік көрсету, махаббатқа бөлену, әділдікпен күресу өткір әрі ысқак мысалдармен бірігіп, бала сезімін селт еткізеді және оның бойына ерекше әсер туғызады.

Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілер қаншамалық!

Бұл ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой өрісі, қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді.

Мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

Бұл өте тартымды, әрі қызықты ертегі. Бұл ертегіде мақта қыздың тілін алмай, оның қатығын төгіп тастаған мысықтың көптеген кейіпкерлерге жолығуы туралы баяндалған. Жасаған әрекеті үшін өз құйрығынан айрылған мысық оны қайтарып алу үшін көп қиыншылықтарды көріп, ертегі соңында қатықты төлей алғаны бар. Бұл ертегі арқылы әрбір жасаған іс-әрекетіңе адал болуға, оған шыдамдылықты танытып, кез келген жағдайда жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

«Бес ешкі» ертегісі хайуанаттар жайлы ертегіге жатады. Өте қызық, әрі тартымды. Мұнда кедейдің бес ешкісі қарлы боранда далада қалады да, қасқырға жолығады. Сол кезде бәрі бірігіп, береке-бірлік танытып, қасқырдан аман қалады. Бұл ертегі балаларды бір-біріне көмектесуге, береке бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады. Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшаң тышқан жыл басы атанады.

«Шық бермес Шығайбай» ертегісі сараң, қайырымсыз байларды қарапайым әрі кедей Алдардың ақылдылығымен алдап кетуін

баяндайды. Ертегіні тыңдаған балалар жағымсыз кейіпкерлердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмарланады.

«Зеректік» ертегісіндегі үш жолаушының жол бойында кездескен нәрселерге зер салғандарын баяндайды. Яғни, балаларды зеректікке тәрбиелейді.

Бұл қасиеттерді бойына сіңіре бастаған жас ұрпақтардың ой-өрісі кенейіп, дүние танымы еселенеді. Ертегілер бала тілін ұстартып, ұштай түседі, ойлау мен қиялын дамытады.

Бұның бәрі – қазақ ертегілерінің басты құндылығы болып саналады.

Ертегілер мазмұнына байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қиял-ғажайып ертегілері – бұл сиқырға толы ғажайып оқиғаларды қамтитын түрлі құбыжықтармен күрескен ержүрек кейіпкерлер туралы ертегілер. Мысалы, Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ, Самрұқ құс туралы ертегілер.

2. Хайуанаттар жайлы ертегілер – бұл адамдарға тән қасиеттері бар негізгі кейіпкерлер ретінде аң, құс және үй жануарлары туралы ертегілер.

3. Тұрмыс-салт ертегілері – бұл халық өмірін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ертегілер.

4. Аңыз ертегілері – бұл аңыз әңгіме ретінде баяндалған ертегілер.

Қазіргі кезде теледидардан көптеген тәрбиелік мәні мен мағынасы жоқ шетел мультфильмдері көрсетіледі. Мысалы, кейбір телеарналар арқылы ағылшындық «Спандж Боб», «Барби», «Монстер Хай», «Свинка Пепа», қытайлық «Кайлан», «Аватар» және тағы басқа да мультфильмдерді көруге болады.

Бірақ, саны бар сапасы жоқ бұл көрсетілімдердің өзге елдердің салт-дәстүріне сай қылып, ұрпағымызға теріс тәрбие беріп жатқанына көз жетерлік. Өйткені мультфильмдер тек зорлық пен зомбылықты, өлімді және балағат сөздерді насихаттап, теріс көрініс тудырады.

Бұл шетел мультфильмдерінің орнына қазақ ертегілерінің сюжеттері бойынша мультфильмдер мен түрлі қызықты фильмдер әр отандық телеарналарда жиі көрсетілетін болса, онда қазақ балаларының өз тіліне деген қызуғышылығы артып, дүниетанымы мен сауаттылығы одан әрі дами бастар еді.

Өйткені, ата-бабаларымыздың өзіндік ежелгі тұрмыс-тіршілігінен, табиғаттың құбылысынан, жан-жануарлардың қимыл-әрекетінен алынған қиялға толы ертегілеріміздің берер тәрбиелік мәні әрқашан да өз өзектілігін жоғалтпайды және әрқашан қызықтырады.

Қазіргі таңда, «Қазақстан» мен «Балапан» телеарналары арқылы ғана қазақ халқымыздың ертегілері негізінде түсірілген «Алдар Көсе», «Қобыланды батыр», «Аюлар», «Ертегілер әлеміне саяхат» секілді мультфильмдерді көріп жүрміз.

Бұл мультфильмдердің тәрбиелік мәні өте зор. Өйткені мұндай мультфильмдер жас ұрпақты адамгершілікке, әділдікке, тапқырлыққа баулап, басты құндылықтарды қорғауды және бағалауды үйретеді. Ертегілер негізінде түсірілген мультфильмдер мен шағын кинолар жас ұрпақтың сана сезімін оятуға көп септігін тигізеді. Қорыта келсем, қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – бұл өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ тәрбиесі қоғам тәрбиесінен басталады. Ендеше, жас ұрпақтың бойына барлық жақсы қасиеттерді сіңіру мақсатында халқымыздың өнегесі саналатын қазақ ертегілерін ұмытпауымыз қажет.

Сол себепті, қазақ ертегілерін ұлттық телеарналар арқылы жиі көрсетіп, түрлі бағдарламалар арқылы таныстыруымыз қажет.

Ендеше, жас ұрпақтың бойына адамгершіліктің қайнар бұлағы болып саналатын қазақ ертегілерін интернет көздері, мобильді бағдарламалар, арнайы кітаптар мен аудио дисктер арқылы кеңінен таратып, дамыған ақпараттық технологиялар арқылы күнделікті қолданысқа енгізуіміз қажет!

Басты жаңалық ретінде барша қазақ халқының ертегілер жинағын жеке арнайы интернет парақшасында жинастырып, тегін қолданысқа енгізуді ұсынамын. Сонымен қатар, барлық ертегілер жинағын қамтитын арнайы мобильді бағдарлама (мобильное приложение) ойлап шығару және тегін қолданысқа енгізу, Астана Экспо 2017 көрмесін ұйымдастыру қарсаңына байланысты қазақ ертегілерінің басты кейіпкерлерімен өрнектелген ұлттық нақыштағы жиделері мен ыдыс аяқтарды (кружкаларды, тарелкаларды) безендіру және жалпы Қазақстанның брендтік топтамасына енгізу!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ ертегілері. Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2020. – 264 б.
- 2 Қыз Жібек. Эпос. – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2008. – 72 б.
- 3 Алпамыс батыр. Батырлар жыры, – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2013. – 144 б.

4 Қазақ ертегілері. – Алматы. Жазушы. Т.1: Қиял-мифтік ертегілер. – 200. – 272 б.

5 Қазақ ертегілері. – Алматы. Жазушы. Т.4: Қиял-мифтік ертегілер. – 2000. – 272 б.

6 Қазақ ертегілері. – Алматы. Жазушы. Т.5: Қиял-мифтік ертегілер. – 2000. – 272 б.

7 «Ертегілер елінде», республикалық журнал, №8, 2016

8 «Ерте ерте ертеде», балаларға арналған ертегілер журналы, №1

Қ. ТЫНЫСТАНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛЫ

НУРГАЗИНОВА Ж.

оқушы, Павлодар техника-экономикалық колледжі, Павлодар қ.

КАРИМЖАНОВА Р. Б.

филология магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы,
Павлодар техника-экономикалық колледжі, Павлодар қ.

Қ. Тыныстановтың ақындық қалыптасу және даму жолын зерделегенде, оның туыстас әдебиет өкілдерінің поэзиясымен (алдымен, қазақ және татар), әсіресе М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов шығармашылығымен жақсы таныс болғандығына көзіміз жетеді. Қ. Тыныстановтың орыс поэзиясын жетік білгендігінде де күмән жоқ. Бұған оның орыс тілінен аударма жасаумен шұғылданғаны, өлеңдерінің тақырыптық – идеялық ерекшеліктері дәлел бола алады. «Горько мне» элегиялық өлеңінің мотиві М. Ю. Лермонтовтың «Думь» туындысының мотивтерін еске салсақ, ал «Аруақ» өлеңі «Демон» поэмасындағы сарындарға ұқсас, дегенмен аталған шығармалардың идеялық – философиялық негіздері бірдей деген ойдан аулақпыз және де қырғыз лирикасының негізін қалаушы Қ. Тыныстанов поэзиясындағы демонизм туралы айту артық болар. Бұл – эстетикалық бағыт-бағдар, тақырыптарға, А. Н. Веселовский сөзімен айтсақ «поэтикалық формулаларға» зәру жас поэзияда болатын құбылыс. Қ. Тыныстановтың «Айға», «Бәйшешекке», «Гүлсіз бұлбұл үнсіз» өлеңдеріндегі аталмыш тенденция туралы С. Джигитов та айтып өтеді. Қырғыз әдебиет танушысының пікірінше, аталмыш туындылар «еліктеуден, әсіресе шығыс лирикасының әсерінен туған», ал «негізгі идеясы, кітаби поэзиядан алынған» [3, 52 б.].

Өз шығармашылығында өзге әдебиеттердің тәжірибесінен, үздік туындыларынан үлгі алу-көркемдік дамудың негізгі

арналары болуымен қатар жалпы әдеби процестің дамуын едәуір жеделдетті. Осыған орай Ю.М. Лотманның: «Взаимодействие культур, информационный диалог между ними – закон мирового культурного развития. Сначала сторона, поставленная в силу каких-либо исторических причин позицию в наибольшей активности, становится ведущей стороной диалога: создаваемые ею культурные ценности распространяются далеко за ее географическими пределами. Партнеры по культурному диалогу выступают в роли получателей. Однако и эта позиция никогда не бывает пассивной: поступающие из вне культурные импульсы почти никогда не усваиваются механически и ученически – как правило, они сложно трансформируются, «перевариваются» культуры – получателем и стимулируют взрыв ее самобытной активности» [5, 76 б.], – деген пікірін келтірген орынды.

Бұл пікірге қосарымыз, қырғыз әдебиетіндегі аталмыш процесс 20-30 жылдардың өзін айтпағанда қазіргі уақытта да өз күшін жоғалтқан жоқ. Ал 20-30 жылдары бірқатар объективтік себептерге байланысты (білімнің жетіспеушілігі, әлемдік әдебиет үлгілерін жетік білмеу, тілдік кедергілер және т.б.) бұл процесс үстіртін, баяу жүрген еді. Бір ерекшелігі, поэтикалық реминисценциялар Қ. Тыныстанов шығармашылығында айқын көрінеді.

Қ. Тыныстанов лирикалық поэзияны тақырыптық жағынан да, көркемдік тұрғыдан да байытты. Әдебиетте өз соқпағы бар ақын халықтық лирика поэтикасына сүйене отырып, кәсіби жазба поэзияны жаңа сатыға көтерді. Мәселен, ауызша поэзияда кеңінен қолданылатын «арайлы таң», «қара түнек», «қара аспан» эпитеттері Қ. Тыныстанов лирикасында нақты идеялық-көркемдік мәнге ие болып, халық өміріндегі өзгерістерді білдіретін ұлғайтылған метафораларға айналады. Өлеңдегі метафоралық бейнелілік фольклордан бастау алғанымен, өзгеше бір мағынаға иеленіп, стильдік тұрғыдан өзгеріске ұшырайды. «Жарқырап күн нұры бүгін / Түн сейіліп, таң атты бүгін», - деп жырлайды ақын. Әрине, бұл тұста ақын төңкеріс туралы айтып отыр, сондықтан «күн-түн» сөздерінің контрастылығы өлең идеясын айқындап тұр. Өзге авторлардың өлеңдеріндегі шендестірулер біртіндеп тұрақты поэтикалық формулаларға айналды. Халықтық поэзия қойнауына алынған метафора жаңа идеялық мазмұнға ие болғанына куә боламыз. Қырғыз лирикасында азаматтық, үгіттік – публицистикалық, интимдік, табиғат лирикасы жіктеле бастады [2, 99 б.].

Қ. Тыныстанов шығармашылығы халық тарихына, қоғамға көзқарасының өткірлігімен, моральдық – этикалық өзектілігімен, психологиялық табиғатымен ерекшеленеді. Автордың идеялық – саяси көзқарастарын да естен шығаруға әсте болмайды.

Қ. Тыныстановтың замандастары Октябрьдің «теңдік, әлеуметтік әділдік» тәрізді идеяларына құлай сенген, шын жүрегінен иланды [4, 124 б.].

Ал Қ. Тыныстанов үшін Октябрь – тек өмірді жақсарту, әлеуметтік жаңару ғана емес, сондай-ақ халықтың бұрынғы тәуелсіз өмірін, алаш рухын тірілту болды. Ақын шығармашылығының қазақы кезеңіндегі мұндай реминисценциялар біртіндеп жоғалып, лирикалық-психологиялық мазмұндағы сарындарға орын берді. Бірақ «Манас кесенесі» («Мавзолей Манаса») өлеңі және «Жаңыл мырза» (1924) тарихи поэмасында автор келешек пен қазіргі уақытқа емес, халықтың өткен өміріне, аты аңызға айналған тұлғалар тағдырына көз тігеді, ақынның ойынша халық үшін күрескен тарихи тұлғалар халық жадынан өшпей, мақтаныш сезімін оятып, қоғамдық сананы жаулаған нигилизмге қарсы тұруда көмекке келуі қажет [6, 256 б.].

«Жаңыл мырза» поэмасының басты кейіпкері ел арасында «мырза» атанған Жаңыл есімді батыр қыз. Жекпе-жек айкаста байқаусызда сүйгенін өлтіріп алған Жаңыл ақырында өз-өзіне қол жұмсайды. Поэмаға батыр қыздың трагедиялық тағдыры арқау болған. Поэма мынадай сөздермен аяқталады:

О славные, незабвенные, удивительные,
Необычные в прошлом времена!
Когда народ, как дикие козлы, жил свободно,
Когда люди пели светлые, жизнерадостные песни, -
Приходите вы на ум, будто прекрасный сон,
Будто вот эта дивная легенда про Джаныл.
Но те дни теперь далече, повергнуты в прах,
И ты, комуз, исторгни скорбные звуки, плачь, плачь!

Саясат аулынан алыс, қырғыз тарихының қаһармандық кезеңін сағынышпен суреттеген поэманың «лепірме» поэзия жалауын көтерген қоғам үшін тосын болғаны хақ. Тіпті тарихи тұлғаларға, тарихи оқиғаларға сақтықпен қарауға шақырған. Қайта құру дәуірінде де поэманың бір жақты қабылданбауы мүмкін емес еді. Сондықтан да Қ. Тыныстановтың 20–30 жылдардағы поэзияда жарқын құбылыс болған және ақынның шығармашылық өрлеуін

көрсететін лиро-эпикалық поэмасы әділ бағасын ала алмады, тіпті автордың басына қара бұлт үйірді десек артық емес [7, 111–461 б.].

Қ. Тыныстановтың аталмыш поэмасы және өлеңдер жинағы әр түрлі пікірталас, дау-дамайлар туғызды. А. Убукеев «Қызыл Қырғызстан» газетінде жариялаған пікірінде Қ. Тыныстановты өткен өмірді дәріптегені үшін байшыл деп кінәлады [4, 45 б.]. Ақынның «лепірме поэзиядан» бас тартуы және өзін-өзі тануға, замандасының жан әлеміне үнілуге ұмтылуын сыншылар теріс қабылдады. Қ. Тыныстановтың бітіспес қатыспасы А. Токонбаев жинақтағы өлеңдердің идеялық нысанасы туралы былайша ой түйеді: «1920 жылы жазылған өлеңдерінде («Таң», «Бүгін», «Алашқа», «Бұлбұлға») автор Колчак пен Деникин бастаған ақ әскердің Кеңес еліне шабуыл жасауын қуана қолдап, Орман хан, Кенесары, Абылай хан, Жантай хан (XIX ғ. Қазақ және қырғыз билеушілері) дәуірінің қайта орнауын аңсайды. Ал 1921 жылы үміті ақталмағандықтан Кеңес үкіметінің мызғымастығына ақынның көзі жетеді, дегенмен Алаштың ұлы рухына сенім артып, «Ала төбе», «Ойнама», «Аруақ» өлеңдерін жазады. Бірақ өткеннің қайта айналып келмесін білген Тыныстанов көз жасын булады. Бұған оның «Айырылысу» және т.б. өлеңдері дәлел. Ақын және прозаик Т. Сыдықбеков «Қасымның өлеңдер жинағы» туралы былайша еске алады: «Ол кезде қара танығанның бәрі де Тыныстанов өлеңдері жинағын жанынан тастамайтын. Жастар оның өлеңдерін жатқа білуші еді» [3, 103–362 б.].

«Қасымның өлеңдер жинағы» Қырғыз жазба поэзиясындағы ерекше құбылыс екені сөзсіз. Қ. Тыныстанов кітабы идеялық – тақырыптық ауқымының кеңдігімен әрі әр қилылығымен ерекшеленеді, сондай-ақ алғашқы поэтикалық жинақ авторы өз замандастарына қарағанда кәсіби тұрғыдан және де сол кезеңдегі үгіт-насихат, лепірме-даурықпаға көп елікпейді. Қ. Тыныстанов өзгелерден бұрын жаңа тақырыптарды игергенімен, «лепірме поэзиядан» ертерек қол үзді, сөйтіп адамның жан әлеміне бойлап, жеке бастың күйініш-сүйініштерін суреттеуге бет бұрды [10, 256 б.].

Қ. Тыныстановтың алғашқы өлеңдер жинағының идеялық-көркемдік жағынан тұтас бір тақырыптық-жанрлық бағыттарға негіз болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, шығармашылық жолын қазақ тілді ақын ретінде бастаған Қ. Тыныстанов қазақ жазба әдебиетінің тәжірибесін жетік меңгерді, екіншіден, қырғыз халық поэзиясының дәстүрлерінде тәрбиеленген, табиғатынан дарынды ақын туыстас екі тілдің ырғақтық-әуезділік құрылымдары бір-бірімен

өте ұқсас екенін сезді, сондықтан бір тілден екінші тілге оңай ауысты. Ана тілінде жазған ақынның арқасына қанат біткендей болды. Бір ерекшелігі, Қ. Тыныстанов замандастары жерден алып жерге салған «ескілікке» құрметпен қарады. Ақын үшін уақыт жалғастығының мәні зор, өткен мен бүгінгі арасында берік байланыс бар [9, 198 б.].

Қ. Тыныстанов бір жағынан, Қазан төңкерісінің игі идеяларын қолдаса, екінші жағынан халық тарихынан рухани қолдау іздеді. Сонымен қатар ақын өлең жазуға үлкен жауапкершілікпен қарады. Ол патриоттық («Алашқа», «Жастарға», «Қыздар-қарындастарға», «Бұлбұлға»), саяси («Таң», «Бүгін»), интимдік лириканы («К...»), «Сұлуға», «Алданған сұлу») негізін қалады. Автордың ойынша «Жаңыл мырза» тарихи поэмасы, «Манас кесенесі» өлеңі оқырмандарға қырғыз халқының аңыз-әпсаналарымен көмкерілген қаһармандық тарихын паш етуі тиіс болатын. «Қыс», «Бесік жыры», «Жазғытұрым», «Жайлау» өлеңдері-автордың балаларға арнап өлең жазуға талпынысын байқатады. Қорыта айтқанда, «Қызыл гүлге» қарағанда жинақтық жанрлық – тақырыптық ауқымы да, Қ. Тыныстановтың жүрегін қозғаған өмірлік мәселелер ауқымы да өте кең. Қ. Тыныстановтың төңкеріске дейін-ақ «фольклорлық үлгіде сүйіспеншілік сипаттағы өлеңдер шығарып, 1916 жылы трагедиялық оқиғалар туралы қайғылы поэма жазғаны» белгілі, бірақ олар өкінішке орай бізге жетпеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дүйсенов М. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты Алматы., 1982. – 192 б.
- 2 Мусинов А. Художественный перевод как форма казахско - киргизских литературных связей. А., 1970. – 176 б.
- 3 Мусинов А. Казахские ученые о киргизском эпосе «Манас». А., 1970.
- 4 Лизунова Е. Ауезов о проблемах взаимосвязей национальных
- 5 Бердібай Р. Эпос ел қазынасы. А., 1999.
- 6 Межнациональные связи художественной литературы. Сборник. А., 1973.
- 7 Казахская литература и ее интернациональные связи. Сборник. А., 1973.
- 8 Фольклор және эстетика. Білім және еңбек, №5, 1976.
- 9 Катанов Н.Ф. Киргизы: их прошлое и настоящее: лекция. Национальный архив РТ. Фонд. 969. Оп. 1. Д.16.Л.11.

10 Құдаш С. Жастық шактың ізімен. – Алматы: Жазушы, 1984. – 198 б.

11 Молдо Кылыч. Казалдар. – Фрунзе: Адабият, 1990. – 256 б.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ

РАМАТУЛЛАҚЫЗЫ А.

5 «Б» сынып оқушысы, А. Байжанов атындағы орта мектеби, Қаскелең к.

КЫЗЫХАНОВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

А. Байжанов атындағы орта мектеби, Қаскелең к.

Қазіргі қазақ әдебиетінде өленді оқу, одан эстетикалық көркемдік көру жеткіліксіз. мәтінтану ғылымына ден қоятын шақ. Берлуген кез келген әдеби шығарма көлеміне, құрылымына қарамастан ақпарат береді. Мәтінтаным ғылымына сүйенсек, мәтінде үш түрлі ақпарат кездеседі. Олар: концептуалды, фактуальді және астарлы ақпарат. И. Р. Гальперин: «Анализ разных видов информации, проведенный на официально-деловых, газетных, художественных, публицистических текстах, показал, что информация как основная категория текста и, подчеркнем, относящаяся только к тексту различна по своему прагматическому назначению. Представляется целесообразным различать информацию

а) содержательно-фактуальную (СФИ),

б) содержательно-концептуальную (СКИ), в) содержательно-подтекстовую (СПИ)» [1, 26 б.] деп мәтінде ақпараттың берілуінің түрлерін көрсетеді.

Мазмұндық фактуальді ақпарат мәтінде бірден көрінеді, олай дейтіміз мәтінде тарихи оқиға, факт анық көрсетіледі. Мазмұндық концептуалды ақпарат концепцияға құрылады. Мазмұндық астарлы ақпарат ең талдауы күрделі ақпарат болып табылады. Қазақ ғалымдары да мәтінтаным саласындағы зерттеу еңбектерін жазды. Жалпы әлемдік тіл білімі мен әдебиеттануында мәтіндегі ақпаратты талдау бір жолға қойылған. Әсіресе прозалық шығармалардағы ақпараттың берілу түрлері кең ауқымда талқыланып келеді. Жұбан Молдағалиев «Поэзия – сұлулық. Бірақ сұлудың да естісі бар, есері бар. Біз есті сұлуға, ер сұлуға, еңсесі биік сұлуға қызығамыз» [3, 70 б.] деп сырлы өнердің сұлулығын халықтың жоғары

талғамымен байланыстырған еді. Яғни өлең сөздің де жеткізетін ақпары бар екенін алғы тартамыз.

Қазақ әдебиеті айдынында кербездене жүзген бір аққу болса, ол – Мұқағали. Қазақ әдебиеті шыңынның ұшар биігінен орын алған ақын, қазақ мәдениетіне де өз өрнегін салды. Елбасының сөзімен айтсақ ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады. Ал қазақтың ұлттық санасы ешқашан мызғыған емес. Оған әдебиетіміз дәлел. Сөз қадіріне жеткен қазақ халқы үшін жыраулар поэзиясы, Абай, Шәкәрім, Жамбыл сынды алыптардың айтқаны, сөзі мен ой түйіні мәдениетімізде із қалдырмай кетпек емес.

Замана көшімен жылжып, ХХ ғасырға табан тіресек, цензураны айналып өтіп ұлттық идеяны шығармаларына арқау етіп, қалам тербегендер аз болған жоқ. Оның бір мысалы «Менің атым – Қожамен» қазақ балалар әдебиетінде орны ерек тұлға – Бердібек Соқпақбаев. Шығарманың атауы арқылы ғана жазушы «қазаққа қожа – қазақ» деген ойды жеткізіп тұр. Қожа деген сөздің мағынасы ие болу, иелік ету. Яғни шығарма аты мен мағынасы сәйкес. Қазаққа рухты, жігерді, ұлан-ғайыр атырапты қожа берген және оған ие, билік етіп, қожалық етуші – қазақ. Бұл бір мысал.

«Абай жолы» эпопеясы да ақын Абайдың ғибратты ғұмырынан сыр шертпейді, иісі қазақтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын кей тұста көзі ашық көрерменге астарлы түрде саяси жағдайын баяндайды. Осы тұрғыда проза жанрында ұлттық идея, қазақ болмысы фактуальді ақпарат, концептуалды, астарлы ақпарат берілсе, поэзия да кенжелеп қалмады. Поэзияда концептуальді және астарлы ақпараттың берілуі басым болады. Оның бір дәлелі ретінде М. Мақатаевтың бір ғана өлеңіндегі концептуалды және астарлы ақпараттың берілуіне талдасак.

Мұзбалақ ақынның өлендерінен қазақтың ұлттық болмысының санасынан өшіруге тырысқан Ресей империясының саясатына қарсылығы астарлы жолдарында тұр. Қазақтың бала тәрбиесінде қылаптасқан ұлттық институтына айналған ата-әже тәрбиесін «Күзетші» өлеңінде айқын көрсетеді.

... Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып,

Төрт келінді төрт адамға ұзатқан.

Төрт келіннен алып қалды төрт бала,

Өзі – пана, ал өзіне – төрт пана...

Қазақ халқы ешқашан жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған. Төрт ұлы соғыста қаза тапқан қариялардың жесір болған келіндерінің жолын байламай жіберіп, немерелерін ешкімнің

колына қаратпай, жәутендетпей өз тәрбиелеріне қалдырған. Зерден тәрбие көрген Ибраһим Абайға айналып, Айғанымның мейіріне сусындаған Мұхаммед-Қанапия Шоқан болып иісі қазаққа елеулі перзент болды. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды [2, 4 б.].

Тіпті Мұқағали атанған Мұхаммедқали әжесінің тәлімін бойына сіңіріп, күллі қазақ танитын ақиық ақын болып өсті. Фариза ақынның мына сөздері осыған дәлел: «ұлттық рухты айқаймен көтермейді. Оның дәні отбасында себіледі» [3, 192 б.].

Демек, ұлтын сүйер, аттары қазақ әдебиетінде алтын әріппен жазылған азаматтарды еліне сыйлаған бұл қазақы тәрбие институты өте мықты жұмыс істейді. Бүгінгі күні бұл өлең «Міне, ұлттық болмыс. Міне, ұлттық код. Оны басқадан іздеме, қартыңнан ізде, қазағым» деп тұрғандай.

Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,
Қарт қалғымай күзетші боп бекінді.
Сәл ұйықтаса төрт немере төрт жанқа,
Көзден ғайып болатұғын секілді.

Өленде «төрт» саны да бекер алынбаған. Қазақта «төрт құбыла» деген ұғым бар. «Төрт құбылам түгел; төрт құбыласы тең, төрт құбылаға жайылу, төрт көзі түгел болу» сынды сөздер кеңінен қолданыста. Яғни бұл жинақталу, барлығының бір шаңырақ астында болуы дегені. Біздің түсінігімізде, күзетші қарт бұл елдікті күзеткен топ, ал төрт немере қазақ жұрты – тобыр. Ұлт жанашыры болған топ ұйқыға кетсе, төрт құбыла боп «қазақ» болып тұрған ел, тобыр ғайып болмақ. Аюдай ақырған Ресей мемлекеті өз саясатымен жылқы мінез қазақты жер бетінен жойып жіберуі мүмкін еді.

... Қартың қазір бір бәйтерек мәуелі,
Сексен емес, жүзіңнен де дәмелі...

Адам ұрпағымен мың жасайды. Қарт қазақ та ұрпағымен мың жасайды. Қарт төрт немересімен мәуелі бәйтерекке айналды. Дәл солай қазақ та өркендемек. Бала тәрбиесіндегі концепция ақынның бір өлеңінде ғана емес жалпы шығармашылығында да көрініс табады. Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы [3, 60 б.]. Мұқағали өлеңдері сұлу ой салады, ұлы ой салады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гальперин И. Р.. Текст как объект лингвистического исследования. Москва: Наука, 1981. – 140 с.

2 Аңыз адам» журналы, №3, 15 ақпан 2011, – 50 б.

3 Ұлт рухы. Қанатты ойлар/құрастырған Е. Зәңгіров. – Алматы: Экономика, 2012. – 244 б.

4 egemen.kz: <https://egemen.kz/article/157327-ulttyq-kod-qam-qazaqtynh-dgady> © egemen.kz

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕРІ

САҒАТОВ Е.

оқушы, Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы, Павлодар қ.
СЛЯМБЕКОВА Қ. С.
мұғалім, Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы, Павлодар қ.

Ғабит Мүсірепов – қазақ сөз өнерінің майталман шебері, сөзден маржан түзген, қазақ сөзін қақпақылдап ойнатқан, бір сөз екінші сөзіне жарық түсірген сирек талант иесі, қаламынан өнері төгілген сөз зергері. Өзіне де сөзіне де аса талғампаз, кірпияз, дегдар, текті қалам иесі. Үлкен талғам, зор талап биігінен қарайтын, сөз өнерінің эстетикасын бойына барынша жинаған эстет, сөздің қадірін де қасиетін де киесін де жан-жүрегімен терең сезінетін әр сөзін аса ыждаһаттылықпен пайдаланатын мәдениетті жазушы. Ғабең, Ғабит Мүсірепов – қазақтың қара сөзінің қаймағын сапырған, ұлттық мәдениеттің мәйегіне бөліп, уызына жарыған, құнарлы топырағынан нәр алған жазушы. Әдебиет әлемінің ұнғыл – шұңғылын зерттеп, ізденіс баспалдақтары арқылы, шеберліктің биік шыңына шықты. Бізде әңгімемізді жазушы прозасындағы шеберлік мәселесіне, оның суреткерлік бітіміне бұрмақпыз.

Ғабит Мүсірепов жай жазушы емес, үлкен суреткер. Ал суреткер дегенің өзін жазушы санайтындарының барлығының мандайына бұйыра бермейтін ерекше бақыт. Ол жаратқанның, тәңірінің берген ұлы сыйы, ерекше қасиеті.

Ғабит Мүсіреповтей сөз зергерінің өз шығармашылығына аса талғампаздықпен, жауапкершілікпен қарағандығын академик – сыншы Мұқаметжан Қаратаев былай деп көрсетеді: «Көркем творчествоның міндеті мен шартына Ғ. Мүсірепов әуелден – ақ жеңіл – желпі қараған жазушы емес. Ол әдебиет дүниесіне асықпай, аптықпай, аяқты жай басып келгені сияқты, келген соң да өз ісін

үнемі үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын байсалды жазушы екенін танытты. Бұл шебер жазушының негізгі принципін бірі болса керек [1, 187 б.].

Академик-сыншы Серік Қирабаев Ғ. Мүсіреповтің көркемдік өлемін түйсіне, терең пайымдай отырып, былай деп жазады: «әдетте, жазушыға сипаттама беруден көп қолданылатын кітап аттарымен геройларды атау, олардың тақырыбы мен идеясын айту Ғабиттің жазушылық жолын әңгімелеуге келе бермейді. Оның әдеби мұрасы жалпылай сөйлеуді ешқашан көтерген емес. Өйткені, Ғабиттің әр кітабы – өз алдына эстетикалық мұрат – мақсаты бар көркем қазына. Жалпы адам абласының көркемдік ой – пікірін байытудағы сөз зергерлерінің қызметін ол жақсы түсінеді. Абай айтқан «қиыннан қиыстырар ер данасы» көп болмаса, сол азғана топтың ішінде Ғабиттің де өз орны бар» [2, 122 б.].

«Қазақ солдатты» романы туған топырағында да жақсы бағасын алды. В. Закруткин, З. Кедрина, М. Қаратаев, Е. Исмаилов, Т. Нұртазин, Т. Ахтанов, Е. Лизунова сияқты белгілі сөзші, жазушылар қазақтың алғашқы әскери романын кеңес әдебиетінің кең ағымында қарап, үздік көркемдік құбылыс деп көрсеткен. Мысалы, сыншы И. Арамылов: «Совет әдебиетінің елеулі құбылысы «Қазақ солдатты» В. Некрасов, О. Гончар, М. Бубеннов, А. Первенцов шығармаларымен қатар шығып, қанаттас тақырып игергенмен өзіндік өзгешелігі бар, өмір автордың өз позициясы биігінен қорытылған», – деп атап көрсетті.

Жазушы шығармаларындағы өзгешеліктердің бірі – ұлттық бояуды беру тәсілі. Бұл ретте, қаламгер этнографизмдерді ұлттық ерекшелікті, халықтық таным мен шаруашылықты, рухани құндылықтар негізі ретінде көрсетеді.

Жезде – туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі [3, 49 б.].

«Күдайдан безген **жездесі**, сүліктей жабысып жүріп, алып келгелі бір жеті болды» [4, 61 б.].

Құда – күйеу мен қалыңдықтың, ерлі зайыпты адамдардың аталары, әкелері, ағалары, туған-туыстары бір-біріне құда болып есептеледі [3, 416 б.].

М: «Қара елтірі бөркімен екі тізесін оңды-солды сабалап отырып, **құда** болмасты **құда** қылып, қосылмасты қосып шығарады» [4, 353 б.].

Молда – шарифат білгірі, діни рәсімдерді атқарушы, ұстаз. Қазақ жерінде патшалық Ресей билігі тұсында молда қызметін

атқарған діни қызметкерлердің міндеттері мемлекеттік қаулылармен белгіленіп, шенеуніктердің бақылауында болды [3, 465 б.].

М: «– Оғап **молда** өлгелі иесіз далада жын-шайтан өріп жүретін болыпты ғой.» [4, 256 б.]

Бауыр – бірге туған қандас, туыс, ағайын [3, 89 б.].

М: «– Рахмет, **бауырым**, бақытты бол!» [4, 183 б.].

Ана – бір туған қыздардың жас жағынан үлкені. Туған ана, шеше [3, 40 б.].

М: «Қазір ойыма түсе қалған нәрсе-соның арғы түбінде біздің ауыл қалып барады, ауылда **анам** қалып барады» [4, 284 б.].

Қазы-қарта – Қазақтардың ет даярлаудағы ең әйгілі ұлттық ерекшелікке ие тәсілдерінің бірі. Жылқының ішегін жуып-тазартып, оған бір-бірлеп тілінген, әрі тұздалып, бұрыш сияқты дәмдендіргіштер қосылған жылқы қабырғасын майымен тығып, содан соң ішектің екі ұшын мықтап байлап арысқа асып кептіреді. Шамамен бір айда қазы мейіздей болып кебеді. Басқа ірі қараның етінен жасалғаны шұжық деп аталады [3, 357 б.].

М: «Іші-тысы бірдей сыланған, қапшық-қапшық үн дегеніңіз, қарын-қарын май дегеніңіз, сүрленген **қазы-қарта**, жал-жая дегеніңіз, иін тіресіп тұрады» [4, 352 б.].

Жал-жая – ұлттық тағам. Жылқының желке майынан (жалынан) жасалады. Жана сойылған жылқының жалы ұзыншалап кесіліп, тұздалады [3, 201 б.].

М: «Іші-тысы бірдей сыланған, қапшық-қапшық үн дегеніңіз, қарын-қарын май дегеніңіз, сүрленген қазы-қарта, **жал-жая** дегеніңіз, иін тіресіп тұрады» [4, 552 б.].

Шапан – қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі ұлттық киімі болып табылады. Оны қалың матадан арасына жүн, макта салып, астарлан немесе қос астарлан сырып тігеді [3, 721 б.].

М: «**Шапаным** еріп артымда қалқып келе жатыр да, құлақшыным қалқып алдымда кетіп барады» [3, 554 б.].

Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек [3, 98 б.].

М: «Бел астындағы **бесіктегі** бала да шыдасын!» [4, 74 б.].

Қойма – қымбат дүниелер, қазына жасырылған жер [3, 400 б.].

М: «Штаб, госпиталь, электр станциясы, азық-түлік, қару-құрал **қоймалары** түгел жер астында» [4, 869 б.].

Айран – пісірілген сиыр, қой, ешкі сүтінің жылы кезінде ашытқы (айран, қаймақ) қосып, ұйытып дайындайтын қышқыл дәмді ақ тағам түрі. Айран әрі сусын орнына да жүреді [3, 22 б.].

М: «**Айран**, сүт, жұмыртқа, нан сататын әйелдер ұзын тақтайлардың өн бойын өрлей тізіле қалып, қонақтайтын тауыққа ұксап, «қыт-қыттай» бастады» [4, 559 б.].

Кесе – шай ішуге арналған фарфордан жасалған ыдыс, пиала, шынаяқ [3, 308 б.].

М: «Мен апаммен бірге оңаша отыр едім, ашық тұрған есіктен созылған ақ білек үйдің ішінде әлдекімге қызылшұбар **кесе** ұсынып тұр екен» [4, 611 б.].

Киіз үй – киізден жасалған қазақ үйі. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі [3, 313 б.].

М: «-Уә, қайда кеттің!-деген **киіз үйден** еркек даусы да шықты, біздің қолымыз да айырылысып кетті» [4, 211 б.].

Қымыз – бие сүтінен ашытылып жасалған талғамдық әрі дәрілік қасиеті күшті, қышқыл дәмді сусын [3, 435 б.].

М: «Қалтамда сол тұмарша, ауызымда сол **қымыздың** дәмі, құлағымда құлын даусы, басқа дабырдың бірі құлағыма кірмей, бірталай адаммен кемеге келіп міндім» [4, 411 б.].

Тұмар – тіл, көз тиюден сақтайды деген ұғыммен Құран сөзі жазылған үшбұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз [3, 653 б.].

М: «Қалтамда сол **тұмарша**, ауызымда сол қымыздың дәмі, құлағымда құлын даусы, басқа дабырдың бірі құлағыма кірмей, бірталай адаммен кемеге келіп міндім.» [4, 611 б.]

Ұстара – шаш алуға, қырынуға арналған өткір жүзді болат пышак [3, 687 б.].

М: «Оны айту түгіл, қайшы, тарак, **ұстара** деген сөздер аузыма түсіп кетсе, қысылып қалам.»[609-б]

Жалбағай – еркектердің жеңіл баскиімі, далбағай. Жауын-шашыннан, ыстық пен шаңнан, желден қорғану үшін сыртқимдердің өзіне қоса тігілген тымақ. [А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдар ұсынған «Қазақ тілінің сөздігі» (199 бет)]

М: «Қолына жұқа тері биялай, басына жеңіл **жалбағай** киген құлағының іші мен танауының сайларына шаң тұрып қалған Айдаш қасыма келді» [608 б.].

Кұрт-ірімшік – қатықтан (сүзбеден) әртүрлі етіп жасалып, кептірілген сүт тағамы [3, 426 б.].

М: «Ауыл әйелдері өз өмірінің ермегі- отын-су, **кұрт-ірімшік** маңынан көп ұзамаушы еді» [4, 608 б.].

Қамшы – қайыстан өрген, тобылғы сабы бар, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құрал [3, 375 б.].

М: «Араларына араздық ғасырлары тұра қап, шеке тамырлары қызарысып, әуелі сөзбен шайқасып, аяғы не **қамшымен**, не сойылмен тарқар еді» [4, 603 б.].

Сойыл – қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш [3, 575 б.].

М: «Араларына араздық ғасырлары тұра қап, шеке тамырлары қызарысып, әуелі сөзбен шайқасып, аяғы не қамшымен, не **сойылмен** тарқар еді» [4, 603 б.]

Қоржын – иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Түрлі заттар алып жүруге пайдаланылады [3, 409 б.].

М: «Коридордың кең түкпіріне таман барып, екеуі де малдасын құрып алып, **қоржындарын** шешіп, қапшыққа сап аузын байлап алған қымыздарын шайқай бастады» [4, 602 б.].

Қапшық – кішірек қап. Әртүрлі заттар салуға арналған ыдыс. [3, 375 б.].

М: «Коридордың кең түкпіріне таман барып, екеуі де малдасын құрып алып, қоржындарын шешіп, **қапшыққа** сап аузын байлап алған қымыздарын шайқай бастады» [4, 602 б.].

Шолпы – сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан шашбау [3, 736 б.].

М: «Біз көріспегелі арада өткен тоғыз жылды қоссам, қос бұрымында **шолпысы**, құлағында сырғасы сырдырлап, сылан қаққан қыз бола қалады» [4, 596 б.].

Құршек – құмыра тәріздес ыдыс [3, 343 б.].

М: «Стол үстінде екі тас **құршекке** өсірген екі түрлі гүл, біріне бірі азғана бұрала қарап, еркелесіп тұрғандай» [4, 604 б.].

Шұлық – аяққа киетін ұзын тоқыма зат [3, 743 б.].

М: «Тізеден төменгі жағы тал-таймай, табаны жалпаймай, балтыр майыспай, **шұлық** бұралмайтұрғанын қай көз жек көреді!» [4, 590 б.].

Қарындас – бірге туған ағасынан жасы кіші қыз [3, 384 б.].

М: «Амал қайсы, айлар бойы күтсем де «қарындасың келіп тұр» деп ешкім айтқан жоқ... Ақбота біржола хабарсыз кетті» [4, 616 б.].

Жазушы шығармаларында этнографизмдерді бірнеше тәсілдер үшін қолданады. Біз қаламгер шығармаларындағы кейбір этнографизмдерді теріп алдық. Суреткердің ұлттық ерекшеліктерді көрсету үшін, халықтық танымды айқындауда, сонымен бірге сол арқылы ұлттық құндылықтардың мән-маңызын ашуда этнографизмдерді мол қолдануы шеберлігінің де дәлелі.

Этнографизмдердің жазушы шығармаларындағы қолданысы баяндап отырған, суреттеуге негіз етіп алған нысанның белгілерін нақты көрсету үшін де алады. Сонымен бірге шығарма қоғам көрінісі десек, қаламгер өзі суреттеп отырған тарихи кезеңнің бейнелерін де этнографизмдер арқылы барынша дәл береді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгері Ғабит Мүсіреповтің шығармаларындағы этнографизмдер ұлттық бояуға қанық, елдің құндылықтаны көрсетітін, халықтың тарихи кезеңдердегі суреттерін нақты ашатын көркемдік белгілердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға дейін – Алматы: Ғылым, 1987, - 485 б.
- 2 Қирабаев С. Шығармалары. Т. 1 – Алматы: Атамұра, 2005, - 329 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағы. Т. 1 – Алматы: Жазушы, 1980. – 610 б.

ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕСІМДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

СЕРІК Б.

9 «Б» сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ЖУМАБЕКОВА Б. Б.
гуманитарлық білім магистрі, аға оқытушы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халық мәдениетінің қайнар көздерінің бірі ретінде есімдерді зерттеу қажеттілігін қазір барлық ғалым-лингвистер, саясаткерлер, мәдениеттанушылар атап өтуде. Ұсынылып отырған мақалада жаңа ғылымдардың бірі – ономастика туралы әңгімелеуге бағытталған.

Антропонимдер қазақ халқының дүниетанымының ажырамас бөлігі ретінде, ежелгі дәуірде пайда болған. Есімдер халықтың ойлары мен ұмтылыстарын бейнелейді, оның мұраттарын, көзқарастарын, адам отбасы, балалар, жас ұрпақты тәрбиелеу туралы идеяларын көрсетеді. Антропонимдердің прогрессивті

дәстүрлері балаларды қазіргі жағдайда тәрбиелеудің қуатты құралы ретінде қызмет етуге толық негізі бар.

Есім рухани мәдениеттің бір көрінісі ретінде халық өмірінің тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық жағдайларының әсерінен қалыптасты.

Антропонимиканы біз адамдардың жиынтық педагогикалық білімі мен білім беру тәжірибесі ретінде қарастырамыз.

Есімдерді зерттеуде шешуді қажет ететін көптеген мәселелер бар. Біздің жұмысымызда антропонимияның мәнін, мақсаттары мен міндеттерін, айрықша белгілері мен сипаттамаларын анықтау жасалады. Есімдер тек дыбыстық үйлесімділік емес, онда адамдар өздерінің идеалдарын ғана емес, сонымен қатар маңызды дидактикалық принциптерінде бейнеленген. Осыған байланысты батырлардың болжау, түсін білдіру сияқты кең таралған есімдері қазақ халқының өмір оқулығы ретінде қарастырылады.

Есімдердің арсеналы алуан түрге бай: өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, ғалам, ақ және қара түстер, символдық атаулар.

Мақала ғылыми антропонимия тұрғысынан мазмұны мен әдістерін ашуға тырысады.

Мақалада біз есімдердің мәнін ғылым тұрғысынан түсіндіруге тырыстық. Осы негізінде прогрессивті халықтық дәстүрлерді ғылымның талаптарымен үйлестіретін ұсыныстар жасалады.

Қазір антропонимика, ономастика, топонимика туралы бірқатар қызықты кітаптар, брошюралар, мақалалар бар, олар қазақ халқының есімдерін зерттеуге үлкен үлес қосады.

Антропонимдік лексиканың артықшылықтарының бірі – ол барлық жерде бар және бүкіл әлемді өз бойында бейнелейді және бұл баланы әлемнің лингвистикалық суретімен таныстыруға мүмкіндік береді, оның негізгі фрагменттерін – адамды, кеңістікті, затты бөліп көрсетеді, оқиға, қала, жануар, олардың әрқайсысымен болашақта жұмыс істейді.

Ономастиканы зерттеу – лингвистиканың жеке есімдерді зерттейтін бөлімі – лингвистикалық терминологияны меңгеруге көмектеседі: оның терминдері жүйеленген, арнайы сөздікте сипатталған, олар «мөлдір», сондықтан олар жақсы есте сақталады, лингвистикалық терминологиямен жұмыс істеу тәжірибесіне негізін қалау. Сонымен қатар, мұндай сәт өте маңызды; әрқайсымыздың айналамызда арнайы «ономастикалық лексика» қалыптасып жатыр, оның көлемі адамның өмірбаянына және оның тарихи және қазіргі оқиғаларды біліуіне байланысты. Бұл жағдай біздің жұмысымыздың

принципіне – дараландыру принципіне – баланың жеке басын, оның өмірбаяны мен сөйлеу тәжірибесін орыс тілі сабағында максималды түрде қосу принципіне толық сәйкес келеді.

Кейбір есімдерге этимологиялық түсініктемелер түсіндіруге немесе зерттеуге сүйене алады, оларды мектеп оқушылары үлкен қызығушылықпен қабылдайды, әртүрлі объектілерге есім таңдау, атауын өзгерту және тарихи ескерткіш ретінде сақтау сияқты пікірталастардан және мәдени мәселелерден аулақ болу мүмкін емес.

Біздің жұмыс оқушыларға өз мәтіндерін көптеп құруды ұсынуы өте маңызды. Балалар «жазу» тәжірибесін жинақтап қана қоймай, сонымен қатар автордың басталуы сияқты семантикалық синтаксис және мәтіннің грамматикасы сияқты тұжырымдамалармен сөйлесу жанрларымен, отбасылық тарих, еске түсіру, сұхбаттасу, өмірбаян, мақала, сөздік, ғылыми есеп сияқты жанрлармен танысады.

Есімдер бізді өмір бойы сүйемелдейді, біздің мінезіміз бен тағдырымызға із қалдырады. Ата-бабаларымыз атаулардың адамға әсері туралы білген және балаларына олардың ойынша баланы бақытты, сау және бай ететін атаулар берген. Сондықтан, қазақтардың кейбір басқа халықтарға қарағанда айырмашылығы, өз балаларына есімдерді таңдауысан алуан түрлі. Қазақтарда «Азан шақыру» деген ырым бар, балаға ат қою үшін олар молда шақырады, ал ол ата-анасының көзінше үш рет баланың атын дауыстап айтады.

Барлық қазақша есімдер аударылады және нақты ұғымдарды білдіреді. Мысалы, қазақтардың байырғы есімдері: Айгерім – әдемі, Айнұр – ай жарығы, Аружан – әдемі жан, Ақерке – ақ ерке қыз.

Әсіресе «гүл» сөзі туралы айтуға болады, қазақтар арасында «гүл» екінші бөлігі бар есімдер жиі кездеседі. Алмагүл, Гүлнар, Айнагүл. Бұл қыздарды әдемі және нәзік гүлмен салыстырумен байланысты. «Гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі».

Бірқатар есімдер «Ай» және «Күн» сөздерінен басталады. Бұл есімдермен әлі күнге дейін қыздарға ат қояды: Айару (Ай сұлулығы), Айнұр (Ай жарығы), Айдана (пәк), Айзере (Алтын ай). Ата-аналар балаларын осындай дыбыстық есімдермен атай отырып бір мақсатты көздейді: қыздары тек жылы жүзді ғана емес, жарқын жан болуы үшін. Әрқашан өзінің ойларымен, әрекеттерімен, өмірлік өлшемдерімен жарқын болсын деп. Бізде, Павлодар облысында, өте кең таралған есімдер бар: Айнұр, Айару, Айзере, Ақерке, Айсана.

Және де Бексұлтан, Едіге, Абай, Айтуар сияқты ер балалардың есімдері біздің қалада өте танымал. Ер балаларды осындай есіммен атау өте жақсы жағдайларды қажет етеді.

Қазақ халқы еркелететін, мейірімді атаусыз есім жасай алмайды. Халқымыз ұстанған өмір салты балаларды еркелетуге мүмкіндік бермесе де, біздің әжелеріміз бен аталарымыз балаларын еркелете отырып, сол арқылы өздерін қартайған шағында өздерін жұбатқысы, немерелеріне қатысты жұмсақтық пен нәзіктік бергісі келеді. Ал нақты есімге – Жан компоненті қосылады. Мысалы, Серік – Серікжан (дос, қымбатты дос), Қанат – Қанатжан (адал, қолдау). Жан компоненті тек аттарда ғана емес, сонымен қатар бір-біріне жүгінуде қолданылады. Мысалы, Келінжан (аяулы келін), ағажан (сүйікті аға). Бұл халқымыздың рухани жомарттығын, бір-біріне деген құрмет көзқарасының көрінісін түсіндіреді.

Қазақ халқы дамуының әр кезеңінде бұл есімдер әр түрлі түсіндіріліп, қабылданады. Егер кейбір отбасыларда бұл антропонимдер бастапқы мағынаға ие болса (құрметті, қымбатты, сүйікті), басқаларында олар әр түрлі мағынаға ие болады, мысалы, Берікжан (берік, сенімді бол), Сабыржан (байсалды, байсалды бол), Төрежан (жетекші бол, ұйымдастырушы бол).

Бұл есімдер халықтың мәдени-тарихи өмірін, оның ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі салт-дәстүрін бейнелейді. Бұл есімдерге басымдық беру біздің ауданға тән. Бұл тарихи оқиғалардың ғана емес, географиялық орналасудың да көрінісі. Бұл есімдер қазіргі кезде жиі кездесетін қазақтың төл есімдеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, құрмет сезімдерін оятады.

Қазақтардың жеке есімдері сөздік құрамына енеді және ұлттық тіл қорынан алынады, сәйкесінше ана тілінің заңдарына бағынады. Олардың ішінде лексиканың барлық категорияларынан алынған атаулар бар.

Қазақтың антропологиялық түсінігінің негізгі құрамы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін халықтың мәдени-тарихи өмірін бейнелейді. Лексикалық тұрғыдан алғанда, қазақтың төл қабаты антропонимдердің негізгі өзегін құрайды. Онда сөздердің лексика-семантикалық топтары – атаулар әр түрлі.

Балаларға ат қою кезінде қазақтарда ерекше әдет-ғұрыптар болған. Олар сөздің сиқырлы күшімен тығыз байланысты, ежелгі тамырлары бар. Қазақтар арасында жеке есімдерді таңдау іс жүзінде шектеусіз. Ғасырлар бойы жана есімдерді ұйымдастыру мен туу процесі байқалды. Жеке есімдерге деген үжә әртүрлі. Көп жағдайда есімдер бұрын халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге сүйене отырып берілген.

Сөз өнері дамуының әр түрлі кезеңдерінде бояу әр түрлі қабылданады және түсіндіріледі. Фольклорда негізгі бояулардың

тұрақты семантикасы қалыптасты. Бұл кезеңде негізінен бояудың символдық мағынасының тазалығына сәйкес келетін таза түстер қолданылды. Қайта өрлеу дәуірінен бастап бояуды субъективті, жеке қабылдауға көп көңіл бөлінді.

Әр этнос үшін белгілі бір түс схемасын таңдау бояу мәніне берілген қоршаған ландшафтпен байланысты. Жақсы-зұлым, позитивті-негативті, биік-негіз сияқты ұғымдардың қазақ халқы арасында айқын саралануы ақ – қара түстерінің сипаттамаларында көрініс тапты.

Ақ түске берілген мән тұрақты және өзгеруге жол бермейді. Ақ түстің тазалығы, жоғарылауы Ақжүрек (мейірімді ақ жүрек) – мейірімді адам. Ақниет – (таза ойлар) есімдерінде айқын көрінеді.

Атаулардағы ақ пен қараның семантикасы мен символикасы туралы бақылаулар қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінің ерекшеліктерін толық ашуға мүмкіндік береді.

Балаларды зұлым рұхтардан, зұлым көздерден құтқару үшін халық өз балаларына сүйкімді емес атаулар берген – Қарабай, Итбай. Бұл олардың ойынша балаларды құтқарады. Ақ және Қара мәні үлкен жүктемені көтереді. Бұл сөздер антоним сөздер болғанымен, жеке есімде олар мүлдем басқа мағынаға ие болады. Қыздарды Ақбота – ақ + бота – сәби түйе – ақ түйе деп атаған. Түйе дүниеге келгенде, ол жұмсақ болады, осының бәрін олар баладан көргісі келген.

Ақзия – ақ – белый + жарқыраған жарық – ақ жарық «Менің көзімнің нұры» деген сөз бар, сондықтан бұл есім жарық дегенді білдірді. Ақкыз – ақ – ақ + қыз (әдемі қыз).

Кез-келген ата-ананың баласын бақытты және сау көруі туралы арманы оның алғашқы күнінен пайда болып жүзеге асырылады. Есімдерді болжай отырып, ата-аналар өздерінің орындалмаған армандарымен тілектерін баласына енгізгісі келген. Ата-аналар өз сәбилерін үйлесімді дамыған тұлға ретінде ғана емес сыртқы келбетке, ақыл-ой сұлулығына, географиялық орналасуына, табиғи дарындарына, батылдыққа ғана емес, тапқырлыққа, жайдары мінезге, адамгершілік тазалыққа, жомарттыққа, адамгершілікке, қонақжайлыққа да қатысты көргісі келеді. Және осындай есімдер пайда болады: Ербол – батыл, Еламан – күшті, мықты, Дарын – талантты, Думан – бақытты, Елмұрат – үмітті ақтайды, Заңғар – сәулетті.

Ономастика халық өмірінің ең алуан қырларын таңдады. Мысалы, Саубол (сау бол), Баянды (шексіз бақытты), Адал – сенімді, Досжан – достарын сүйетін. Халықтың адамгершілік қасиеттері ғасырлар бойы дамыды, олар ата-бабаларына құрмет

ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Отанға, өз халқына деген сүйспеншілік – адамның ажырамас адамгершілік қасиеті. Мұны біз Елдар (халық берген), Елдос (халықтың досы), Құтел (адамдарға бақыт әкелетін) есімдерден көреміз.

Ономастика мәселелерін зерттеу біздің Республикада антропонимия тұжырымдамасы қалыптасып жатыр деп айтуға мүмкіндік береді. Антропонимия пәні құрылды, оның қайнар көздері, принциптері, әдістері, сипаттамалық белгілері анықталды. Антропонимия тұжырымдамасы есімдерді практикалық халықтық философия көрінісі ретінде, әр түрлі атауларға тамаша бейнеленген әлемнің нақты көрінісі ретінде қарастырады.

Халық ең жақсы адамгершілік қасиеттерге ие идеалды адамды тәрбиелеу туралы арманға жақын ойларды қойды, осының бәрі жаңа адамды тәрбиелеудің заманауи міндеттеріне жауап береді, сондықтан да жақын көңілге лайық.

Адам есімі – қоғам тәрбиешісі. Тарих бойына адам білім берудің объектісі мен субъектісі болған және солай болып қала береді. Дәл осы атауларда адамдар біртіндеп барлық адамды таңдады, ең ақылға қонымды, нақты адамды тәрбиелеудегі идеалға сай келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нурмаганбетов С. С. Путешествие в тайну слова. – А., 1988.
- 2 Жанузаков Т. Ваше имя. – А., 1989. – 190 с.

ҚОРЛАН СҰЛУДЫҢ ЖҮЗІГІ ТУРАЛЫ

СУЛТАНОВА Д.

7 сынып оқушысы,

Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ТУСУПБАЕВА Г. Б.

мұғалім, Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қорланның Естайға берген жүзігі шынымен де ақын аманаттағандай өзімен бірге көмілді ме деген сұрақ көпшіліктің көкейінде жүруі мүмкін.

Жалпы, осынау жұмбақ жайтты анықтау үшін ең алдымен «Бұл жүзік өзі әсем қиялдың жемісі ме, Естайдың саусағында шынымен де болған ба?» деген сұраққа жауап алу маңызды. Естай мен Қорланның махаббаты аңыз сияқты таралып, Мұхтар Шаханов бұл әңгімені өлеңіне былай қосып еді:

Десе-дағы ел дәстүрі ерге сын,
 Қарттарға ескерт – қарсыласа көрмесін.
 Қорланымның көзі болған жүзікті,
 Өтінемін, өзіммен бір жерлесін!
 Серт пен сөзге ұмытшақтау өлкеде
 Ғашық болып өлу – қандай мәртебе!
 Тірлігіме шабыт берген бұл жүзік
 Жарық беріп жатсын маған көрде де! [1].

«Естай жасы алпыстың жетеуіне келгеннің өзінде «Қорланды» айтарда қолына домбырасын алып, біраз уақыт үнсіз тұнжырап, терен ойға шомып, бір күрсініп қойып, көзіне іркілген жасты жібек орамалымен бір сүртіп қойып, әнді бастап кетеді екен. Баяу басталған домбыраның әуеніне дауысын қосқанда бір түрлі күңіренген, көп дүниені көз алдына елестетіп, Исаның «Құралай сұлуындағы» тоқсанға келген Келденбайдың арманындай үлкен, тозбайтын, көнермейтін, өлмейтін армандай үн шығады екен. Естайдың домбыра қаққан оң қолынан аты жоқ саусағындағы алтын жүзік «Мен Қорланның көзімін» деп тұрғандай жарқ-жүрк етіп, әннің ырғағымен қозғалғандай болады екен. Әншінің өзі де «Қорланның соңында өмірдің «талисманындай» жүзігіне қарап: «Я, шырақтарым, мынау сол күндердің куәсі, Қорланның көзі» деп ұзақ уақыт жаңа көргендей тесіліп қарап біраз отырып қалады екен» деген екен Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» кітабында [2, 36 б.].

Жалпы, Естай Беркімбайұлының өміріне үңілсек, ол қазіргі Екібастұз өңіріне қарасты Ақкөл-Жайылмада кедей шаруа отбасында дүниегекелген. Жастайынан сауық кештерінің көркі болған Естайдың Исаның Қабышымен жолдас болуы оның әншілік өнерінің өрістеуіне әсерін тигізеді. Иса Бәсентиіннің қабырғалы Қазанғап әулетінен. Қазанғап Баянауылдағы Шорман, Шоң билерге денгейлес әрі дәулетті, беделді адам болған. Исаның өзі Керекү төңірегіне аты мәлім, қадірлі адам болса, оқыған, көзі ашық баласы Қабыш та ақындық өнерге бейім еді.

Сол Қабыш Маралды деген жердегі бір ауқатты адамның қызына үйленбекші болады. Иса баласының жанына күйеу жолдас боп барар жігіт іздейді. Талай өнерпаздың ішінен Естайды тандап, әкесі де, Қабыш та оған қолқа тастайды. Сөйтіп, Естай күйеу жолдас болып Маралды-Ұрық жаққа барады. Ойын-сауыққа сол құда түскен үйдің аталас туысы Солтанбектің Хұсни-Хорлан деген сұлу қыздары келеді. Естай өзінің әнімен тойдағы көпшілікті тамсандырады. Жұрттың қолқалауымен Арқаның талай әнін

шырқайды. Хорланның да бар ықыласы әнші жігітке ауса керек. Бұл жайында әнші-ақын Естай: «Көз көңілдің сырын шертеді» дегендей, Хорланмен менің базарым күн санап қыза түсті. Хорлан жоқ жерде менің домбырамның құлақ күйі келмей, әні де қанаттанбай, берекем болмайтын күйге ұшырадым. Хорлан да сондай күйде» деп жан сырын ашқан [3, 70 б.].

Естай жайлы деректердің бәрінде екі ғашықтың бір-біріне ынтызар болып, серт беріскені туралы айтылады. Алайда Қорлан сұлу ол кезде айттырылып қойған болатын. Ғашығына деген сағынышы, сүйген жанның серті Естайды Маралдыға жетелейді. «Арада біраз уақыт өткеннен кейін, – деген екен Естай өз естеліктерінде, – Маралды елінің шетіне жеттік. Біз келерден бір күн бұрын Қорланды атастырып қойған адамы алып кетіпті. Менде ес қалмады. Ақыры сүйікті домбырамды қолға алып, баяулатып шертіп басылдым».

Бұл хикаяны сипаттап жазған жазушы Төлеутай Ақшолақов өз еңбегінде аңызға айналған жүзік туралы былай депті: «...бірақ ол Қорланын өмір бойы ұмытқан емес, жүрегінің алтын сандығында мәңгілік сақтаған. Қолындағы қара ала күміс сакина Қорланның өз көзіндей, оның ескерткішіндей, өйткені оны Қорланы сыйлаған еді. Ақын ешуақыт сол сақинаны қолынан алған емес. Ән саларда ол аруақ шақырғандай, сақинасына бір қарап алатын еді».

Естайдың туған ағасы Нұрмағамбеттің баласы Кәрібай Нұрмағамбетов өзінің 1970 жылы жазған естелігінде «1946 жылы ақындар айтысына шақырылған Естай атамыз «Өлеңті» совхозының «Қаражар» участогінен аудан орталығына келеді. Осы сапарында қатты науқастанған ол Краснокутск селосында жатады. Маған хабар үш күннен кейін жетті. Ол кісіні қолма-қол Чкалов атындағы совхоздағы өз үйіме алып келдік. Арада жеті күн өткеннен кейін таңертең ол ауылдағы замандасы Әпеш Тәшовты шақыртып алды. Шай жасатып, семья мүшелерін дастархан басына шақырды. Өзі де дәмнен аздап ауыз тиді. Әсиетін айтты. Сонан соң төсегіне жатты. Бірер минуттан кейін ол мәңгілік көз жұмды. Естай атамызды өзінің әсиеті бойынша Чкалов атындағы совхоздың бірінші бөлімшесінде жерледік» деген. Осы тұста айтқетерлік жайт, Естай атамыздың Қорланнан кейінгі сүйгені – жары Зағишаны Бозтай Жақыпбаев Естай қайтыс болған күннің ертеңінде көз жұмған деп жазса, Естайдың немере інісі Қыздарбек Әміренов: «Ауырып жатып Естай: Зағиша да көп жүре қоймас. Бірдеме болып кетсем сүйегімді елге сүйремей, осында қойыңдар», – деп аманатын айтады. Бірақ Зағиша жеңгем Естай ағадан бір күн бұрын ауырып қайтыс болған еді.

Ағайындар ақынға ауыртпалық түсірмейін деп естіртпеген» деп естелік шертеді [3, 130 б.].

Естайдың көзін көрген, аралас-құралас болған, туыс адамдар айтты деген осындай деректерді зерделесек, Естай ақынның аңыз жүзікті тағып жүргені және оны Қорланның көзі екенін тілге тиек етіп отырғаны шындық. Ал Мұхтар Шаханов ағамыздың «Ғашықтық ғаламаты» дастанында айтылғандай, Естайдың дәл көз жұмар шағында досы Нұрлыбектің бақұлдасуға келгені туралы дерек өзін қарастырған мәліметтерден кездеспеді. Естай ақынның аулына Біржан келгенде оның алдында ән салғаны, басқа да өнер көрсеткен кезеңдері жазба деректерде сақталғанымен, Нұрлыбек атты досымен қарым-қатынасы жайлы көп жазылмаған. Алайда Қимадиден Нығманұлының «Естай» атты дастанында және Рамазан Тоқтаров жазбаларында Естайдың сол қаза болатын сапарында Нұрлыбек атты ақынмен айтысқа бара жатқаны айтылады. Бұл – ақынның Май ауданында тұрған замандасы Нұрлыбек Баймұратов атты ақын. Журналист Айтжан Бәделханов құрастырған «Естай» атты кітапта мынадай дерек бар: «Ақын қайтқан кезінде ішінде болған сол ауылдың тұрғын қарттары 82 жастағы Әлқұлова Қауа, Нұрғалиев Мамырқан, Қабанғалиев Кәрім қарттардан 1989 жылы мән-жайды сұрастырғанымызда: «Естай қызуы көтеріліп, ес-түсін білмей қатты ауырып келді. Бір жұмадан кейін дүниеден өтті. Соғыстан кейінгі таршылық уақыт. Көктемгі аласапыран кез. Ақкөлге хабар беру мүмкін болмады. Біз ол кезде жас болғандықтан жабдыққа онша араласа қоймағанымызбен, «Өлең шығарды», «Нұрлыбек ақын келді» дегенді естіген жоқпыз. Ондай оқиға болса естілер еді ғой. Тегі бертін шыққан сөз болар десті» [4, 25 б.].

Жалпы, ақыл таразысына салсақ, қатты ауырып жатқан адамның өз басымен қайғы болатыны белгілі. Оның үстіне, Естай қайтыс болған кез – соғыстан кейінгі таршылық уақыт, байланыс, қарым-қатынастың қат шағы. Басқа ауданнан Нұрлыбекті шақыртып алдырудың мүмкіндігі де аз. Демек, Естайдың көз жұмарында Қорлан берген жүзікті өзімен бірге көмуді аманаттап тапсырып кетті деген халықтың қиялынан туындаған сәтті аңыз болса керек. Бірақ жүзіктің өзінің негізі Естайда болғаны рас. Олай болса, ол қайда кеткен?

Қабжан Ыбыраев атты жерлесі 1970 жылы жазған «Естайдың сақинасы» атты естелігінде «1946 жыл болатын. Естай ауыр наукастан кейін біздің ауылда дүние салды. Ескі салт бойынша Естай марқұмның киім-кешегін замандастарына таратты. Ал оның жүзігін «Естайдың ғұмырын берсін, бір шаңырақтың жалғызы ғой» деп маған ұйғарды. Талай ойын-тойларда, шілдеханада

қызбозбалалар менен оны қиылып сұрап жүрді», – дейді. Ал Кеңес Төkenов атты азамат 2002 жылы «Қорланның сақинасы туралы осы күнде әртүрлі сөз болып жүр ғой. Чкаловта 1990 жылы болған Естай тойында Әпешев Қараша қаншама адамдардың көзінше «Естайдың сақинасы менде» деп жар салды ғой. Кім білсін оның қолына қалай түскенін. Естай қайтқаннан кейін сүйегіне бес адам түсті. Олар – Әпеш, Дүйсенбек, Биғожа, Ыбырай, бесіншісін ұмыттым. Сақинаны осылардың біреуі алуы мүмкін, әрине. Ол кезде сүйекке түскендерге киім берілетін еді ғой. Ал сол сақинаны Қабжанның қолынан өз көзіммен көрдім» деп әңгіме айтқан.

Естайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп, ол жайлы естеліктерді «Естай» кітабына шоғырландырған зерттеуші Айтжан Бәделханның да Қорланның жүзігі жайлы шындыққа жеткісі келген. «Әнші туралы жаза отырып кейбір авторлардың лирикалық сезім ырғағына құлай беріліп кететіні соншалық, кейде көпшілікке мәлім ақиқат жайттардың өзін құрыққа сырық жалғап, өнін айналдырып жібереді. Мысалы, олардың біреуі Қорлан Естайға күміс сақина беріп еді десе, екіншісі оны жүзік, үшіншісі алтын сақина, төртіншісі ол әдемі көк жауһары бар алтын жүзік еді деп жазады. Осы сыйлықтың соңғы тағдыры да аңыздай бұлаңдап, шырғалаңы мол сонардай болып, ұстатпай кетеді. Бір жазушы әнші жүзігін иесінің өсиеті бойынша өзімен бірге көміп еді деп жазды. Мұның бәрінен әншіге деген үздік ілтипатты сезінесін. Әркім де әншіден ырым алып қалғандардың қатарында болғысы келеді ғой, тегі», – деп түйін жасайды Айтжан аға.

Кей деректердегі тұжырымдар «Естай Хорланға жүзікті жас кезінде емес, бертін, егде тартқан шағында берген» дегенге де саяды. Хорланның өз ұрпақтарының да осы пікірді ұстанатынын ескерсек, бұл да жарасымды көрінеді [5].

Шын мәнінде Қорлан өзінің қосағымен сыйластықта ғұмыр кешкен. Оның жұбайы Нұрмағамбеттің және балаларының саяси қуғынға ұшырап, көп қиындық көргенін ескерсек, Қорланның Естаймен шүйіркелесіп сыр айтысатындай көңілде болуы мүмкін де емес. Бұл сөздеріміздің дәлелі ретінде Рамазан Тоқтаровтың мына жазбасын келтірейік:

«Естай Қорланның қолынан да ұстамаған. Көзбен ұғысып, жүрекпен ғана табысқан. Қорланның толық аты – Хорлығайын. Аға-жеңгелері еркелетіп Қорыш атап кеткен. Естай онымен жақын қатынасқа бармаған, қалжың-наз төңірегінде ауызша ғана тілдескен. «Сенің Қорыш атың келісімсіз ғой. Қорлау болып естіледі. Онан

да «Қорлан» болсын деген екен. Қазақта бұрын-соңды ондай есім кездеспеген. Қорлан оны естігенде жай ғана жымып қоя салған».

Осыдан бірер жыл бұрын елімізден 200 адамға жуық делегация барып, Ресейдің Алтай өлкесіндегі Бөрлі ауданы Қаранай ауылындағы Қорланның мәңгілік мекеніне тәу етіп, белгітас орнатып қайтты. Онда «Мұнда қазақтың хас сұлуы Қорлығайын Әйіпкеліні жатыр» деген жазу бар. Сол сапарға барғандар Қорлан өмірі жайлы деректерге қанығып қайтты.

Қорлан келін боп түскен Құлынды даласының бір пұшпағын жайлаған Әйіптің (Қорланның қайын атасы) әкесі Қуат та дәулетті кісі екен. Сол байлығының арқасында орыстар ауыстырамыз деп келгенде қыруар малын шашып, ауылының атын сақтап қалады. Сол ауыл күні бүгінге дейін «Село Куатовка» деп аталатын көрінеді. Ұрпақтарының айтуынша, Хорланның күйеуі Нұрмағамбет ата Естайдың өз әйеліне іңкәрлігі туралы сөзді онша ұнатпаған. Сол себепті олардан тараған балалар да бұл әңгімені айтуға құштар емес [6].

Қорлан апамыз Ғабдулжәппәр, Ғабдулмәжит, Зейнелғабиден, Назымбек, Нәсіполла атты бес ұлды дүниеге әкеледі. Ең кенжесі жастай шетінейді. Нұрмағамбет болса бай тұқымы ретінде қудаланып, Қиыр Шығысқа, анда-мұнда бас сауғалап қашумен болған. Ақыры баласы Зейнелғабиденнің ерлігінен кейін ақталады. Ал Қорлан ана отыз жетіде елу тоғыз жасында дүниеден өтіпті.

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын

Табиғат берген екен Күн мен Айын.

Мұратқа іздеген жан бәрі жетпес,

Дариға, арманым көп неғылайын?

– деп Қорланды әнге қосқан жерлес, атақты ақынымыз Естайды білмейтін қазақ жоқ. Шынында, кешегі өткен Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Біржан сал сынды дүлдүлдердің ізін жалғаған сал-серілердің соңғы тұяғы Естайдың аты аталғанда Қорлан сұлу мен «Құсни Қорлан» әні ойына оралары сөзсіз. Естай мен Қорлан- ұлы махаббат сезімнің символына айналған тұлғалар. Тарихта бір-біріне қосыла алмай арманда өткен қос ғашықтың кіршіксіз махаббаты әдебиеттегі қияли туындыларға арқау болады.

Ғашықтық тақырыбы-қай ақынның болмасын шығармашылығындағы негізгі тақырыптардың бірі. Кім қай дәрежеде түсінгеніне, қаншалықты қадіріне жеткеніне қарамастан «махаббат» дегенде әркімнің де елең етері сөзсіз. Мұхтар Шаханов атамиздың «Ғашықтық ғаламаты» өлеңіне Естай мен Қорлан оқиғасын кірістіруі де осының дәлелі. Осындай махаббат хикаяларды

түрлендіре жырлап, сезімге қиял қосатын шығармалардың әрқашан да шоқтығы биік болады деп ойлаймын. Қазіргі көп дүниенің құны төмендеген заманда махаббат сезімін дәріптеу - жас жеткіншектерді ізгілікке шақыратын үлгі аларлық тақырып екеніне сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://bilim-all.kz/olen/5963-Gashyqtyq-galamaty>
- 2 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. — 464 б.
- 3 Бәделхан А. Естай. – Павлодар, 2002.
- 4 Ибраев М. Әні кетпес құлақтан // Семей таңы. 19 қыркүйек 1958 жыл, №34.
- 5 Бегалин С. Естай есімнен кетпес. – Алматы: Қазақстан, 1976 – 167 б.
- 6 Аупбаев Ж. Тарих: Естай ғашық болған Қорлан ашаршылық жылдарында азап шегіп қайтыс болған // [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stan.kz/estay-gashyk-bolgan-korlan-asharshylyk-zh/> [Сайтқа жарияланған күні 11 Шілде, 2018].

САЛ-СЕРІЛЕР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АЙТЫЛҒАН ӨСИЕТ-ӨНЕГЕЛЕР

ТЛЕУБЕК Ш.

10 сынып оқушысы, № 17 ЖОББМ, Екібастұз қ.

РАХИМЖАНОВА А. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,

№ 17 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ поэзиясының ерекше дамыған кезі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Бұл кезеңдегі қазақ поэзиясының басында сал-серілер шығармашылығы тұрды. «Сал-серілер поэзиясы – өзіне дейінгі ауызша поэзия мен жазба поэзияның жалғастыратын буын сияқты, өзінің алдында өткендерге қарағанда бір адым ілгері кеткен, жаңалығы, ерекше сипаты бар өнер. Оның қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейткен, тың өрістерге көтерген арна екені дау тудырмайды» – дейді профессор Ш. Керимов [1, 120 б.]. Шындығында да, сал-серілер мұралары қазақ поэзиясын көкке көтеріп, жұлдызын жарқыратты. Осы кезде қазақ поэзиясы жаңа түрге ие болып, сан алуан бояу – өрнектермен дами түсті.

Сал-серілер – әдебиет тарихында да, музыка өнері тарихында да есімдері алтын әріппен жазылып, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне, ықыласына бөленген талант иелері. Олардың жырларында көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы, көркем ойлау қабілеті өзгеге ұқсамайтын өрнектерімен ерекшеленеді.

Жастар мәселесі әр кезеңде өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Қазақ әдебиетінің қай кезеңін алмасақ та, ақын-жазушыларымыз өз шығармаларында жастарды адамгершілікке, оқу-білімге, өнегелі болуға шақырып отырады. Сал-серілер де ел-жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, жастарды жаман қасиеттерден құтылудың жолын көрсетеді. Адамның жаман қасиеттерінің бәрін атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген. Жастарға айтқан өсиеттер көрінісі сал-серілер поэзиясында қандай үндестік тапқанын арнайы қарастырудың өзі де зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Сал-серілер тұлғасы – ғасырлар бойы ұлт мақтаншы болатын, табиғаттан дарынды, қазақтың өзгеге ұқсамайтын дара болмысын жаһандану үрдісінде жарқырата көрсететін, импровизаторлық, синкретті өнерді ұстанушы, дарынды өнер иелері. Ұлт әдебиеті қазақтың халықтық музыка мәдениетінде өзіндік орны бар XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Естай, Қанапия, тағы басқалар.

Сал-серілік өнерді халқына өлмес мұра етіп қалдырған әнші-ақындар тобы - қазақ әдебиетіндегі біртуар тұлғалар. Олар ақындық пен әншілікті, сазгерлікті қатар алып жүрген, сегіз қырлы, бір сырлы өнер майталмандары болды. Олардың назарынан ел арасындағы, заман ағымындағы бірде-бір мәселе тыс қалған емес. Мұның мәнісі неде?

Әнші-сазгер ақындар ел ішіндегі келеңсіз жағдайларды қаламына тиек етті. Олардың өздері де сол әлеуметтік ортаның әділетсіздігінің құрбаны болған. Сондықтан да, өз өлеңдерінде осы мәселелерді шыншылдықпен жазған деп ойлаймын.

Біріншіден, сал-серілерге көрегендік қасиет тән сияқты. Себебі, айналадағы әлеуметтік теңсіздікті жіті бақылап, түйген ойларын батыл айтып отырғанын көреміз. Әсіресе, Жаяу Мұса, Ақан сері, Біржан, Әсеттің өлеңдерінде анық көрінеді. Жалғыз атынан айрылған Мұсаның жаяу атануы, Ақан серінің айықпас трагедиялық халі, Әсеттің туған жерден жат өлкеге кетуі, Біржанның озбыр болыстың қиянатын көруі көрінісі емес пе? Десе де, әнші-ақындар жырының күрескерлік мәні жойылмады деп ойлаймын. Сегіз

серінің: «Қолыма ұстап жүрмін ерлік туын, Көзімнен туған өлке бір-бір ұшып, Сағындым көп Есілдің мөлдір суын» деген өлеңінде өмірлік мақсаттың бағдары айқын көрінеді. Сонымен қатар, туған елден артық ештеңе жоғын да аңғартады. Себебі, сал-серілердің көбі қуғын-сүргінге ұшырап, жат елде жүрген.

Екіншіден, аңшылық, мергеншілік жайлы да жыр еткен. Менің ойымша, қазақ халқының саятшылық өнерін жыр етіп қана қоймай, мықтап сақтап қалған да – осы ақындар тобы.

Ең бастысы, сал-серілер адамның еркін өмір сүруі мен бас бостандығын жырлайды. Сұлулық пен махаббатты дүниенің сән-салтанаты деп көрсетеді. Жақсылық пен жамандықты салыстыра суреттеу де, әнші-ақындардың қозғаған тақырыптарының өзегі болған.

Сал-серілердің шығармашылығында жастар мәселесі қандай орын алды, оларға ақындар қандай өсиет-өнеге айтып кетті? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін Сегіз сері, Біржан сал, Ақан серінің өлеңдеріне тоқталып талдау жасап көрейік.

Ақан сері өмір шындығын терең жырлаған. Асқақ ақын ғана емес, сыршыл лирикалық сезіммен, әншілік орындаушылық композиторлық өнерімен бүкіл қазақ даласына танылған ерекше дарын иесі, арқаның ардагер ақын әншісі болды. Өзі ақын, өзі әнші, өзі аңшы сұлу жігіт Ақанның халық арасына атағы тез жайылады.

Ақан серінің өзі өмір сүрген заман, оның адамдары туралы ойы «Заман адамы» толғауында кеңінен көрініс тапқан. Ақан сері өз замандастары – ел билеген болыс пен билер, байлар мен ауылнайлардың тіршілігі мен қылықтарын, адами қасиеттерін сипаттай келе, жағымсыз қылықтарын мінеп, сынады.

Жұпар мен гүл майының иісін білмес,
Зұлматтың тұмауымен біткен мұрны.
Іші зұлмат болған соң керегі жоқ,
Қаншама болса-дағы жүзі нұрлы, –
деп, сырты бүтін, іші түтін надан адамдарды суреттейді.

Оқу, өнер, білім, жастар еркіндігін, махаббат азаттығын көксеген Ақан сері өзінің өлеңдерінде қоғам өмірі туралы терең толғанып, елімен бірге күңіренеді. Ақынның «Заманға қарап», «Халқым сенген», «Асыл мен жасық», «Адамның біліміне ақыл серік», «Жақсы мен жаман», «Өсиет өлең», «Айтамын замандасқа біраз кеңес» сынды тағы да басқа өлеңдерінің әлеуметтік мәні зор.

Ақын өлеңдерінде адамгершілік мәселесі де көтеріліп, еңбек пен білімнің маңызы насихатталады. Сондай өлеңдерінің бірі – «Адамның біліміне ақыл серік» деп аталады. Ақын:

Тұрмысқа тірі күнде бол себепкер,
Отырма құр үйінде бойға сеніп.
Талап қыл, азды-көпті жұмса ойды,
Әр істің ақырын ойла, көңіл бөліп,

– деп, талаптанудың, еңбектенудің мәнділігін көрсетсе, «Жігіттер» деген өлеңінде:

Адамға мал мен мансап жолдас емес,
Байлықпен шайқап төгіп, ішсең үріп.
Қазына басқан байлық арылғанда
Алғандай қолдың кірін сумен жуып...
Жамандық жақсылыққа бірдей болып,
Жолдасың іші-тыстан болсын жуық.
Шын жүрек, таза тілек табылмайды,
Болмасын сырты күлкі, іші кулық,

– деп, байлық мен мансап, достық пен қастық, жамандық пен жақсылық туралы ой толғайды.

Айтайын замандасқа біраз кеңес,
Жігіттік талап еткен жаман да емес.
Өнермен талпынам деп орға түссе,
Өкініп өз ісіне қайғы жемес, [2, 45 б.]

– дей келе, ақын он үш түрлі жігіттің сипатын береді. Жігіттердің бойындағы түрлі қасиеттерді санамалап отырып, ақын олардың «дархан мінезді», «кеудесін көтеретін», «қажымас қара етті», «терең ойлы», «ақ көңіл, ашық мінез», «сегіз қырлы», «нық сөзді», «қатын жанды», «тәкәппар» сияқты мінездерін ашады. «Айтайын замандас біраз кеңес» дей отыра, ақын жастарға «баянсыз ұшпа бұлт секілденіп, дүниеден биопасыз күнін кешіп», «жамандап бірді-бірге құйылыстырып, қуанып ат алғандай үйге қайтар», «кісіге бойын беріп жақын келмес, семірген мәстек аттай майлы жалды» деген сияқты қылықтардан аулақ болуға, керісінше, оларды «бойына адамдықты жиып ал», «ақ жарқын, ашық ықыласты, ақ көңіл, ашық мінезді», «қажымас қара етті, аттай берік сауыр» болуға шақырады [3, 440 б.].

Сонымен, Ақан серінің жеті қыздың сипаты мен жігіттің он үш түрлі қасиетін жеке беруі «Адамның біліміне ақыл серік» деген идеясын ашатындай.

XIX ғасырдағы қазақ халқы мәдениеті тарихынан ерекше орын алатын ірі ақындардың бірі – Біржан сал. Біржаннан қалған мұралар – салмағы, қадір-қасиеттері, шынайы өнер туындыларына лайық, шын мәнінде ғажайып туындылар.

Біржан қазақ поэзиясына зор үлес қосқан табан асты өлең нөсерін ағылтар ақпа ақын, халқымыздың ақындық өнерінің

шебері(импровизатор). Есмағамбет Ысмайлов айтқандай, «Біржан – бұрын –соңғы қазақтың сал-сері ақындарының ағасы, ұстазы, жанашыр өнерпазы. Өнер дамыған сайын Біржан мұрасы мәңгі бірге жасамақ» [4, 8 б.].

Біржан салдың «Ер жігіт дүниені көргені артық» атты өлеңінде астарлы ой жатқандай. Автордың өмірден көрген-білгені туралы жазылған бұл өлеңіндегі көркемдік ерекшеліктеріне көңіл бөлсек, көптеген әдістерді кездестіруге болады.

Лирика – ақынның ішкі ой-толғанысын, күйініші мен сүйенішін, өмірден көрген-білгенін жеткізу өнері. Бұл өлеңге де автордың ішкі сезімі арқау болады. Ақын лирикалық сезімін астастырып, «Өмірде не артық?» деген сауалға өз пікірімен, көзқарасымен жауап береді.

Жалпы өлең 11 буынға, қара өлең ұйқасына негізделген. Көркемдік құрылымында эпитет те, теңеу де бар. Сөзімізге «ер жігіт», «қиынжер» деген секілді бейнелеу іштерді мысал етіп алсақ болады. Және инверсиялық әдіс, яғни сөздердің орына ауыстырылуы көптеп кездеседі.

Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеден не бар-жоғын сезгені артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,

Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық, – деген алғашқы шумағында автор «аспан жерге түсердей іс» деген теңеуді қолданады. Фразеологиялық мәнге ие бұл тіркес «салмағы ауыр» іс деген мағына беріп отыр. Оған қоса, «шешім қабылдау» дегенді «бел байлау» деген тіркеспен береді.

Қол берген қиын жерде жолдас артық,
Бас тартқан жолдасынан болмас артық.
Өзіңмен бірдей жанып, бірдей күйген,
Досыңнан қатын-балаң болмас артық, –

деген шумақта ақын «бірдей жанып, бірдей күйген» достың қадірін біліп, керек жерде көмекті аямау керектігін айтады. «Өзіңмен бірдей жанып, бірдей күйген, дос» деген сөз эпитет арқылы өрнектелгенін көруге болады.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң, келмес қайтып.
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық, –

ал мына шумағында ақын жастық шақтың қайтып оралмайтынын, уақыттың қадірін бағалау керектігін айтады. Бос жүрудің пайдасы жоқ, жалқаулықтан қаш деп ой тастайды.

Осылай бозбалаға салдым нұсқа,
 Өмірің зайғы болар бекер босқа.
 Көргенің бір күнгідей болмас сірә,
 Міне, ажал келді нәубат деген тұста, [7, 127 б.].

– деген соңғы шумағында «Өміріңді бос өткізіп өлтірме!» деген ақыл айтады автор. Өмір, уақыт тез өтеді. Соның ішінде аңсататыны – жігіттік шақ – шақтық жақ. Әр күнің бір-біріне ұқсамасын деп, бозбалаға жол нұсқайды.

XIX ғасырдағы қазақтың әйгілі сері, әнші, ақын, композитор сегіз сері – Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы Шақшақов әнші, ақын, күйшілігімен қоса палуан, саятшы, атбегі және он саусағынан өнер тамған шебер болды. Осындай өнерпаздығына тәнті болған ел оны Сегіз сері атап кетеді. Сегіз сері бабамыз жайлы оның тұстастары, одан кейін өмір сүрген сал-сері, ақын-жыраулардың ұстаз тұтып, жырға қоспағаны кемде-кем. Мысалы, Біржан сал «Елге сәлем» деген өлеңінде:

Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері
 Солардан үлгі алған мен Біржан сері.
 73 мүшеліме толғанымда,
 Дүние теріс айналып кетті кері.
 Сегіздей асыл адам жаралмайды,
 Халқына болып өткен тым жағдайлы.
 Керейден 100 мың әйел ұл тапса,
 Ешбірі Сегіз сері бола алмайды, – деп жырлайды.

Сегіз серінің өлеңдерінің ішінде «Өсиет» деген өлеңі бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге боларлықтай. Адамгершілік ақыл айтып, халықты түзу жолға салуды өзінің зор мақсаты санағандықтан болса керек. Ақын әр тұста терең толғап, өрнекті де өнерлі сөз жырлайды.

Сегіз серінің ерлерде айтып кеткен өсиет сөздері де бар. Ол нақыл сөздер қарапайым қазаққа, оның елді басшы адамдарына, ұл-қызына, көрі-жасына арнайды. Өз атынан барлық қауымға сәлем жолдап, бақұлдасқандай болады.

Жігіт бол гүл жайнап,
 Майданда көрін атойлап.
 Қалың сарбаз басқар да,
 Тұлпарға мін, бел байлап [8, 425 б.].

Келтірілген ақынның жиырма бес жаспен қоштасу сөздері, өсиеттері мәнсіз емес. Елдің бас көтерген адамдарын тәубаға шақырып, мал, дүние үшін қор болмай, халық үшін, бір құдай үшін қызмет етуін тілейді.

Ақын бол да, әнші бол,
 Тыңдаушы жиын болсын мол.
 Өнегелі жыр жырлап,
 Халайыққа көрсет жол,

– дей отыра, ізгілік, әділет жолынан тайынбай іс қылып, саналы, салихалы өмір кешуін уағыздайды. Адамгершілік, әділет жолдарын тең ұстап, ешкімге обал, қиянат жасамай, тек қана ізгілік жасап өткенін тілейді.

Әрбір адамға үлгі болатындай нақыл сөздер тізбектеліп, өзінің өмір тәжірибесін топтастырады. Тойымсыздыққа, опасыздыққа қарсы күресуге, қанағат, рақым сияқты адал жан айналысар істерге жетелейді. Қажетсіз, өнімсіз іспен шұғылданбай, еліне, халқына, өзіне, жақын-жуығына керекті тиімді әрекеттер істей білуге дағдыланғаны жөн деп жырлайды.

Өтірік сөзден бол аулақ,
 Өсектен қаш бой сақтап.
 Халқың үшін құрбан бол,
 Қашпа жаудан тайсақтап.

Жамандық пен жақсылық, адамдық пен арамдық арасын ажырата білуге, достық пен қастық, шындық пен жалғанды айырып, бірін жақтап, екіншісіне қарсы тұруға шақырады.

Талапты жас, ең алдымен, оқуға күштар болуы керек. Өнер, білім тек оқумен келеді. Тәлім-тәрбие алған жасойлы, өнерлі бопөседі. Арамдыққа, жаман істерге бармайды. Дүние, өмірқызығына алданбай, қиындықтөзіп, ізденуді қолдайды.

Ағалық жастарға айтар өсиетім,
 Тірлікте осы болсын қасиетім.
 Дау жанжал, барымта, ұрлық кәсіп емес,
 Өнер мен білімге аусын бар ниетім,

– деп жастарды оқу білімге, уақыттарың бос өткізбеуге, беделді болуға шақырады.

Ал «Өнер қуып, кәсіп ет, салына бермей өрлікке» деген сөзі ұлтжандылығын айтып тұр емес пе?!

Қорыта келгенде, әнші-сазгер ақындардың көтерген мәселелері әр алуан. Олар өз дәуірінің айнасы сияқты болған. Сондықтан да, өршіл, азаматтық сарындағы жырларын жазып қалдырды. Өлеңдеріндегі астарлы ой алдыңғы буын ағалар мен соңғы түлек інілерді жалғастырып, өмірдің шындығын жасырмай көрсетіп, жасы есейгендешынайы өсиет өлеңдер деп түсіндім. Дала мінезін бойларына мол сіңірген өнер саңлақтарының адамшылық бітімі өлеңдерінде айқын

көрініп, аттары тарих сахнасында ерекше атпен сақталды. Сал-серілер поэзиясы – бүгінгі күннің еншісіндегі асыл мұрамыз!

«Қияға қанат қағар сұңқар едім» – деп бекерге айтылмаған сөз. Сөзсіз, жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар еліміздің болашағы.

Қорыта айтсақ, жастарымыздың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық, әдептілік, ибалылық, төзімділік сияқты қасиеттерді арттырып, олардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, өмірлік жолдарында ұстануына септігін тигізуге әсер етуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Керимов Ш. Өнші-ақындар поэзиясындағы дәстүр мен даралық мәселесі. – Алматы, 1991 (канд. дисс.)
- 2 Қорамсаұлы А. «Шығармалар» – Алматы. – 1963. – 288 б.
- 3 Замана бұлбұлдары [Мәгін] / А. Жұбанов. - Өнд. толық. 2-бас. – Алматы : Дайк-Пресс, 2001. – 440 б
- 4 Нұрғали Р. Қазақ Әдебиетінің алтын ғасыры: Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 5 Жұмабаев М. Ақансері. // Шығармалары. – Алматы. –1989. –512 б.
- 6 Сөкенсері (Жүнісов С.) Ақансері – алыптардың бірі // Егемен Қазақстан. – 1993. – 31 шілде. – 2 б.
- 7 Біржан сал шығармалары – «Нұрлы Press.kz» Алматы. – 2014. – 127 б.
- 8 Жұбанов А., «Заманабұлбұлдары» – Алматы. – 1975. – 425 б.
- 9 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 149 б.

БАЛАМАСЫЗ ЛЕКСИКАНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТҰРАРХАН Т.

9 сынып оқушысы,

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

ХАЙСИНА К. К.

қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі,

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

Аударматануда баламасыз лексиканы аудару жолдарының бірнеше амал-тәсілдері бар. Олар аудармаларды зерттеу және талдау негізінде қалыптасқан.

Лақунаның аудармадағы көрінісіне көңіл бөліп қарайтын болсақ, лақуна сынды күрделі мәселе туралы сөз қозғалған жерде міндетті түрде аудармада түсініксіз, бос қуыс орындарды толтыру жолдары қарастырылады. Аударылған сөздің мән-мазмұнын жеткізу барысында аудармашы, бір жағынан, халықтың мәдени ерекшелігін, тіпті әмбебаптылығын көрсететін сөздің мағынасын сақтауға тырысып, екінші жағынан өзге тіл мен мәдениет өкілінде осыған ұқсас ассоциациялар туғызатындай етіп, ол сөзді баламалы аудармамен ауыстыруға тырысады. Бірақ осыны жүзеге асыру кейде аудармашы мүмкіндігінің шегінен шығып жатады. Ғалым Л. К. Латышев баламасыз лексиканы жеткізудің келесі әдістерін ұсынады:

1) транслитерация – кірме сөзді еш грамматикалық немесе фонетикалық өзгеріске түсірмей қолданысқа енгізу. Ол дегеніміз – шет тілдің сөзін аударудан бас тартып, оны бастапқы қалпында қалтыру.

2) калька – баламасыз сөздің немесе сөз тіркесінің бөлшектері (морфемалар) аударылып отырған тілде толықтай алмастырылуы.

3) түсіндірмелі аударма – аударылып отырған сөздің мағынасын жан-жақты ашып сипаттау.

4) болжалды аударма – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі үшін аударылып отырған тілдің сөздік қорында мағынасы ең жақын сәйкестікті іздеу. Бұл әдістер аудармашыға реальный сынды сөздерді дұрыс аударуға мүмкіндік береді.

Ғылымда лақунаның белгілерін таньгумен қатар классификация яғни «жіктеу» жасау ісі де қарастырылуда. Бүгінге дейін этнолингвистер мен мәдениеттанушылар лақуналардың мынадай түрлерін ажыратады: тілдік және этнографиялық; бірегей және жеке; тіларалық пен тілішілік; абсолютті және салыстырмалы; гипернимиялық пен гипонимиялық; лексикалық, грамматикалық, стилистикалық; векторлы. Жоғарыда көрсетілген мағлұматтар лақуна феноменіне байланысты әлі күнге зерттеу жұмыстары аяқталмауының және ғалымдар арасындағы пікір-таластардың тоқталмауының дәлелі. «Лақунаның пайда болуы эквивалентсіз лексиканың бір түрі болып саналатын лингвомәдени реалиямен байланысты. Бұл екі мәселе аударма мәтін корпустарын салыстырмалы зерттеулерде және кең түрдегі аударма жүргізу жұмыстарында бірін-бірі толықтыратын ұғым ретінде қаралуы тиіс. Түпнұсқа мәтіндегі лингвомәдени реалия бар жерде алғашқы кезекте аудармашының алдында, одан соң аударма мәтінді оқитын өзге тіл сөйлеушінің санасында лақуна туындайды». Яғни, лақуна

– сөздің не белгілі түсінік аудармасының, баламасының өзге тілде болмауы, ұлттық мәдениеттік түсініктерге ғана тән және тек ұлттық түсінікте ғана берілуін айтады. Лакуна мәселесі XX ғасырдың 50–60 жылдарында шетел ғалымдарының зерттеу нысанына алынса, орыс тіл білімінде осы бағытта алғашқылардың бірі болып Ю. А. Сорокин, И. Ю. Марковина, И. В. Томашева, Г. В. Быкова сынды бір топ тілтанушылар қалам тартқан. Ал қазақ тіл білімінде лакуна әлі де толық зерттелмеген, шешімін таппаған мәселелер қатарына жатады. Ғалымдардың еңбектерінде лакуна, оның анықтамасы, іштей мағыналық топтарға топтастырылуы, лакуна мен реалий сөздердің өзара ұқсастықтары мен айырым белгілері айтылғанымен нақтыланған, жүйеленген, бір ізге түскен анықтама әлі де жоқ екенін байқауға болады. Латын тілінен аударғанда lacuna – ойыс, қуыс, шұңқыр деген мағынаны білдіреді. Бұл тілші-ғалымдардың зерделеуде ұстанған басты қағидалары болуда. Лакуна терминін ең алғашқы болып 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында ғылыми айналымға енгізген Канада лингвистері Ж. П. Вине мен Ж. Дарбельне бұл тілдік бірлікті еңбектерінде былай түсіндіреді: «Лакуна дегеніміз – бір тілде бар сөздің мағынасы өзге тілдің сөздік құрамында көрініс таппауы немесе сол сөздің аудармасы түпнұсқаға сәйкес болмауы». Осыған ұқсас анықтаманы Ю. С. Степановтан да көре аламыз. Ю. А. Сорокин мен И. Ю. Марковина авторлығымен жарық көрген еңбекте лакунаға мынадай анықтама берілген: «Лакуна дегеніміз – мәтіннің көлеміндегі бөлшекте кездесетін қате, түсініксіз, ұғынықсыз жайт».

Ғалым В. Г. Гак лакуналар пассив қолданыста болатын және екінші бір қоғамда ғана емес, өзінің төл тілінде де сұранысқа ие болу қабілетін азайтқан сөздерден болатындығын айтады. Сондықтан да «қарама-қарсылықты лингвистика» терминін ұсынады. Ғалым орыс және француз тілдерін салыстырып, орыстың сутки, кипяток сөздері француз тілінде лакуна болатынын айтады. З. Д. Попова мен И. А. Стернин: «Түрлі тілдердің денотативті ұяшықтарының толымсыз баламасы болуы нәтижесінде лакуна (өзара салыстырылатын тілдердің бірінде басқа тілде бар болатын атаудың не өзге түсініктің болмауы) сияқты құбылыс пайда болады», – дейді. Әрине, лакунаға берілген анықтамалар осы аталғандармен ғана шектеліп қалмайды. Жоғарыда келтірілгендерді негізге ала отырып, лакунаға мынадай анықтама беруді жөн деп санаймыз: Лакуна – қарым-қатынас барысында, аударма жұмысында кездесетін, бір

мәдениет өкілінің сөздік қорында бар лексема өзге ұлт өкілінің лексикасында көрініс таппауы, жоқ болуы.

С. Влахов пен С. Флорин реалий сөздерді аударудың екі түрін белгілейді: транскрипция және аударма. Аударманың өзін іштей тағы да төрт түрге бөледі:

1) неологизм енгізу: калька, жартылай калька, меңгеру (освоение), семантикалық неологизм;

2) жуық аударма: түр-сипаттық сәйкестік, функционалды аналог, түсіндіру (баяндау, суреттеу);

3) контекстуалды аударма. Ал ғалым Л. К. Латышев баламасыз лексиканы жеткізудің келесі әдістерін ұсынады:

1) транслитерация – кірме сөзді еш грамматикалық немесе фонетикалық өзгеріске түсірмей қолданысқа енгізу. Ол дегеніміз – шет тілдің сөзін аударудан бас тартып, оны бастапқы қалпында қалтыру.

2) калька – баламасыз сөздің немесе сөз тіркесінің бөлшектері (морфемалар) аударылып отырған тілде толықтай алмастырылуы.

3) түсіндірмелі аударма – аударылып отырған сөздің мағынасын жан-жақты ашып сипаттау.

4) болжалды аударма – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі үшін аударылып отырған тілдің сөздік қорында мағынасы ең жақын сәйкестікті іздеу. Этнографизмдерді аударма мәтініне енгізу – белгілі бір халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін таныту, екінші жағынан, бұндай сөздердің аударма мәтінінде дұрыс жеткізілмеуі – оқырмандарға шығарманы түсініп және қызуғушылықпен оқуына кедергі жасайды.

Демек, кез келген туындыны тәржімалауда аудармашы, ең алдымен, шығарманы негізге алып, түпнұсқасына сай немесе мағынасына жуықтатып, ұлттық ерекшеліктерді барынша сақтай отырып аударуы керек. Сонымен қатар аударылатын тілдің дүниетанымын ескеріп, зерделеп, оны басты назарға ілуі тиіс.

Тұрмыстық салт-дәстүрлермен, тұрмысымызбен, этностық ерекшеліктерімізбен, халықтың ұлттық қасиетімен тығыз байланысты пайда болған ұғым атауларын «этнографизмдер» дейміз.

Кез келген бір елдің рухани және материалдық құндылығын дара тұтатын, дүниетанымы оның өткен санғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен өлшетенетіні хақ.

Тілдерде қай-қайсысында да фразеологиялық тіркестер сөздік құрамында ең күрделі, өміршен, аса образды және өзіндік ерекшеліктері бар бөлігі. Әрбір тілдегі фразеологиялық тіркестер сол тілдің иесі – халықтың негізгі ұлттық белгісін, тарихи даму

жолы, әрі сол тарихи қалыптасқан кезендердегі күллі тіршіліктің тынысын танытады. Тарихи даму кезеңдеріндегі қазақ халқы бастан өткерген дүркін-дүркін өзгерістер қазақ халқының лексикалық-грамматикалық жүйесін талай сатылы қозғалысқа түсірген болса, нақ осындай өзгерістер екпінінің талқысына ұшырамай, өзінің біртұтас жүйе қалпын, тұлға-тұрпаты мен мағына мәнін сақтап қалған тіл құрамындағы фразеологиялық тіркестер. Дегенмен, кейде мұндай тәсіл мүмкін емес. Аударма тілінде оған сәйкес келетін фразеологизм болмауы мүмкін, болған күннің өзінде стилистикалық жағынан сәйкес келмеуі мүмкін. Осы жағдайда: бірсөзді сәйкестікке, сипаттама аудармаға, калькаға (сөзбе-сөз аудармаға) сүйенеді. Егер аударма тілінде сәйкес келетін тұрақты оралымдар болмаған жағдайда, фразеологизмдерді сөзбен аударуға болады немесе тілде аударма тіліне сәйкес келетін фразеологизмдер болған күннің өзінде де олардың эмоционалды-экспрессивтік және стильдік құны түпнұсқадағы бірлікте барынша ерекшеленеді.

Фразеологизмдер жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма тәжірибесі үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі мәселенің бірі. Аударма тәжірибесінде фразеологизмдерді екінші тілде берудің қиындықтары кездеседі. Себебі әр тілдегі фразеологизмдердің мағыналық және де семантикалық қызметі алуан-алуан болады. Оның құрамына енген сөздердің байланысы да әр тілде әр қилы. Сондықтан да фразеологизмдерді аудару барысында әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді.

Қазақ мақал-мәтелдері басқа да тілдегі мақал-мәтелдер секілді халық даналығының бейнесі болып табылады және халықтың өмірлік тәжірибесін «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіру» арқылы қысқа формада алуан түрлі құбылыстардың, олардың ерекшеліктерінің мәні мен тереңдігін көрсетеді. Мақал-мәтелдерде оларды жасап шығарған халықтың өмірі жан-жақты бейнеленеді деп айтуға толығымен болады.

Қандай да бір елдің, халықтың дәрежесін көтеретін, елдігін, абыройын сақтайтын оның ауыздан-ауызға таралған, атадан-балаға мұра болып жеткен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тарихы, тұрмыс-тіршілігі – оның күллі өмірінің жетістігі саналмақ. Сәйкесінше, «ұлттық мұраны» қадірлеу өз туған тіліңнен басталса, ал оның терең тарихынан мол ақпарат беретін, өзге ұлтқа «түсінікті» ұғым тудыратын аударма, аударматану үлкен қызмет атқарады. Аударма арқылы әртүрлі көзқарасты қауымның, әртүрлі тіл өкілдерінің етене жақын мәденетаралық байланыс жасауға ықпал жасайтын көпір.

Аудама ұлттық және әлемдік мәдени үрдістің маңызды құралы саналмақ. Бұл арқылы ол белгілі бір халықтың және онымен қарым-қатынастағы басқа да елдердің әр дәуірдегі мәдениетінің тарихи және ұлттық ерекшеліктері саналады. Адамзат тарихында бір-бірінен тілінің бөлектігіне қарай топтасқан адамдар қауымдастығы қалыптасқаннан-ақ әртүрлі тілді қауымның, топтың өзара түсінісіп, тілдесуіне дәнекер болатын «көстілді» адамдар-тілмаштар пайда болған. Жазба аудару қалыптасқан тұстан бастап-ақ тәржіма халықтың мәдени-қоғамдық өмірінің алуан тіршілігімен қатар өріліп, біте қайнасып жататын күрделі құбылысқа айналды.

Мәдениетаралық байланыстың танымал формасының біріне көркем аударма жатады. Автордың көркем мәтіні жазған тілдің фонетикасы, лексика және грамматикалық құрылысы ерекшелігімен ғана емес, сондай-ақ сол тілдің өзіндік экспрессивті-стилистикалық құралдар жүйесін көрсетіп, тілдің жарқын кескінін салады. Сонымен бірге әрбір көркем мәтін өзінің стилистикалық кодымен ерекшеленеді.

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Көркем аударманың негізгі мақсаты – түпнұсқаның мазмұнын толық беру, аударылатын тілдің табиғи заңдылықтарын, нормаларын қадағалау және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сақтау.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.-361 б.
- 2 Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. -215 б.
- 3 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. – Алматы, 2004.
- 4 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 1980. – 338 с.
- 5 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (по материалам произведений М.Ауэзова). – Алматы: Наука, 1989.
- 6 Попова Т.Г. Национально-культурная семантика языка и когнитивно-социокоммуникативные аспекты (на материале английского, немецкого и русского языков). М., 2003. – 25 с.
- 7 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.

БАЛДЫРҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒАЛЫ ЖЫРЛАР (Қ. МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

ХАЛИКОВА А.

5 сынып оқушысы, № 43 мектебі, Павлодар қ.

АҮКЕНОВА С. Р.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 43 мектебі, Павлодар қ.

Әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі – ақын-жазушылардың шығармаларының көркемдік табиғатын ашу. Шығармаларды әдебиет тұрғысынан зерттеу өте күрделі іс және ол ғылыми жағынан өте мұқият қарастыруды қажет етеді. Бұл жазылған мақалада автор қазақ халқының ақиық ақыны, қазақтың ұлттық поэзиясына өзінің қайталанбас ерекше бір көркемдік әлемімен келген Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналып жазылған өлеңдеріне талдау жасайды. Балалар әдебиеті – қарапайым да күрделі, нәзік те қызық әлемнің ерекше көркем дүниесі. Ал қазақ балалар әдебиеті – сан жылдар бойына жинақтаған бай тәжірибесі бар, сан жанрлы да сан салалы әдебиет. Қадыр Мырзалиевтың шығармашылығы балалар әдебиетінде қашан да өзінің жоғары бағасын алып, қазақ балалар әдебиетінің тарихында өшпес мұра болып қала бермек [1, 12 б.].

Балалар әдебиеті – қарапайым да күрделі, нәзік те қызық әлемнің ерекше бір ғажайып дүниесі. Балалар өздерінің жан-жағындағы болып жатқан құбылыстардың барлығын ересектерден басқаша қабылдайды. Шығарма арқылы бала қоршаған ортамен танысады, көреді, өз ойын, пікірін айтады. Кез-келген шығарманы әңгімелей отырып біз баланы жаңа бір нәрсемен таныстырамыз. Әр түрлі тақырыптағы тақпақтар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер арқылы оларды әдептілікке, мейірімділікке, еңбекке баулимыз. Балаларға арналған шығармалардың басты мақсаты – балалардың рухани мәдениетін байытып, туған жерін сүйеге, үлкенге құрмет көрсетуге, ата-анасын сыйлауға, мейірімді, адал болуға тәрбиелеу, яғни балалар әдебиетінде берілген шығармалардың тәрбиелік мәні аса зор.

Қазақ балалар әдебиеті – сан жылдар бойына жинақтаған бай тәжірибесі бар, сан жанрлы, сан салалы әдебиет. Қазақ балалар әдебиеті дегенде осы балалар әдебиетіне қалам тартқан танымал ақын Қадыр Мырзалиевты ерекше атап өтуге болады. Қазақ әдебиетінің дамуы мен өркендеуіне, поэзия жанрының барынша жанданып, кемелденуіне өзінің мол үлесін қосқан, қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, мазмұнын сапаландырып, көркемдік деңгейін биікке өрлеткен, өзінің бойындағы талантымен, айбынды үнімен қазақ

өлеңіне тың жаңалықтар әкелген ақын, қайталанбас ұлы тұлға Қадыр Мырзалиевтың өлеңдері сан қырлы, сан алуан тақырыпта жазылған. Ол балалар поэзиясын биік белеске көтерді [2, 22 б.].

Поэзияға қазақ әдебиетінің алдыңғы буыны болып есептелетін ақындарымыздың қосқан үлесі өзгеше. Қазақ поэзиясында тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант иесі – Қадыр Мырзалиев. Ол халқымыздың, туған жеріміздің бұрынғы қадір-қасиетін сәтті жырлаған ақын. Өз еңбектерінде жаңа дәуреннің, жас азаматтың бейнесін жасауға бет бұрған ақын. Ақын өлеңдері оқушы жұртшылығына салиқалы ойыменен, тапқырлығымен, түйдек түйіндерімен қымбат.

Қ. Мырзалиев балалар әдебиетіне де қалам тартқан, балаларға арнап біршама өлеңдер жазып, балалар әдебиетінде өз ізін қалдырған ақын. Балаларға шығарма жазарда ақын олардың ой-өрісінің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеріп отырған. Ақын өлеңдері барынша қысқа, барынша ойлы. Сонымен қатар ақын өлеңдерін бірыңғай ақылға құрмай, жастыққа тән жалынға бөлеп, сезімге де еркіндік берген. Ақын өлеңдерінде балаларды туған жерін сүйеге, үлкенге құрмет көрсетуге, ата-анасын сыйлауға, мейірімді, адал болуға тәрбиелей отырып, жалқаулықты, салақтықты, епсіздікті, өтірікті сынайды.

Қадыр Мырзалиевтың бір ерекшелігі – оның көптеген өлеңдерінде тартыс бар, жақсылық пен жамандықтың арпалысуы бар, сол арқылы оның өлеңдері тартымды да қызықты болып келеді. Мысалы баланың жидек теруге жалаң аяқ барған кездегі жағдайы мынадай екі жол өлеңмен беріледі: «Қолым теріп бүлдірген, шөнге терді аяғым». Яғни, шығармалары тілі жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше.

Балалардың ой-өрісінің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеріп жазылған жақсы жырлар оқырмандардың жасын талғамайды. Қадыр Мырзалиев сияқты қаламгерлер кішкентайлардың ғана емес, үлкендердің де қалаулы ақыны. Балалар ақындарының ересектер үшін өлең жазатын ақындармен салыстырғанда бір артықшылығы осында. Мысалы ақын «Қайрақшы» өлеңін балаларға ғана емес, үлкендерге де арнаған. Өзінді-өзін үнемі қатаң бақылау, өзінің әр қадамына орынды баға беру өзінді-өзін тәрбиелеудің ең басты шарты болып табылады дейді. Демек, бұл өлең де баланы қайраттандырып, ынталы, жігерлі болуға үндейді [3, 32 б.]:

Біраз жерге кісіні
Апаратын қайрат қой.
Өнсін десең ісінді,
Өзінді де қайрап қой!

Ақын кейбір өлеңдерінде жұмыс, еңбек сияқты атауларды аузына алмай-ақ, өлең тілімен өрнектеп жеткізеді. Еңбектің маңызын, мәнін түсіндіреді. Ештеңе тындырмағанның елге қадірі жоқ деген ойды өзінше түсіндіреді. Ол көбіне адамдарға қалай өмір сүру керегін үйретіп, үгіт айтпайды, бәрі де өзіне байланысты дейді. Ақын жырларындағы педагогикалық, тәрбиелік, философиялық, тарихи тағылымдардың көпшілігі ел ішінде таратылып, қанатты сөздерге айналып кеткелі қашан. Әсіресе, мына бір қанатты сөздерге ерекше мән беруге болады:

Маған бүгін керек емес ертегі,
Ертеңгіні өз балам да шертеді,
Тарих керек - ірге тасы халықтың,
Іргетассыз қаланбайды ертеңі!

Бұл – Егеменді елдің бүгінгі жас өрендеріне қаратыла айтылған сөз.

Кең далам – менің байтағым,
Далам деп өлең айтамын,
Қалжырап барып өзіңе,
Қайратқа мініп қайтамын.

Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған шығармаларының тағы бір ерекшелігі – танымдық, білімдік мағынасы мол. Ақын жалаң дидактиканы насихаттамайды, тәрбие мен ақылды балаларға іс-әрекет, ойын, ойлау арқылы түсіндіреді. Балаларға арналған өлеңдерінде бала болып ойлайды да, бала болып сөйлейді де. Міне, сондықтан, оның жасаған балалар бейнесі, әсіресе, бала жанды лирикалық кейіпкер бәрімізге етене жақын, оның бойынан біздер бір кездегі өз бейнемізді, өз тіршілік-тынысымызды сезгендей боламыз.

Қадыр Мырзалиев жасаған балалар обрызының галереясы сан алуан. Ішінде пысығы да, шолжаңы да, еркесі де, ақылдысы да, ойлысы да, сұңғыласы да бар. Бірі ақылды байыпты болса, енді бірі тентек, сотқар болып келеді. Оның үстіне Қ. Мырзалиев осынау жағымсыз әдетімен бізді қынжылтып отыратын балаларды әбден түйреп, олардан үміт үзіп кетпейді, кейде олардың бұл қылықтарына езу тартқызып, балалыққа лайық сотқарлық қой әншейін, ертең өзі-ақ қойып кетеді дегендей де ой аңғарын байқатып отырады [6, 12 б]. Мәселен:

Көтеріп кластың шандағын,
Тасыпты ласты мандағы.
Кім кінәлі? –
Тінәлі!,
Су жаңа картаны сызыпты,

Кескілеп партаны бұзыпты.

Кім кінәлі? –

Тінәлі!

«Күндіз неге жап-жарық, түнде неге қараңғы?» атты өлеңін талдасак:

– Күндіз неге жап-жарық?

Түнде неге қараңғы?

Бұртиды інім таң қалып,

Естіп әлгі сауалды.

– Күні бойы қалжырап,

Көзін жұмып түнде күн,

Ұйықтайды маужырап...

Соны аға білмедің!..

Білгір екен ініміз!

Сіз де құлақ түріңіз.

Бұл өлеңдегі түн мен күн жайлы кішкентай інісінің пайымдауы, оның ойы көңілге қонымды, түсінікті. Күннің күні бойы қалжырауы, түнде көзін жұмып тәтті ұйықтауы барлығы да баланың өз қылықтарына ұқсас. Ақын лирикалық кейіпкердің жас ерекшелігін, түсінігін «Бұртиды інім таң таң қалып» деген жолдармен көрсетеді. «Бұртиды» сөзі арқылы баланың өкпе-ренішін көрсек, «таң қалып» тіркесі арқылы ағасының білместігі баланы таң қалдыратынын көреміз.

Қ. Мырзалиев балаларға арналған қай өлеңінде болсын сөз қолданысы мен ой айту шеберлігін қатар ұстанып отырады. Ол бір детальдың төңірегінде нақты бір мінездің не құбылыстың айқын, анық бейнесін жасайды. Әсіресе, іс-әрекетті көрсету арқылы баланың мінез-құлқын керемет жасайды. Мысалы, балалар бойындағы қыңырлық тәрізді әдеттегі қылықты Қ. Мырзалиевтың «Ішік» өлеңінен көруге болады. Өлең барысында бала бір киіп көрейін деп ішікті сұрайды. Бұдан кейіпкердің жақсы затқа, әдемілікке қызыққыш сезімі беріледі. Інісіне сатып алынған ішікті ағасы киіп көріп бермей, өктемдік жасайды және оған інісі керемет жауап қатады:

Апаммен келісіп,

Алып ек бір ішік.

Көкеме ол ұнады,

Қиылып сұрады:

– Бір киіп көрейін,

Бағасын берейін! –

Деп алып, бермеді,

Қолын бір сермеді.

Айтқанға көнбеді,
– Бұл саған кең! – деді.
Шынына келсеніз,
Кигізіп өлшеніз.
Кең емес ішігім,

Мен өзім кішімін! – деп, өлеңнің шешімінде ақын баланың кіршіксіз таза жанын көрсетеді. Біріншіден, бала аузынан шыққан бұл тәтті сөздер оқушыны еріксіз езу тартқызып, кейіпкерінің ақжарқын, адал мінезіне сенімін арттырса, екіншіден, дәл осы жолдардың өзінде ойлы мән жатыр. Ондағы мәселе ішкітң үлкен-кішілігінде емес, кейіпкердің қабылдау шынайылығында болып тұр. Баланың келешекте өсемін деуі, ішкітң сол кезде дәл болатындығына сенімі, баланың бар эмоциясы тек сәбиге ғана тән сезіммен, сөздермен беріліп тұр.

Ақын өлеңдерінен балалар өлеңінің сан алуан түрлерін көре аламыз. Мысалы: «Аурудың аты» өлеңін алсақ, бұл өлеңде ақын баланың талғамына сай келетін ойды беріп, сәби жанының сенімпаздығын, аңқаулығын жыр етеді:

Береке кетіріп,
Ауырдым өтірік.
Апам да,
Атам да,
Әкем де,
Көкем де –
Бәрі де қиналды.
Жаныма жиналды.
Ұсынып асымды,
Ұстады басымды.
Халатты дәрігер
Келгелі әбігер.
Кеудемді тындайды,
Сұраудан тынбайды:
– Ішің бе?
– Ішім де!
– Тісің бе?
– Тісім де!

Өлеңде кішкене бала ауырса адамның барлық жері бірдей ауырады деп ойлайды да үй-ішінің, дәрігердің әбігерін көріп, сәби жүрек өзі өтірік айтып отырып, өз сөзіне өзі сеніп қалады:

Шын ауру шығармын,
Деп ойлап жыладым, – деп бала істің байыбына әбден көзі жеткеннен кейін, ауру еместігін біліп, қатты қуанады. Өлеңнің басында баланың еркелігі көрінсе, одан кейін өтірік айтқандары шын болып шығуынан қорықса, өлеңнің соңында өзінің сау екендігін білген бала қуанышы берілген. Бір ғана өлеңнің ішінде баланың бірнеше сезімін қатар суреттеу ақынның үлкен шеберлігін көрсетеді.

Ақынның «Есеп» өлеңіндегі көркем бейне Майқан сияқты сабаққа, есепке ықылассыз балалар қатарынан болғанымен, ұтқыр жауабымен бейнеленеді:

– Бес алманың үшеуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады? –
Тез шығара алмадым,
Мен бұл есеп-мысалды.
– Сол досым сол алманың
Бәрін алсын! – дей салдым.

Есепті шығара алмаған баланың тапқыр жауабы арқылы оның бейнесін ғана емес, осы жауапты беріп тұрған кездегі көңіл-күйін, эмоциясын байқаймыз. Бала бойындағы ішкі қарсылықты оятып тұрған есепті шығара алмаған кездегі қиналыс басқа, алмасын сұрап алған досының қатысуы лирикалық қаһарман жауабының сенімді шығуына ықпал етеді.

Осындай ерекшеліктері арқылы ақын Қадыр Мырзалиев өзінің балаларға арналған поэзиялық туындыларымен қазақ балалар әдебиетінің қазіргі дәрежесіне айқын да салмақты үлес қосты, балалар туралы танымдық, тәрбиелік мәні аса бағалы дүниелер әкелді.

Жалпы қорыта айтар болсақ, сан салалы тақырыпта сөз қозғап, өлең жазған Қадыр ақынның шығармалары өте құнды, өте мәнді дүниелер. Қадыр Мырзалиев өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол халықтың ұлттық сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды.

Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Қадыр Мырзалиев мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нарымбетов Ә. Қазақ поэзиясындағы дәстүр тұтастығы. – Алматы: Жазушы, 1981. 4 б.
- 2 Қабдолов З. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. I том. – Алматы: Қазығұрт, 2001. 7 б.
- 3 Мырза Әли Қ. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 2005.
- 4 Мырза Әли Қ. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 8 том. – Алматы: Қазығұрт, 2001.
- 5 Мәшһүр Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: 2007. – 310 б.
- 6 Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 7 Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 998 б.
- 8 С. Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 224 б.

ЕСІМДЕР СЫРЫ

ЧЫРМАШБАЕВА А. А.

8 сынып оқушысы, № 5 ЖОББМ, Павлодар қ.

ОМАРОВА А. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 5 ЖОББМ, Павлодар қ.

Бұл тақырыпқа қызығушылығым өз сыныптастарымның есімдері, сынып жетекшімнің есімі және де өзімнің есімім өзгелерден ерекше екенін білгеннен бастап туды. – Неге басқа қыздардың, мысалы екі Айдана, екі Жанерке, есімдері бірдей, ал менікі өзгеше?

– Бала дүниеге келгенде туыстары оған атты қалай таңдайды? Осы сияқты көптеген сұрақтардың жауабын табуға тырыстым. Қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ең сыйлы, қатты құрмет тұтатын адамына өз сәбиінің есімін қойғызады. «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады», – деген наным-сенім бар. Адам есімі келешек тағдырына қаншалықты ықпал етеді? Аттас адамдардың көбісінің мінез – қылығы неліктен бір-біріне ұқсас?

Бұл XX ғасырдың басынан бері ғалымдардың зерттеу жүргізіп келе жатқан жұмыстарының бірі. Соның нәтижесінде кейін адам

есімдерін зерттейтін антропонимика ғылымы пайда болды. Қазақ тіл білімінде антропонимия деген термин бар. Антро+пос – «Адам, оним// онима – «Есім», «Ат» деген сөз. Ендеше, антропоним дегеніміз – «Кісі есімі», антропонимика дегеніміз – ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін саласы. Бала – адамның бауыр еті. Қай ата – ана да өз шаңырағында шыр етіп сәби дүниеге келгенінде оған ең жақсы есімді қоюға тырысады. Негізінен, жаңа туған сәбиге есім таңдауға қазақтан дана, қазақтан шебер халық жоқ. Алайда, әрбір ата – ана баласына ат қоярда өзіне жүктелер жауапкершілікті жете сезініп, оған сақтықпен қарағаны, он ойланyp, он толғанып барып қана жүрегі қалаған есімді сәбиіне қойғаны абзал. Өйткені, есімдердің адам өміріне, адам атына планеталардың ықпалы өте айрықша. Баласының атын ырымдап қою – ата – анасының ниетін білдіреді.

Қазақ есімдерінің құпиялары. Кісі есімдеріне қарап отырып-ақ, өзімізге дейін өмір сүрген ата-бабаларымыздың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, әдеп-ғұрыптары мен салт-санасы, дүниеге, дінге көзқарасын, неге қол созып, неден үміт күткендіктерін білуге болады. Телағанның ой-желісіне сүйенсек, қазақ халқының балаға ат қоюының өз заңдылығы, өз үлгі-нұсқалары бар. Бұрын ұл болса болды, оның есіміне «бай», «бек», «хан» сөздерін қосақтайтын болсақ, қазіргі кезде бұл қосымшалардың мән-мағыналары ескірді деп есептеп, оларды қоспайтын, қоссақ та аз қосатын болдық. Ертеректе қазақ халқы баласына ат қоюға келгенде басқа халықтар құсап дін иелерінің атын іздеп, әуре болып жатпай-ақ, дүйсенбі күні туса – Дүйсенбай, жұма күні туса – Жұмабек, ауылына, үйіне хан келсе – Хангелді, би келсе – Бигелді, сұлтан келсе – Сұлтангелді. Қай кезде болса да Болат, Қанат, Қайрат, Жанат, Берік, Серік есімді ұлдар мен Мөлдір, Маржан, Арай, Әсем, Әсел, Сымбат, Сандуғаш, Салтанат, Айгүл, Айнұр, Ақбота, Ақерке, Ақбаян, Ақмарал, Әйгерім, Назерке атты есімдер кездесетін. Бұл, біріншіден, халқымыздың ой-өрісінің, сана-сезімінің артқандығының, мәдениетінің, талғамының дамығандығының белгісі болса керек.

Атадан балаға жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ізгі дәстүр, тамаша салттарымыздың бірі – ат қою үрдісі. Дана қазақ сәбиге ат қоюға ерекше мән берген. Тіпті осы ат қою дәстүрінен халықтың наным-түсінігін, салт-санасын, арман-мүддесін, эстетикалық талғамын анық байқауға болады. Және уақыт, заман талабына сай, есім талғау, таңдау реті өзгеріп отыратындығы тағы бар. Мәселен, осыдан бірнеше ғасыр бұрын Абылай, Есім, Керей, Ахмет, Ыбырай, Жылқыбай, Қойшыбай сынды есімдер

жиі қойылатын болса, бүгінде бұл үрдіс біршама өзгерген. Қазақстан Республикасының статистика агенттігі ең көп таралған ұл балалардың есімдерін былай деп көрсетеді: Ерасыл, Әлихан, Санжар, Нұрислам, Нұрасыл, Мирас, Арсен, Диас, Әмір, Ислам, Әділет, Әли, Руслан, Азамат, Алдияр.

Қыздарға: Айзере, Айару, Инжу, Кәусар, Айша, Аружан, Әмина, Аялым, Інкәр, Сезім, Мадина, Дария, Диана, Аяла, Нұрай, Жанерке, Аяжан, Алина, Сабина.

Алфавит бойынша есімдер сыры:

АЙБИКЕ – екі сөзден бірігіп жасалған есім, сыңарындағы бике сөзі араб тілінде әйел деген сөз. Яғни Айдай сұлу әдемі, көркем деген ұғымды білдіреді.

АЙБИБІ – қазақтың сөзі ай + тәжік тілінен алынған бибі – әйел, ханша деген мағынаны білдіреді. Бұл есім қыз бала сұлу, көркем болсын деген тілекпен қойылады. Түрлері – Бүбіш, Бүбіхан, Айбүбі, Бүбі.

ӘБИБА – араб тілінен алынған Хабиба есімінің өзгерген түрі. Мағынасы — дос, мейрімді жолдас, өмірлік серік.

ӘДЕМІ – қазақтың сөзі көркем, әсем.

ӘДИБА – араб тілінен алынған адиб – ғалым, әдебиетші.

ДАЙАНА – латын тілінен алынған Диана – пәктік пен ай күдайының аты.

ЕРКЕ – айтқанын істететін шолжың, еркін.

ЖАЗИРА – араб тілінен – ең дала, кең аймақ. Бала қайырымды, мінезі кең, көпшіл болсын деген тілекпен қойылған есім.

ЗУБАЙДА – араб тілінен – тандаған, тандаулы, ең жақсы, нағыз іріктелген.

ЗУБАЙРА – араб тілінен – күшті, ақылды.

ЗҮЛФИЯ – араб тілінен – бұйра шаш, сүйкімді қыздың әдемі сүмбіл шашы.

КӘУСӘР – араб тілінен алькаусар – жұмақ көзінен жыққан су, яғни таза, мөлдір жан деген мағынаны білдіреді.

КЕЛБЕТ – көрік, ажар, әр, тұлға.

КЕНЖЕ – ең кіші, соңғы перзент. Түрлері – Кенжегүл, Кенжеқыз.

Айт

Мейрам атаулының бәрін арабша «ғийд» деп атайды. Қазақ тілінде оразадан кейінгі және құрбан шалатын кездегі 3 күндік мерекені «айт» дейді. Осы екі мейрамда өмір есігін ашқан сәбилерге жеке тұрып та, біріккен сөздің құрамында келіп те айт деген есімдер

қойылған. Айтмұқамбет есімі де арабтың ғийд – айт деген сөзі мен пайғамбарымыздың атынан біріккен. Тікелей мағынасы «Мұхаммед пайғамбардың айты, мерекесі» деген изафеттік тіркестегі бұл есім – жалпы мұсылман қауымына ортақ, қазақ халқында кең таралған есім. Бұрын 19 облыс болған ұлан-байтақ жеріміздің әр өңірінде фонетикалық өзгеріске ұшырап, түрліше қалыптасқан, алайда шығу тегі – бір.

Ақ

«Ақ» сөзі – бүкіл түркі тілдеріне ортақ төл сөзіміз. «Ақ» сөзі мен парсының «б ө – б ә к» сөзінің бірігуі арқылы А қ+бөпе есімі жасалған. «Ақ» пен «кенже» сөзі бірігіп Ақкенже есімі жасалған. Екі сыңары да – өзіміздің төл сөздеріміз. «Ай» – түркі халықтарына ортақ сөз. Есімдері «ай» сөзімен байланысты қазақта Айгүл, Айзада, Аймангүл секілді аттарды көптеп келтіре беруге болады. Ай+гүл – бірінші түбірі таза түркілік, екінші түбірі – парсы сөзі. Айдың аясындағы гүл. Ай + зада есімі де екі түбірден тұрады: екінші түбірі – парсы сөзі. Бұл есімнің беретін мағынасы: айдан туған, айдан жаралған. Аймангүл есіміне байланысты бірнеше түсініктеме беруге болады. Бірінші нұсқа – арабтың «һәйман» және парсының «гол» (гүл) деген сөздерінің қосындысы. Беретін мағынасы: ғашық+гүл.

Бақыт

Бақыт, Бахтияр, Нағима есімдерінің беретін мағыналары ұқсас. Алдыңғы екі есімнің жасалуына арабтың «бәхт» сөзі негіз болып тұр. Бахтияр есімінің екінші сыңары – «иар» деген парсы сөзі, мағынасы: «дос, жар». Демек, екі түбірден (бәхт + йар) құралған бұл есімнің беретін мағынасы: бақыт жар болсын, бақ жанында жүрсін. **БАСЫ** – **НУН**, **ОРТАСЫ** – **ФАЙН**, **АЯҒЫ** – **МИМ** түбірінен жасалған есім – **Нағима**. **Нығымет** || **Нәмет** деген есімдермен түбірлес **Нағима** араб тілінде «бақыт» деген мағынаны білдіреді.

Гүл

Парсының «гол» (гүл) сөзі көптеген қызымыздың есімдерінің жасалуына ұйытқы болып тұр. Бабаларымыз емін-еркін өмір сүрген атамекенімізде, кең-байтақ жерімізде алуан түрлі гүлдердің жайқалғаны хақ. Сол бір кезеңдерге ой өткелдері арқылы үнілер болсақ, «шешек, бәйшешек» деген сөздерді жиі ұшыратамыз. Кез келген кірме сөздің көбінің бір дағдысы бар. Ол – есіктен кіріп, төрге өрлеу. Көлемі – шағын, айтылуы – ықшам, әрі әуезді «гүл» сөзі де шешек сөзін ығыстырып, доминанттық рөлге ие болғанға ұқсайды. Күлдархан Гүлдархан есімінің шығу төркінін былай қарауға болады. Хан, Қожа, Шах

Адам есіміне тағдыры жасырылған ба?

Ойшылдардың есебінше, адамның есімі мен оның мінезін және тағдырын байланыстырып тұрған құпия байланыс бар. Анығы – кісінің есіміне оның тағдыры жасырылған. Яғни есімнің құпиясы мен мағынасы адам өмірінде үлкен рөл атқарады.

«Адам есімінде оның тағдыры жасырылған» деген пікірді растау үшін оқымыстылар зерттей келіп, көптеген қорытындыға келген. Соның бірі, мәселен, Қайрат есімді ерлердің көбіне денсаулықтары мықты, белсенді және алаяқтыққа біртабан жақын болса, Рашид есімді жігіттер әр қадамын ұсақ-түйегіне дейін ойластырып, есеппен басатын, қулау, әйелқұмар болып келеді екен. Әділ есімді жігіттер табиғатынан сақ, достыққа адал, тез сүйіп қалғанмен қыдырымпаздыққа жоқ болса, Мұхтарлар алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын, іскерлік қасиеті мол, кез келген тығырықтан шыға алатын жандар болып келеді екен. Серік есімді жігіттер бақытты болып туса, Қуаныштар – өз беттерімен өмір сүруден қатты қорқатын, өмірдің бәрі мәңгілік қуаныш, күлкі, той болса екен деп тұратындар.

Есімдегі әріптердің мән-мағынасы

А – Ә – күш, билік, салтанат; Б – биік сезімге бейімділік, тұрақтылық; В – тұрақсыздық, жүйеліліктің жоқтығы; Г – құпиялылық, болмашыға мән берушілік, тиянақтылық; Д – көпшілдік, ақжарқындық, кінәмшілдік; Е – өмір сүруге бейімділік, сөзге құмарлық; Ж – өзіне деген сенімсіздік, маңыздылық, ішкі сырына беріктік; З – материалдық тұрғыдан қанағаттанбаушылық, жоғары сезімталдық; И – нәзік руханилық, әсерленгіш, бейбітшіл; К-Қ – төзімділік, күйгелектік; Л – әртістік, ұсақшылдық, қисын, әр нәрсені ойлап табушылық; М – қамқоршылдық, ұялшақтық, еңбексүйгіштік; Н – шығармашылық амбиция, денсаулыққа мән берушілік, алғыр ой; О – ерекше сезімталдық, құпия толғаныс; П – қарапайымдылық, жалғыздық, идеяның молдығы, сыртқы түріне мән беру; Р – өзіне деген сенімділік, үнемі шиыршық ату; С – билікке құмартушылық, кінәмшілдік; Т – идеал іздеушілік, сезімтал шығармашылық тұлға; У – жараланғыш, үркектік, ..., интуиция; Ф – жұмсақтық; Х – сексуальдық проблема, заңға бағынғыштық, сезімнің екіұдайлығы; Ш – қызғаншақтық, әзілқойлық; Ы – іспен көрінушілік; Я – өз орнын бағалай білушілік, зиялылық, шығармашылық бейімділік. Сондықтан есіміміздің дұрыс аталуы мен жазылуына да мән беру керек. Кеудесінде кішкене болса да ұлттық намысы бар, өзінің халқын, ұлтын мақтан тұтатын

әрбір ата-ана баласына ойланып барып ат қойса екен деймін. Жаңа туып жатқан сәби ештеңеден хабары жоқ, өзін қалай атаса да бәрібір, ол біліп жатқан жоқ, бірақ есейе келе бала өз атының қандай мағынаға ие екенін білуге талпынады. Сондықтан ат қоюдағы үлкен жауапкершілік ата-анада. Баласының өмір бойы көтеріп жүретін есімі болғандықтан алдымен ата-анасы бұған бейжай қарамай, барлық жағын ескеруі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder>
- 2 <https://www.google.com/search?source=univ&tbm=isch&q>
- 3 <https://engime.org/esimder-siri-zertteu-tairibini-ozektiligi.html>

АБАЙ МЕН МӘШҮР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ

ШАЛБАЙ Т. А.

11 сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

БАҚБАЕВА З. С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«Толық адам» ұғымы нені білдіреді? Неліктен әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген? Олар не дейді?

Толық адам - ақыл ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам деп те аталады, кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған адам. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін - көпір, үміті үзілгендер үшін - ашылар есік. Сондықтан ойшылдар бұл ұғымға түсінік беріп, түрлі пікірлер қалдырған. Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп қорықты.

Абай болса өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ. Яссауи және Ж. Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады.

VIII–IX ғасырда Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі

билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, [1, 289 б.]» – деп, ретінде жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркіні қайда жатқандығын білдіретін құнды дерек көздеріне жатады.

Абайдағы «толық адам» туралы ойдың бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. «Толық адамның» тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер малшашпақ
– Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
– Бес асыл іс, көнсеңіз [2, 66–67 б.].

Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рақым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [2, 218 б.], – деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» – бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» – иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады. Ол туралы толығырақ «Он жетінші» қарасөзінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [2, 119 б.], – дейді.

Абайдың «толық адамы» Мәшһүр Жүсіптің «толық адамына» сай келеді. Оның да бойында ізгі қасиеттер жиналып, ол да жақсылық нұрын шашып тұр. Мұндай тұлғаны біз Мәшһүр Жүсіп

Көпеевтің діни мистика айналасында жазылған шығармаларынан кездестіре аламыз. Бұл шығармаларында нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі тақырыбына айналған. «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Бір іске өкінбейін деп ойласаң,
Нәпсіннің достық айтқан алма тілін.
Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [3, 93 б.],

– деп нәпсіні тыюға, құмарлық ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Ал бұл қасиеттер «толық адам» бойындағы қасиеттерге сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіптің «толық адамы» Абайдың «толық адамына» қарағанда анық көрінбеуі мүмкін. Бірақ бұл оның жоқтығын білдірмейді. Оның шығармаларында адамның ішкі дүниесіндегі (өз-өзімен) соғысы жайлы сөз болады. Құмарлыққа берілмей, дұрыс жолдан сүрінбей алға ұмтылу – «толық адам» атану кезеңдерінің бірі.

Мәшһүр «Адам мен жұлдыздар ара қатынасы» еңбегінде: «Бір денеден екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Миға барғаны ақыл атанды, бауырға барғаны қан аталды. Жүректің өзінде тұрып қалғаны көңіл аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы. Өзге дене қара бұқара жалпақ, жұрт сықылды. Көңіл – бәрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы» [4, 3 б.], – деген еді. Оның бұл ойы Абайдың «Он жетінші» қарасөзінде жүректі басты орынға қоюмен дәлме-дәл келеді. (Себебі көңіл жүректен шығады деп ақын нақты көрсетеді.)

Қазіргі таңда «толық адам» бейнесі маңызды рөл атқарады. Соған байланысты Абайдың «Толық адам» іліміне оралу талабы қойылып жатыр. Бұның себебі бүгінгі күні адамзат қоғамының дертіне айналған ұлтшылдық, ксенофобия, нәсілшілдік, фашизм, діни антагонизм, клерикализм мәселелер болып табылады. Толық адам дегеніміз – ақылды, ой-парасаты биік, халқын қадірлейтін адам. Ондай адам қазақты қайранда қалдырмайды. Мемлекетіміз моральдық кодексін жасай қалса, оның іргетасы Абай ілімі болар. Егерде баршамыз «толық адам» ілімін сақтай отырсақ, бүгінгі таңда әлемде соғыс сияқты мәселелерден арылар ма едік?

Екі ақын үшін де дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген» толық адам». Абай ұсынған «толық адам» концепциясы Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын

тапты: «Рухани жағынан бай адам ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын»-калыптастыруымыз керек деп атап көрсетті.

Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл туралы Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер» деп өсиет қалдырған болатын.

Мәшһүр Жүсіп пен Абайды оқи отыра рухани жаңғырып, қазіргі ХХІ ғасырдың «толық адамы» бола білейік. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтып кеткендей: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек». Өткенді зерттей отыра, көптеген жаңа белестерге қадам жасай берейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.

2 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп. . . : Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384 б.

3 Көпеев М.К. Таңдамалы. Екі томдық. 1-т.- Алматы: Ғылым, 1990. –273б.

4 Жүсіпов Н. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Адам мен жұлдыздар ара қатынасы» еңбегі туралы // Білік, 3 б.С., 2018. – Қыркүйек.

6.3 Дене шынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері

6.3 Актуальные вопросы физической культуры и спорта

РОЛЬ ПЛАВАНИЯ В РАБОТЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ МЕДИЦИНСКИХ ГРУПП

АУБАКИРОВА А. Н.

ученик 9 «А» класса, СОПШ № 41, г. Павлодар

КАЛАЧЁВА В. В.

учитель биологии, СОПШ № 41, г. Павлодар

Проблема сохранения и укрепления здоровья школьников приобретает в настоящее время особое значение. Сохранение не только физического здоровья, но и психического, нравственного

и духовного здоровья школьников. Охрану здоровья детей можно назвать приоритетным направлением деятельности всего общества, поскольку лишь здоровые дети в состоянии должным образом усваивать полученные знания и в будущем способны заниматься полезным трудом. В последние годы в школу приходит все меньше и меньше здоровых детей [1, с. 19]. Актуальность проблемы физического воспитания детей с различными отклонениями в состоянии здоровья в настоящее время несомненна. Школьникам, перенесшим какие-либо заболевания или часто и длительно болеющим, особенно необходима двигательная активность, благотворно влияющая на ослабленный организм. В нашей школе, по данным медицинских осмотров, дети с ослабленным здоровьем занимаются в специальных медицинских группах, которые созданы для укрепления здоровья школьников, формированию интереса к регулярным и самостоятельным занятиям физической культурой, плаванием, пропаганды здорового образа жизни [1 с. 19].

Цель исследования: выявить влияние плавания на состояние здоровья школьников, занимающихся в специальных медицинских группах.

Задачи: выявить количество детей, страдающих различными заболеваниями, проследить влияние нарушений на общее состояние организма, разработать систему оздоровительных мероприятий; пронаблюдать динамику показателей состояния здоровья школьников, занимающихся плаванием.

Гипотеза: если учащиеся с ослабленным здоровьем, будут иметь возможность регулярно заниматься плаванием, то это приведет к улучшению здоровья школьников.

В школе созданы все условия для занятий плаванием, так как имеется два бассейна, спортивные залы, фитобары. Дети с первого класса имеют возможность заниматься плаванием. Плавание содействует общему физическому развитию детей, формированию правильной осанки, благоприятно влияет на костно-мышечный аппарат и внутренние органы. Специальные корригирующие упражнения, выполняемые в воде, с большей амплитудой способствуют гармоничному развитию мышц туловища, конечностей, развитию дыхательной системы, улучшению функций сердечно – сосудистой системы. Вода оказывает закаливающее и стимулирующее действие на организм человека. Посещение бассейна влияет не только на физические, но и на умственные данные ребенка, стимулируя его нервно - психическое развитие.

Контактируя с водой, человек получает массу положительных эмоций. Польза плавания настолько велика, что занятия можно отнести не только к самым популярным видам спорта, но и к терапевтическим методикам, применяемым в медицине [2, с. 17].

Плавание обеспечивает состояние полной невесомости, что благоприятно влияет на костно-мышечный аппарат и внутренние органы. Устраняется статистическая нагрузка на позвоночник, снимается действие асимметричной нагрузки на позвонки и межпозвонковые диски. Плавание содействует общему физическому развитию детей, формированию правильной осанки, развитию мышц, которые удерживают позвоночник в вертикальном положении. Тело пловца находится в горизонтальном положении, чтобы удержаться на поверхности воды и проплыть определенное расстояние, пловцу приходится выполнять специфические движения, характерные только для плавания и не имеющие аналогов в других видах спорта [3, с. 87].

Чередование напряжения и расслабления разных мышц во время плавания увеличивает их силу и работоспособность, а равномерная работа мышц всего тела способствует формированию красивой гармоничной фигуры. Плаванием занимаются ребята, которые по состоянию здоровья, относятся к специальным медицинским группам. СМГ формируются на основании медицинских справок, с учетом диагноза и индивидуальных особенностей ребенка. Учитываются и внешние факторы, в которых находятся учащиеся: условия жизни, особенности питания, психологический климат в школе и дома. В начале учебного года проводится медицинское обследование учащихся, у которых имеются стойкие нарушения в состоянии здоровья после перенесенного заболевания. При определении медицинской группы для учащихся с отклонениями в состоянии здоровья предусматривают доступные физические нагрузки, а также оптимальные условия для выздоровления или предупреждения обострений заболевания. В случаях обострения заболевания, учащиеся отстраняются от занятий плаванием. За состоянием здоровья следил медицинский работник школы [4, с. 320].

Для учащихся с ослабленным здоровьем особенно важно доброжелательное, тактичное отношение к ним преподавателя, заинтересованного в успехах детей. При умелой организации учебного процесса в специальной медицинской группе, у ребенка возникает потребность получать от преподавателя заинтересованность в своих успехах и неудачах.

Эксперимент проводился на базе СОПШ № 41 города Павлодара в бассейне с сентября 2015 года по январь 2021 года, с целью выявления благотворного влияния плавания на состояние здоровья школьников, занимающихся в специальных медицинских группах. В экспериментальной группе учащимся был предложен специальный комплекс дыхательных упражнений на воде. Внедрение системы способствовало расширению зоны функциональной адаптации позвоночника к физической нагрузке, укрепился мышечный корсет, восстановилась правильная осанка, уменьшилась асимметрия плечевого пояса на 0,7 сантиметров у мальчиков и на 0,8 сантиметров у девочек. Показатели силы мышц брюшного пресса увеличились на 9 раз у мальчиков и на 8 раз у девочек, силы мышц спины на 20 раз у мальчиков и 21 раз у девочек. Ежегодно около 30 % учащихся переходят в основную группу для занятий физической культурой. За период эксперимента было проведено пятикратное медицинское обследование по определенным параметрам. Работа проводилась под контролем медицинского работника. Дважды в год проводились антропометрические измерения школьников – массы, длины тела, окружности грудной клетки, жизненную ёмкость лёгких, силу мышц. Учителями физической культуры, классными руководителями, учителями биологии, медицинскими работниками, разработана система оздоровительных мероприятий для учащихся, занимающихся в специальных медицинских группах. Оздоровительная система включает в себя: контроль и самоконтроль за осанкой, корригирующие упражнения, плавание, правильное питание. Формировалась мотивация у учащихся к занятиям плаванием и осознанное отношение к своему здоровью.

Қазақ тарихы мен әдебиетінде Кетбұға туралы деректер көп. Кетбұға туралы деректер ел аузында аңыз бен әпсана түрінде көп кездеседі. Ол туралы зерттеулер тарихта көп назарға алынбай, түркілік қасиетті бойға жинаған тұлғаның бейнесі ел есінен өшіруге бағытталып келді.

М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» деп аталатын кітабында оны жыраулардың басы деп береді. «– Сөйле, жырау! Зерлі қызыл ала түрікпен кілемінің үстінде малдасын құрып алтын тақтың қарсысында отырған Кет-Бұға қобызына таянған қалпы алға қарай сәл еміне түсті. Әміршісінің бетіне бажайлай қараған. Тоғыз қанат ақ орданың іші қоңыр салқын еді. Топырақпен көміп бастырып тастаған іргеден қарашаның ызғарлы желінің лебі білінеді. Қабағы катыңқы Шыңғыс хан иығына жамылған бұлғын ішігінің жағасына түмсығын тыққан күйі, мана таңертең Кет-Бұға табалдырықтан аттағандағы қалпында мүлгіп отыр. Көзі жұмулы. Ұйықтап отыр ма, әлде жан көрмеген жат елдерді ат тұяғына таптатар, өзінің нөкерлері мен қызметшілерін олжаға бөктіреді жаңа жорықтардың жайын ойлап отыр ма, белгісіз. Селт етпейді. Қимылсыз, бір қалыпта отыра бергеннен аяғы талған Кет-Бұға қаһан ұйықтап кетті ме деп ойлай бастаған еді, ұйықтамаған екен...» [2, 7].

Әлемді тітіренткен Шыңғыс ханға тосқауыл болған, батырлығымен ғана емес, өнерімен, ақылымен жеңген Кет-Бұға жырау туралы айтады. Осы жырау туралы мәліметтердің бәрін кездейсоқ деп қарауға болмайды. Шыңғыс заманында, XIII ғасырда найманда Кет-Бұға атты ұлы жыраудың жасауы анық. Өз кезінде Кет-Бұға жырлары халық арасына кең тараған болуға тиіс. 15 - ғасырдың аяғы, 16 - ғасырдың бас кезінде жасаған Доспамбет жырау «Кет-Бұға биді» аузына алады, Кет-Бұғаны өзіне үлгі етеді.

Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!
Кетбұғадай билерден
Кенес сұрар күн қайда?! [8].

Бірақ біздің заманымызға Кет-Бұғаның аңызға айналған есімі ғана жетіп отыр. Оның бір сесебі талай жылдар, ғасырлар атының аталмауында болса керек. Тіпті бергі деректерде Кетбұғаның аты өзгертіліп, «Әли шебер» атты балаларға арналған ертегіде атақты «Ақсақ құланның» – шығарушысы жоқ деп ұйғарылып, халық күйі аталды.

Ұлт тарихын түгендеуде батырлар мен саяси қайраткерлер ғана емес, өнер адамдарының жеке өмірін зерттеудің де маңызы зор. Қазақ халқының азаматтық тарихының ашылмаған беттері, айтылмаған шындықтары қанша көп болса, ұлттық өнеріміздің тарихы да сондай ақтандақтарға толы. Хандар, батырлар, жыраулар, билер, ақындар, шешендер, өнер адамдарының өмірі, халыққа сіңірген еңбектері жете зерттеліп, өз шындықтың көрші елдерге ұнай бермейтіні. Шыңғыстың өзін түркі жұртынан алыстатып, діні де, тілі де жат, басқа ұлт өкілі қылып көрсетуге ұрынған шетел тарихшылары Кетбұға сияқты басқа халыққа теліп жіберуге келмейтін ұлттық тұлғалар туралы айтқысы келмейтіні мәлім. Кетбұғаның атақты қолбасы болғанын мойындау жетіспейді.

Кетбұға кім деген тұста біз келесі тұлғалық бейнені көреміз.

1. Жазба тарихқа жүгінсек, Кетбұға 13- ғасырдың алып баһадүр-нояны, өмірінің соңына дейін жеңілуді білмеген ұлы сардар. Шыңғыс хан мен Найман хандығының соғысында ол Найман қолының дәрегейінде сардары болған күмәнсіз. Сол соғыста ерекше көзге түскен баһадүрді Шыңғыс хан жазасын кешіріп, өз дәрегейінде қызмет етуге бұйырған болса керек. Шыңғыс хан тұсында да ұлы қолбасы соғыстың алдыңғы қатарында болғаны анық. Өйтпегенде «қағанның оң тізесін басып» билік сырмағына отыра алмас еді. Жасы егде тартқан кезінде Құлағу қолының кеңесшісі болып жорыққа аттануы да тегін емес. Кезінде қазақ жұртының ұраны болған, тендессіз батыр, данышпан қолбасының есімі ел есінде мәңгі сақталған.

М. Тынышбаев «Кетбұға аңыз бойынша көне замандағы қазақтың ең ұлы абызы, сиынатын пірі, бақсылар осы күнге дейін оның атын атап, аруағын шақырады», – деп жазыпты. Бұдан Кетбұғаның кезінде қазаққа ұран болған адам екенін көреміз. Бір тайпа елдің ұраны болу екінің бірінің мандайына жазылмаған. Ал, ұлт ұраны (сиынар пірі) болу үлкен қасиет иесінің қолынан ғана келер іс.

2. Бақсы. Ұлт жадына сеніп, атадан қалған шежіреге сүйенсек, қазақ күйшілерінің ішінде әрі күй иесі, әрі ел иесі болған. Абыз жырау, дәу перім бақсы болған Қорқыт ата мен Кетбұға жырау ғана.

3. Ұлы би. Ұлығ би – төбе би. Т. Жұртбайдың пайымынша, «ойранға ұшырап, жаугершіліктен, берекесіздіктен әбден зықысы шыққан көшпелі қазақ тайпаларының барлығы берекеге, ынтымаққа, татулыққа ұмтылып, жұдырықтай жұмылып, хандас хан Жошының төңірегіне топтасты. Алты арыс Ұлытауға жиналып, Кетбұғаны ұлығ би сайлады» [9, 45].

Кетбұғаның билігі ханнан кейінгі ең жоғары билік болғанын Мөңке ханның қазасынан кейін ұлы ордаға қайтқан Құлағудың бар билікті Кетбұғаға беріп кетуі дәлелдеп тұр. Кетбұға хан жоқта хан орнына билік жүргізе алған. Ең маңыздысы, ол қазақ тарихындағы билер институтын қалыптастырушы. Әділ билігімен аты шыққан ақылман ел иесі. Шежіре бойынша Найман ұлысына таңба үлестіріп, енші бөліп берген сол кісі. Билік ол кезде үлкен титул болған. Би болған адамда көп қырлы қасиет болуы шарт. Ол қасиеттер: жұртты артынан ерте алатын, айтқан сөзін тыңдататын салауатты, елден асқан қайраты мен ақылы, елде жоқ өнері, артынан ерген іргелі елі – салмағы болу. Қазақ тарихында би атауымен тарихта қалған тұңғыш адам осы - Кетбұға абыз. Кетбұғадан бұрынғы замандағы би аталған адамды не жазба тарих, не ауызша шежіре білмейді.

4. Жазылған хатқа сенсек, Кетбұға қазақ әдебиетінің бастауында тұрған ұлы жырау. Оның Жошы өлімін Шыңғыс ханға жеткізген шағын жыры бүгінгі құнарлы қазақ поэзиясының бастау бұлақтарының бірі. Жыраудың Жошы ханның өлімін Шыңғыс ханға қалай жеткізгені туралы екі түрлі дерек бар. Бірі Жошының өлімін күймен естірткені. Ел қалтқысыз сеніп, жадында сақтаған киелі аңыз. Екіншісі Жошы өлімін жырмен естіртуі. «XV ғасырда жазбаға түскен «Шажрат әл-атрақта» («Түркі шежіресінде») жазылған, тасқа басылып, тарихта хатталған жазба дерек.

5. Кетбұға туралы аңыздың ең құнарлысы – Кетбұғаның күйшілігіне байланысты әңгіме. Әсіресе, Жошы ханның өлімін Шыңғыс қағанға естірткен тапқырлығы ерекше әспеттеліп айтылады.

Аңыздың астарында шындық жатады. Аңыз – шындықтың қабы, халық уақыттың шаңын жұқтырмас үшін шындықты аңызға орап сақтаған. Демек, аңыз сол беті шындықтың өзі емес. Аңызды білу бар да, оның өзегіндегі шындықты аршып алу бар.

Шыңғыс хан баласы өлгенін білсе де, Тәңір ісіне көңісі келмей, жұбату бермей түлданып жатып алған, ешкімнің сөзіне жұбанбаған, немесе ханға бұл ауыр қазаны айтуға ешкімнің батылы бармаған. Өйткені, баласы өліп, қайғырып отырған ханның алдында айтылар

әр сөз тектеулі, әр қимыл шектеулі болуға тиісті. Артық жасалған бір қимыл, ағат айтылған бір ауыз сөз басқа пәле болуы ықтимал.

Ханға ауыр қазаны Кетбұға жырау естірткен. Сол естірту үстінде «Ақсақ құлан» күйі тартылған. Шындық осы. Кетбұғаның өлімді домбырамен естіртуі, ханның домбыра шанағына қорғасын құюы Кетбұғаны ұлықтаған, домбыраны кие тұтқан халықтың өз жасампаздығы. Кетбұға да адам, аңғармай сөйлеп, ағат басудан сақтануы керек. Ханға ақыл айтқандай сарнап отыруды лайық көрмесе керек. Ханның көңіл күйіне әсер етуді ойлап, алдымен домбырасын алып ұзақ күй тартқан. Сол күй «Ақсақ құлан» деп ұқсақ жаңылыс болмас. Күй табиғаты бөлек, әуені мұңлы әрі құбылмалы. Мұңлы қоңыр әуенмен басталады да, домбыра мен қобыз үні қатарласа есіп отырады. Тыңдаушысын өмір туралы ойлауға жетелейді. Домбыра үні анық, қобыз үні тым көмескі. Сол көмескі үн жүректі езіп, жандағы мұңды, жүректегі шемен-шерді ерітіп жіберердей әсерлі. Күйді тыңдап отырып адам өмірінің өткінші екеніне сенесің. Күйден өлім хабарын – нақты сөз есту мүмкін емес, әуен қашанда сөздей анық ұғылмайды. Қазақ сөздің өзін «қызыл тілде буын жоқ» демей ме. Ақсақ құлан күйі Шыңғыс ханды өлімнің хақ бұйрығы екеніне мойындату мақсатында тартылған. Кетбұғадан қалған күй көп емес, елге кең таралған күйі осы «Ақсақ құлан». Кейде «Ақсақ құлан – Жошы хан» деп те аталады. «Ақсақ құлан» күйін тұтас түркілік масштабта қарайтын болсақ, оның варианттары: «Қырғыз нұсқасы», «Қарақалпақ нұсқасы», «Ноғай нұсқасы», «Қазақ нұсқасы» деп қарастыруға болар еді. Ең қызығы, әрқайсысы әр халықтың мұрасына айналып кетсе де, осы аталған нұсқалардың сарынындағы ортақтық, үндестік әліге дейін сақталып отырған «Қазақта атам заманнан өлімді естіртудің жол-жосығы болған. Ауыр қазаны кез-келген айта салмай, алдымен өмірдің өткіншілігіне, ажал басы жұмыр бастының барлығы қашып құтыла алмасын жеткізер қадірлі, сыйлы адамға тиесілігі айтылады. Ендеше әлемді тітіренткен ханға ұлының өлімін естірту – хан тыңдайтын адамға бұйырары анық. Бұндай адамның жай болмасы белгілі. Жинақтай келгенде Кетбұға:

1. Қолбасшы, батыр, ноян.
2. Ескі түркілік өнерді, танымды бергі замандарда тұтқан – бақсы.
3. Елдің Ұлы биі.
4. Жырау.
5. Күйші.

Кетбұғаның заманы монғолдардың күшейіп, әлемді билеп алуға күш салған заманымен тұстас келеді. «Монғолдың құпия шежіресінің» 202-тармағында келтірілген тізбенің 50-ші рет санында Кетбұқа ноянның аты аталған. Оның аты халық арасында Кете би, Кете ер, Кете жырау деп дағдылы аталуына сәйкес, Кете ноян деп жазылыпты.

Шыңғыс хан басып алған жерлерін өзінің шешесіне, балалары мен інілеріне бөліп бергенде, Жошының үлесіне 9000 шаңырақ халқымен, байлығымен қоса тиді. Шыңғыс ханның мемлекетті басқару хақындағы дәрегейінде әр ханның, әр қолбасының қасында жөн білетін, данағей, көпті көрген бір кеңесші болсын деген жарлығы болатын. Мұны ұлдарына да, ұлдарының ұрпағына да өсиет еткен және кеңесшінің келісімінсіз келелі шешім қабылданбаған [10].

Шыңғыс ханның осы пәрменіне сәйкес, Кетбұқа Жошының бұдан былайғы барлық жорықтарына қатысып, оның шешімдеріне ақыл-кеңес беруге міндетті еді. 1216 жылы Шыңғыс ханның бұйрығымен Жошы, қасында кеңесшісі Кетбұқа ноян бар, Дешті Қыпшаққа қашқан меркіттерді қууға аттанды. Оларды Бірғыс өзенінің бойында қуып жетіп, қырғынға ұшыратты.

Өзінің елшілерінің дарға асылып өлтірілгендігі жөнінде хабар жетісімен, Шыңғыс хан Хорезм шахы Мұхамедке қарсы соғыс жариялады. 1219 жылдың көктемінде ол Қара Ертіс пен Көбік өзендерінің алқабындағы шексіз жайылымдарға табын-табын жылқылар мен отарланған ірі мүйізді малдарды айдағып әкеп, семірте бастады. Күз түсе ол Ұлы қағанның ақ туының астына монғолдардан және бағынышты ұлыстардан жиыстырып, әскерін құрды. Барлық әскер саны 150000 (Ә. Хара-Даванның дерегі бойынша – 230000) адамға жетті. Қытайдан 15000-дай талқандайтын техника жасаушы инженерлер, шеберлер және жұмыскерлер алдырды. Осы жойқын армиядағы Жошы басқарған әскери лектің (корпустың) құрамына Кетбұқа ноянның өр найман руларынан жасақталған екі түмені қосылды.

1251 жылы Ұлы құрылтайдың шешіміне сай Хулагу Ираннан батыстағы жерлерді: Иракты, Сирияны, Палестинаны, Мысырды, Рум мен Арменияны бағындыруға тапсырма алып, жорыққа дайындала бастады. 1254 жылы жазда Жетісу, Түркістан арқылы Самарқандқа жеткен ол 1256 жылы Исмаил әулетінің соңғы билеушісі Рокнеддин Хуршахты тізе бүктірді. 1258 жылы ақпанда Бағдатты бағындырып, Аббас әулетін жойды. Бірақ 1260 жылы Хулағудың Кетбұға басқарған әскері Сирияда Берке хан билеген Алтын Ордамен одақтасқан Египет мәмлүктерінен жеңілді.

Ұлы Далаға беттеген Жошы қолының ішінде бақан, балта таңбалары басылған Кетбұқа ноянның атты әскері де бар болатын. Жошы ат басын Ұлытауға тіреді. Сонымен, «Ұлытауға Бағаналы-Балталылар Кетбұқа басқарған әскер сапында келген. Бұл 1223 жылы болған оқиға» (Қуаныш Ахметов. «Ұлы Даланың Ұлытауы». – Омбы, 1999 жыл. 50-бет). Және де бұл Бағаналының Ұлытауға бірінші келуі. «Шыңғыс хан басып алған жерлерін ұлдарына үлестіргенде байырғы Дешті Қыпшақ, Арқа төсі Жошыға қарады. Жошының ордасы алғашында Найман кере – Шыңғыстауға қонып, кейін Ұлытауға көшірілді. Жошы ең алдымен өзіне өмірлік құтты қоныс ретінде Арқа төсін таңдады. ...Майқы би бастаған қазақ билері 1224 мешін жылының жаз айында Найман кере тауының бөктерінде Тәмужиді өз аттарынан ұлықтап, оның ұлы Жошыны өздерінің тікелей әміршісі деп таныған еді» (Тұрсынхан Зәкенұлы. «Көк бөрілердің көз жасы», 514–515, 517-беттер). Сөйтіп, Ұлытауда алты алаш бас қосып, бірлесе, келісе келіп, бөрі басты, қыл құйрықты ақ туды көтеріп, алғаш рет Жошы бастаған Алтын Орда (әуелде Ақ Орда) хандығы құрылды. Жошы хандығының бас биі, ақылгөй-кеңесшісі Кетбұқа болып сайланды. Сарыарқаға орналасқан Бағаналы наймандар ерте заманнан Ертағы, Кертағы деп аталып келе жатқан екі тауды және бір өзенді өздерінің Шығыстағы отанындағы жер атауымен – «Ұлытау», «Кішітау таулары» және «Бұланты өзені» деп атап кетті. Жошы 1227 жылы Бетпақдалада құлан аулау саятында жүргенде жазмыштың күдіретімен опат болғанда, оның қазасын әкесі Шыңғыс ханға естірткен де, келесі жылы Жошыға Кеңгірдің бойында күмбез соқтырған да осы Кетбұқа еді [11].

1. Кетбұға Шыңғыс жаулап алған Найман тайпасының батыры. Кейіннен найманның көп тайпалары Шыңғыс әскері тобына қосылғанда, бас нояндарының бірі болады.

2. Шыңғыс ханның тарихтағы ірі жорықтарының жеңісіне қатысы бар тұлға.

3. Жошы ханның Ұлы Далаға келгенде ақылшысы болған.

4. Қазақ тарихындағы Ұлытаудағы бірлік пен ынтымақ тірегі болсын деген Таңбалы тасқа тікелей қатысты тұлға.

5. Кетбұға – Құлағу әскерінің қолбасшысы ретінде Сириядағы, Иерусалимдегі жорықтарды басқарады.

6. Әлемдік тарихтағы оқиғалардың өзгерісіне көп ықпал еткен тұлға болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тынышбаев М. Қазақ тарихына қатысты материалдар /М. Тынышбаев // Егемен Қазақстан, 2010. т. №5. -С. [] 8-12.
- 2 Әлкей Марғұлан – Кетбұқа мұраларын зерттеуші <http://www.sharayu.kz/8967>
- 3 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т.6: Әлемдік тарихи ой.– 2006. – 448 б.
- 4 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечение из арабских источников. Т. 1. СПб., 1884. – Москва, 2014 С. 458
- 5 Гумилев л. Н. Қиял патшалығын іздеу: «пірөдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
- 6 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Ғылым, 1990. – 402 б.
- 7 Ақсақ құлан. Кетбұға бидің күйлері (Құрастырып, түсініктемелерін жазған Жүзбай Жанғали.) – Астана, 2015
8. Доспамбет жырау жырлары <https://bilim-all.kz/olen/2038-Ainalaiyn-Aq-ZHaiyq>
- 9 Жұртбаев Т. Кетбұқа, Пекин, ұлттар баспасы, 2005.
- 10 Жұртбаев Т. Дулыға – Алматы, 1994 жыл, 357-бет «Құпия шежіренің» 243-тармағы; Лувсанданзан. «Алтын шежіре». – Алматы: «Өнер», 1998 жыл, 115-бет
- 11 <https://e-history.kz/kz/news/show/563/>

- 6.6 Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы мәдени бірегейлік:
дәстүр мен инновация сабақтастығы**
- 6.6 Культурная идентификация в годы Независимости
Казахстана: преемственность традиций и инноваций**

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҚОСПАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨРІНІСТЕРІ**

АБДУЛЬМАЛИКОВ Е., МУСИНА А.

9 сынып оқушылары, Абай атындағы ЖББОМ, Ақтоғай ауд.

ЕРТАЕВА А. Х.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Абай атындағы ЖББОМ, Ақтоғай ауд.

Өзінің Қазақстан халқына жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [1] деп атап кетті. Әрине, өз салт-дәстүрін, фольклорын, атадан қалған мұрасын білмеген қазақ өзін нағыз қазақтың деп атай ала ма? Қазақ халқының дәстүрлі тағамдану жүйесі қоршаған экологиялық жүйемен және шаруашылығымен тығыз байланысты болды. [2]. Қазақ халқы – ет тағамдарын мол тұтынатындығымен ерекшеленген халық [3]. «Бесбармақ» – отырықшылыққа көшкеннен кейін пайда болған тағам түрі деп атауға болады. Себебі, қамыр илеу сол кездердің куәсі [4].

Бүгін біздің сіздердің назарларыңызға ұсынайын дегеніміз қазақ салтының тәтті тағамы – қоспа.

Зерттеудің мақсаты. Ауылдағы әжелеріміз жасайтын қоспаның жасалу тәртібін (рецепт) анықтап, өзіміз қолдан жасау. Сонымен қатар қоспаның арасына жаңа дәстүрлі емес ингредиенттер қосып жаңа сұрпын жасап шығару.

Болжамы: Әжелеріміз жасайтын қоспалардың рецептісі әдетте ұқсас болып келеді. Олар қоспаның құрамына ұзақ пісірілген ірімшік, сары май және қант қосады. Кей кездерде мейіз бен ванилин қосуы мүмкін.

Біздің ұсынысымыз: қоспаның арасына бірінші жер жаңғақты ірідей немесе ұсақтап, екінші ағаш жаңғағын (фундук) ірідей немесе ұсақтап, үшінші грек жаңғағын ірідей немесе ұсақтап, төртінші күнбағыс (шөмішке) дәндерін ірідей немесе ұсақтап қосып сегіз түрін жасап көрсө, және төрт түрлі үгітілген жаңғақтардың ассортиін және қас өрік (қураға) қосып жасап көрсө қалай болатынын анықтау. Сонымен қатар қоспаның арасына біраз бал қосып араластырғанда, осы қоспа жаңғақпен бірігіп жаңа өнім бере алады ма екенін байқау.

Тақырыптың өзектілігі:

Қазіргі таңда аналарымыз әжелеріміз сияқты емес, сауылған сүтті сүттей тапсырып, соңғы кездерде ауылдың үйлерінің көбінде қоспа түгілі айран да құрып кетудің аз-ақ алды. Әрине, қазақтың көне тағамдарын жасау біраз уақыт кетуін талап етеді. Дегенмен, осы тағамдар біздің тарихи өміріміздің бір бөлігі. Бірде анама «Қоспа жасап беріңізші» десем, анам «жасай алмаймын» деген соң, қоспаны қалай жасайтынын әжелерден сұрап алып, анама жасаттым және қоспаның жаңа сұрыптарын шығару керек деген ойға келдім

Міндеттер:

- 1 Қоспаның дәстүрлі рецепті табу
- 2 Қоспаның жаңа түрлерін ойлап табу

3 Оларды жасап қазылар алқасына көрсету

4 Коммерциялық тауар айналымы

Атап өткендей, жент (қоспа) (сурет 1) – аса кәделі дастарқан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Жент былғау шеберлікті талап етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп (диірменге немесе аз – аздап кофе тартқышқа салып) ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып ысытып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, оттың болмашы табында араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салынып, салқын жерге қойылады. Әдетте жент ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақталады. Ол ауа өткізбейді де, жент өзінің иісін, дәмін жоймай, ерімей жақсы сақталады. Жылқы майы болмағанда сары майға былғаса да болады (тоң майға араластыруға болмайды, ол қатып қалады да, жеуге жайсыз болады). Жент көбінесе соғым сойған кезде әзірленеді. 5 стақан тары жармасы, 4 стақан кепкен ірімшік, 2 стақан құмшекер, 2 стақан май керек. Майға илеп пісіріп кептірген бауырсақтың ұнтақталғанын, не бидай талқанын және аздап мейіз қосуға болады [5].



Сурет 1 – Қоспа

Қоспаның аталып кеткен рецептісі көбінде қазақ елінің оңтүстігіне тән. Ол жақта отырыңқылыққа ертерек келмесе де, көрші Бұхар, Қиуа елдерінде тары егу ежелден бар еді. Сондықтан оңтүстік қоспасын көбінесе жент теп атап арасына тары талқанын қосады. Біздің әжелеріміз негізінен көп қайнатылған қызыл ірімшіктен жасайды. Кейде арасына дәмін өзгерту үшін ванилин де қосатын әжелеріміз баршылық.

Ал біздің сіздерге ұсынып отырған қоспамызға біз қоспаның бірінші екі түріне жер жаңғағын (арахис) қосуды ұсынамыз. Қоспаның бірінші түріне жер жаңғағының ірі дәндерін қосып жасалса, екінші түріне жер жаңғағының ұсақталған діндері қосылмақ. Осының арқасында қоспаның сыртқы түрін, үгілуін,

қасыққа іліну көрсеткішін т.т тексереміз. Қоспа дайын болды дегенде 50г балды ысытып, ыстық бал араластырса қоспаның беріктеуі тез болады, ал пішіні тұрақты болады деп ұйғарамыз. Біз үшінші – төртінші қоспа түрін жоғарыдағыдай тәсілмен, тек тоғай жаңғағымен (фундук) өңдедік те, оны ысытылған балмен беріктеттік. Осылайша қоспаның жаңа тағы да екі түрін ұсынудамыз.

Бесінші – алтыншы қоспаларды түрлендіру үшін грек жаңғағын алуды ұйғардық. Олардың да көмегімен ірі және ұсақ жаңғақтары қосылған қоспа жасамақпыз. Және олардыда балмен беріктетеміз. Аталмыш қоспалардың көрінісі

Жетінші және сегізінші қоспа түрлері ірі және ұсақкүнбағыс дәндерімен түрлендірілмек. Оларды да бекіту үшін бал қолданамыз. Күнбағыс дәндерімен түрлендірілген қоспалар түрін де ұсынамыз.

Тоғызыншы қоспа түріне жоғарыда аталған төрт түрлі жаңғақтар ассортиін қосып жасасақ, соңғы қоспа түріне қақ өрік (курага) қосуды ұйғардық.

Қорытынды

Осымен аталмыш жұмыста біз қазақтың көне дәстүрлі тағамдарын зерттей келе, қоспаның жаңа түрлерін жасаудың жаңа әдісін ұсынып отырмыз.

Біз ұсынған қоспа түрлері қазақ қоспасынан кем түспей, оның тарихи жасалу технологиясына зиян келтірмей, қоспаның жаңа түрлерін алуға жол ашады. Жаңадан түрлендірілген қоспалар келесі құрамға ие:

1. Әжелеріміз жасап келген қоспаның үстінен ірі жер жаңғағын қосып, ысытылған бал мен араластырамыз. Нәтижесінде әдеттегі қоспаға қарағанда нығыздалған пышақпен кесілетін, морт емес қоспа түрі жасалады;

2. Жоғарыда айтылғандай етіп қоспа жасаймыз. Айырмашылығы қосылатын жер жаңғақтарын алдын ала ұсақтап аламыз;

3. Бірінші екі қоспа жасағандай, бірақ жер жаңғақтың орынына тоғай жаңғақтарының ірі және ұсақ бөліктерін қоспаға қосып, балмен бекітеміз;

4. Келесі екі қоспа түріне тоғай жаңғағының орынына грек жаңғақтары қолданылады;

5. Кезекті екі қоспа түрін жасау үшін жаңғақтардың орынына күнбағыс дәндерінің ірі және ұсақ бөліктері қолданылады;

6. Жоғарыда аталған барлық жаңғақ түрлерінен ассорти жасап, оны қоспаға қосып балмен бекітеміз;

7. Әжелеріміз жасаған қоспаға қақ өрік қосып көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 12 сәуір 2017. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
 2 www.bmtv.kz
 3 <https://elana.kz>
 4 М.Әуезов. «Абай жолы». I том. А., «Жазушы», 1989, б 15
 5 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

РОЛЬ ВИЗУАЛЬНЫХ СРЕДСТВ В ПРИВЛЕЧЕНИИ ПОДРОСТКОВ К ЧТЕНИЮ

АЛЬЖАНОВА Р.

ученик 7 «Г» класса, СОШ № 27, г. Семей

ҚАНАТҚЫЗЫ Е.

ученик 10 «А» класса, СОШ № 27, г. Семей

КАСЕТОВА Л. М., АДЫРБЕКОВА Ж. Т.

учителя русского языка и литературы, СОШ № 27, г. Семей

БАЙГАЛИЕВА Ж. К.

учитель информатики, СОШ № 27, г. Семей

XXI век – это время новых информационных технологий. То, что еще совсем недавно казалось новым и неизведанным, сегодня уже неактуально. И к сожалению, неактуальным становится чтение художественной литературы. Многие современные подростки не читают книги, предпочитая им различные гаджеты. Старшее поколение обеспокоено тем, что молодежь не знает и не читает ни классическую, ни современную литературу, зато великолепно разбирается в новинках компьютерных игр. Попытаемся разобраться, в чем преимущества чтения, если ли польза от книг и можно ли увлечь молодых людей чтением. Во-первых, ребенок, читая, повышает свой культурный рост. Произведениям художественной литературы присуща красота, в них заложены человеческие ценности. Поэтому читатель, проникаясь аурой читаемой книги, становится эрудированнее. Он узнает новые факты о жизни и истории людей. Он проникается теми нравственными ценностями, которыми изобилует любое художественное произведение. Во-вторых, погружаясь с головой в описываемые события, читатель испытывает определенные эмоции, т.е. ставит себя на место героев, переживает свои возможные чувства и ощущения. И эти чувства бесценны. Они развивают эмоции, делают человека чувственными, помогают ему возвыситься над

действительностью. Пережитые эмоции остаются с человеком и в повседневной жизни, помогают ему разобраться в своем внутреннем мире, понять себя и окружающих. В-третьих, чтение литературы развивает творческие способности человека. Каждый человек по-своему интерпретирует написанное, соотносит со своей фантазией, ведет мысленный диалог с автором. В сознании человека возникает своего рода картина событий. Это развивает фантазию, желание создавать и творить что-то свое. Отсюда пробуждается и любознательность, стремление познавать новое. Это очень важно, потому что ребенок еще обучается и развивается. Любознательность как стремление к новым знаниям формируется как раз в процессе чтения. Польза художественной книги также в том, что неизбежно расширяется словарный запас читателя. Чем больше слов знает человек, тем богаче, насыщеннее, доступнее его речь. С таким человеком приятно беседовать. Такой человек интереснее, ведь он не просто приятный собеседник, но и прекрасный рассказчик.

Положительных сторон чтения очень много. Мы остановились на некоторых, значимых с нашей точки зрения. Так почему же, имея столько преимуществ, чтение стало неинтересным в современном мире? С нашей точки зрения, поменялось отношение к книге как таковой. Раньше лучшим подарком на день рождения считалась книга. А сейчас дарят книги? И будут ли рады, если подарят книгу? Скорее обрадуются какому-либо гаджету, чем книге.

С другой стороны, увлечение гаджетами, т.е. своего рода замена буквенной информации символьным рядом, приводит к развитию «клиповости» мышления, т.е. наше сознание привыкает и со временем воспринимает только постоянно сменяющиеся друг друга картинки, быструю смену событий. А ведь чтение – это процесс, требующий труда.

Еще одна причина, почему подростки не любят читать – это истощение от обилия школьной литературы. Видели ли вы длину списка книг на лето? Учителя пытаются собрать для нас самую полезную и умную литературу. Это замечательно, однако часто в этом списке попадают слишком тяжелые для подростков книги. Их иногда и взрослые-то не могут осилить. Поэтому подростки воспринимают чтение как нечто скучное. Многие из нас хотят летом гулять с друзьями, развлекаться, а не сидеть за чтением литературы. Еще одна причина – это доступность информации с цифровых устройств. Зачем читать произведение в полном объеме, если существует его краткое содержание? Приблизительно в таком роде рассуждают большинство нынешних подростков. На наш

взгляд, истинная причина нежелания читать литературу кроется в отсутствии культуры чтения в семье, так как семья является местом, где закладываются основы культуры в широком ее понимании. Также эмоциональные переживания ребенка, и особенно подростка, не способствуют развитию тяги к чтению. Среди причин можно также отметить отсутствие в доме книг для подростков. Сейчас никто не собирает домашнюю библиотеку, как было принято раньше.

Так что же надо предпринять, чтобы чтение стало увлекательным, чтобы подросток сам, без принуждения, захотел взять книгу? Мы думаем, что принуждение ни к чему хорошему не приведет, наоборот, отобьет вообще желание взять в руки книгу. Лучше будет, если нам самим предоставят возможность выбирать литературу. У каждого подростка есть свои предпочтения в чтении, т.е. то, что ему будет интересно. Это не значит, что из школьной программы надо убрать всю классику. Мы предлагаем изменить школьную программу по литературе во всех классах, дополнив ее произведениями, идейное содержание которых будет интересно нам. Может, в каждой четверти из программы выделить по два-три часа на изучение произведений, которые заранее будут выбраны самими учениками. А что интересно будет нам? Что мы хотим читать? Для некоторых предпочтительнее фантастика, для других – исторические романы, третьи любят читать детективы. Мы думаем, что на выделенных уроках ребята сами будут презентовать ту литературу, которую читают без принуждения, добровольно, как говорится, по зову сердца. Вот где школьники смогут проявить свои творческие способности. Это будет настоящий полет фантазии.

Как известно, в Казахстане стартовал проект «Читающая школа – читающая нация». В рамках данного проекта большое внимание уделяется привитию любви к чтению с младших классов, развитию навыков читательской грамотности. Мы также хотим внести свою лепту в данное мероприятие. Мы предлагаем совместить увлечение подростков информационными технологиями с желанием пробудить тягу к чтению. В нашей школе есть сайт (<http://27-semey.mektebi.kz>). В разделе сайта школы «Оқуға қуштар мектеп» мы создали раздел «Читательская копилка», в котором собираем весь необходимый материал для тех, кто любит читать, кто хочет научиться вдумчиво читать (<http://27-semey.mektebi.kz/trbie-zhmysy/oua-shtar-mektep/prochti-ne-pozhaleesh/>). В разделе имеются пока что следующие подразделы: «Художественные тексты», «Рекомендации», «Буктрейлеры», «Летнее чтение».

<http://27-semey.mektebi.kz/trbie-zhmysy/oua-shtar-mektep/prochti-ne-pozhaleesh/>



Рисунок 1

В первой папке можно найти электронную библиотеку произведений для подростков, ссылки и аннотации на произведения. Для тех, кто не знает, что ему почитать из подростковой литературы, мы предлагаем список книг, которые могут понравиться ребятам:

- «Убить пересмешника» Харпер Ли
- «Уличный кот по имени Боб» ДжеймсБуэнон
- «Путь художника» Джулия Кэмерон
- «Приют» МэделинРу
- «Хроники Нарнии» КлайвСтэйплз Льюис
- «Прежде чем я упаду» Лорен Оливер
- «Таймлесс» Керстин Гир
- «Суббота» ЙэнМаккюен
- «Книга потерянных вещей» Джон Коннолли
- «Король воров» Корнелия Функе
- Сью Таусенд «Тайный дневник Адриана Моула».
- «Дом, в котором...» Мариям Петросян
- «Книжный вор» Маркус Зусак
- «Вафельное сердце» Мария Парр
- «Шоколад» Джоанн Харрис
- «Стража! Стража!» Терри Пратчетт
- «Эльфийский клинок» Ник Перумов
- «Синдикат» Дина Рубина

В будущем планируем собрать аудиокниги и классифицировать имеющуюся литературу по жанрам. Во второй папке предлагаем советы родителям, как увлечь ребенка чтением. Наша цель – это напомнить взрослым, что подростковый возраст – это время противоречий и бурлящих гормонов. Поэтому надо проявлять уважение и понимание. Помогайте нам развиваться, не мешая и не диктуя собственные правила. Пришло время, чтобы дать нам пространство для ошибок. В общем, каждый желающий найдет себе чтение по вкусу, при этом у него есть возможность принять непосредственное участие в этом проекте. Участие на первых порах добровольное, привлекаем к этому делу волонтеров из числа школьников. Мы надеемся заинтересовать ребят и расширить число участников. На своей страничке мы предлагаем ссылки с аннотациями на любимые произведения подростков, авторами которых будут их же сверстники. Еще одна из форм работы с художественной литературой – буктрейлеры, т.е. своего рода реклама понравившихся произведений. Это одно из новых веяний в литературе, поэтому их создание должно вызвать интерес у подростков. Работа требует большой отдачи, творческого подхода и, конечно, знания художественного текста. В процессе работы при этом комбинируются знания учащихся в таких предметах, как литература и информатика. У нас в школе уже был опыт создания буктрейлеров. Учащиеся 10 классов создавали буктрейлеры. Победителей определяли путем сбора лайков. Конкурс вызвал интерес, и теперь у нас на сайте школы в разделе «Читательская копилка» есть собрание буктрейлеров, где каждый желающий может просмотреть имеющиеся видеозаписи и дополнить это собрание своим собственным творением.

Подводя итог написанному, хочется сказать, что роль книги в нашей жизни трудно переоценить. Польза чтения огромна, и к пониманию этого каждый приходит в разное время. Главное, не опоздать. Любовь к книге зарождается в детстве, и многое зависит от родителей и от учителей. Ребенка нельзя заставить полюбить книгу. Единственной панацеей будет передать свою любовь к чтению, к книгам. Мы предлагаем не отвергать реалии современной жизни, а, наоборот, воспользоваться ими, извлекая максимальную выгоду из того, что дает нам сама жизнь.

ЛИТЕРАТУРА

1 Типовая учебная программа по предмету «Русская литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию

2 Типовая учебная программа по предмету «Русская литература» для 10-11 классов общественно-гуманитарного направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ

1 https://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-startoval-proekt-chitayuschaya-shkola-chitayuschaya-naciya_a3719770B

2 <https://wellnesspress.ru/razum/usefull-fiction/>

3 <https://kalamar.ua/ru/kak-motivirovat-chitat-sovremennogo-podrostka/>

4 <https://school-science.ru/3/10/31989>

ВОЗРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЫ «ҚАЗАН» В ФОРМАТЕ НОВОЙ КОМАНДНО-СПОРТИВНОЙ ИГРЫ «QAZ-НОК»

ЕРНАЗАРҰЛЫ И.

ученик 7 «D» класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

ТЕМИРГАЛИЕВ С. К., НУРСЕЙТОВ Д. Ф.

учителя физической культуры,

Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

Введение

Актуальность выбранной темы исследований

«В эпоху глобализации успешным может быть только тот народ, который ценит свою историю, культуру и язык». Данные слова Н. Назарбаева были обращены молодому поколению и стали неким девизом в процессе модернизации общества в нашей стране.

У казахского народа есть очень много различных национальных игр, носящих чаще всего состязательный характер. Все эти игры имели определенные цели: определение силы, выносливости, смекалки, умения держаться в седле, меткости и быстроты реакции. Одна из таких игр называется «Қазан».

По условиям игры водящий игрок должен попасть мячом в казан, совершив удар палкой. В это время остальные участники образуют круг возле казана и защищают его от ударов водящего.

Так казахи из покон веков отработывали навыки защиты своих поселений от набегов врага, отражали нападения волков на отары овец и прочее. То есть даже во время игры наши предки все равно оттачивали жизненно важные навыки.

Ссылаясь на особенности данной игры была разработана новая игра «QAZ-НОК». После разработки всех игровых моментов, правила игры прошли этап сертификации, результатом чего стало получение свидетельства об авторском праве. Были организованы внутришкольные соревнования, городской турнир. На сегодняшний день разработанная игра «QAZ-НОК» получила широкий отклик от учащихся и учителей нескольких школ города Павлодар.

Исходя из этого актуальностью нашего проекта является создание эскиза для спортивной формы игрока.

В данный момент работа идет над созданием собственной формы и инвентаря.

Целью проектной работы является:

Создать эскиз формы и инвентаря для спортивной игры «QAZ-НОК».

Задачи проектной деятельности:

Изучить элементы казахской национальной одежды

Составить эскиз формы игрока для игры «QAZ-НОК»

1. Исследовательская часть

1.1. История создание игры «QAZ-НОК»

История создания игры, которая рассматривается в данном проекте, представлена одной из казахских национальных игр под названием «Казан».

У казахского народа есть очень много различных национальных игр, носящих чаще всего состязательный характер. Все эти игры имели определенные цели: определение силы, выносливости, смекалки, умения держаться в седле, меткости и быстроты реакции. Одна из таких игр называется «Казан».

По условиям игры водящий игрок должен попасть мячом в казан, совершив удар палкой. В это время остальные участники образуют круг возле казана и защищают его от ударов водящего. Так казахи из покон веков отработывали навыки защиты своих поселений от набегов врага, отражали нападения волков на отары овец и прочее. То есть даже во время игры наши предки все равно оттачивали жизненно важные навыки.

Казахская национальная игра «Казан» – это игра, в которую можно играть как летом на поляне, так и зимой на льду. В «Казан»

могут принимать участие от 3 до 10 человек. Согласно условиям игры, на земле или на льду очерчивается круг. Все участники кроме водящего встают по этому кругу, а водящий за кругом. В центре круга заранее делается небольшая ямка, также по одной небольшой ямке делается перед каждым участником. Каждый участник, включая ведущего держит в руках палку или клюшку. Также для игры понадобится деревянный шар, радиусом в 7–10 сантиметров. Водящий пытается палкой загнать шар в центральную лунку, а остальные участники игры защищают лунку своими палками и не дают ему это сделать, отбивая шар за круг. Если бьющий по шару участник игры не сумел ударить по нему и занять свою ямку (для этого нужно поставить в нее одним концом палку), ее занимает (тем же способом) водящий. Проигравший игрок становится водящим и игра начинается сначала. Если водящему удастся ввести шар в центральную ямку, все участники игры должны быстро поменяться местами. Во время перебежки водящий старается занять чью-нибудь ямку. Игру возобновляет участник, оставшийся без места (без ямки).

Казан




Рисунок 1 – Схема расстановки игроков в игре «Казан»

Наше внимание привлекла функциональность данной игры, то есть свойство игры развивать в игроках определенные жизненно важные навыки: меткость, ловкость, выносливость, пространственное мышление, планирование траекторий своих движений и др.

В условиях современной реальности, данная игра уступает многим известным спортивным играм, например, хоккею, футболу, баскетболу и т.д. Все перечисленные игры направлены, в первую очередь, на воспитание командного духа, сплоченности. Известны во всем мире клубы футбольных фанатов. Футбольные матчи собирают полные стадионы практически во всем мире.

Практическая часть

Составление эскиза спортивной формы игрока и инвентаря

Турниры, проходившие на школьном и городском уровнях проходили с использованием инвентаря, предназначенного для игры «Флорбол». Игроки были в футбольной или баскетбольной спортивных формах. Отсутствие специального спортивного костюма игроков значительно уменьшает уникальность данной игры.

Одной из самых важных задач для дальнейшей популяризации игры «QAZ-НОК» является разработка модели спортивных костюмов и инвентаря. Для того чтобы определиться с концепцией, которая должна преобладать в спортивной одежде, необходимо было провести социальный опрос. В данном опросе приняли участие 96 учащихся нашей школы. Перед респондентами были поставлены следующие вопросы:

Согласны ли вы с мнением о том, что спортивная одежда в спорте предопределяет характер игры?

(Варианты ответов: да, нет, не знаю)

Какие детали могут придать национальный колорит спортивной одежде?

(Варианты ответов: свой ответ)

Форму какого цвета вы бы хотели видеть на игроках QAZ-НОК?

(Варианты ответов: свой ответ).

Результаты проведенного опроса:




Рисунок 2 – Ответы на 1 вопрос



Рисунок 3 – Ответы на 2 вопрос



Рисунок 4 – Ответы на 3 вопрос

Анализ полученных количественных данных, способствовал выстраиванию концепции спортивной одежды.

Казахская культура хорошо раскрывается в национальной одежде. Кочевой образ жизни, степной климат и религиозные воззрения повлияли на развитие традиций казахского костюма - это была практичная одежда, защищающая от холода и ветров, удобная для езды верхом на лошади, изготовленная из натуральных материалов. Также, качество одежды и ее отдельные элементы позволяли узнать социальный статус казаха и его принадлежность к определенному роду или клану. Для изготовления одежды использовались кожа, мех и шерсть животных.

Еще одним из важных атрибутов культуры является Казахские узоры и орнамент. Казахские узоры имеют конкретное значение и

отражают художественное видение окружающего мира. С давних времен орнаменты считались оберегами, которые защищали людей от злых сил, приносили счастье. Ими украшали одежду, ювелирные изделия, жилища, посуду, ковры. Первые письменные упоминания о казахских узорах и орнаментах датируются началом XVI века. В древности по орнаменту у казахов можно было определить, к какому роду или жузу относится обладатель орнаментированной вещи. В википедии данный термин трактуется следующим образом:

Казахский орнамент – узор, состоящий из ритмически упорядоченных элементов, свойственных казахскому народному искусству. Характеризуется богатством и разнообразием узоров, изящных и гармоничных по рисунку, композиционному ритму, цвету.

По особенностям ритма, композиции, симметрии различают типы орнамента: зооморфный, геометрический, растительный и космогонический. Наиболее распространённым является зооморфный орнамент. Зооморфными узорами – «қошқар мүйіз» (бараний рог)

Орнаментальный мотив «бараньи рога» – қошқар мүйіз украшает и юрты, и городские жилища, одежду и посуду. Когда-то это было признаком богатства, потому что именно символом земного благополучия считалась овца. Самые древние изображения бараньих рогов сохранились на посуде андроновской культуры (II тыс до н. э.).

Исходя из этого было принято решение – орнамент «қошқар мүйіз», подчеркивающий композиционный ритм, будет составляющей при создании эскиза и пошиве одежды.

Данный орнамент был размещен с передней стороны одежды. Данное расположение также продиктовано культурой народа. Например, многие известные казахские батыры, как и другие воины различных народностей носили доспехи.

Одним из основных атрибутов военного снаряжения воина считался металлический щиток, защищающий его грудь и брюшную область. В современных условиях, конечно, нет такой военной необходимости, однако это хорошо объясняет привязку орнамента к данной области. Так были изучены материалы о Малайсары батыре. Он родился на территории Павлодарской области. Сопратник Богенбая, Кабанбая, Райымбека, Баян батыра и Наурызбая. Абылай хан высоко ценил его за мужество, ум и отвагу.

В ходе составления эскиза были переработаны все детали казахской одежды, подходящей экипировке игрока, и в то же время напоминающего облик казахского батыра. Наша

конструкторская проработка моделей для швейного салона выглядит следующим образом:




Рисунок 5 – Спортивная одежда



Рисунок 6 – Спортивная одежда

Заключение

В результате проектной работы были достигнуты поставленные цели и задачи. Для того чтобы придать национальный колорит командно-спортивной игре «QAZ-NOK» нами был проведен обзор национальной одежды казахского народа для понимания или точнее, чтобы пропустить через себя бытие наших предков, всю сущность казахских степей. Следующий шаг для нас был: модели казахской

национальной одежды конструктивно адаптировать для игры «QAZ-НОК». Были изучены все тонкости одежды, сделаны начальные рисунки. Затем через конструкторскую проработку моделей были сделаны эскизы для швейного салона, чтобы получить готовый продукт.

Полученная модель содержит национальный колорит, практичная и может использоваться на товарищеских матчах или чемпионатах по игре «QAZ-НОК». Так же полученная модель будет важным атрибутом игры и занесена в правила игры.

В дальнейшем развитии игры планируется сделать программу или приложение для подсчета очков и фиксации нарушения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 «Казахи»-Алматы: Казахстан 1995 г.
- 2 Казахская ССР, краткая энциклопедия. Том 3
- 3 Глухов, В. И. Физическая культура в формировании здорового образа жизни. // Здоровья, – 1989. – 72 с.
- 4 Усин Ж.А., Хисматулин Р.А. Инновационные формы и методы проведения занятий по физическому воспитанию в учебных заведениях // Павлодар, – 2014
- 5 Усин К.А., Усин Ж.А., Усина Ж.А., Солтанбеков С.Е., Кистаубаев Е.А. Инновационная здоровьесберегающая направленность физического воспитания в избранных видах спорта школьников и учащейся молодежи // Павлодар, – 2016
- 6 <http://www.bilu.kz/kazah-igry.php>
- 7 <https://catch.today/istorii/kazahskie-nacionalnye-igry>
- 8 <https://ru.sputnik.kz/lifestyle/20190818/11293770/kazahskie-sportivnye-igry.html>

М. МАҚАТАЕВТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

ЕРТАЙ Я.

6 сынып оқушысы, Қазы ЖББМ, Павлодар обл., Аққулы ауд.

САРСЕНБАЕВА А. Е.

ғылыми жетекші, Қазы ЖББМ, Павлодар обл., Аққулы ауд.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері, бірнеше стратегиялық мақалалар жарыққа шықты. Солардың қатарында 2017 жылдан бастап күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болып

табылады. Бұл бағдарлама бірнеше бөлімнен тұрғандықтан әртүрлі бағыттар өз денгейінде дамып келеді

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» – бұл біздің ел болып аңсаған, осындай бір ерекше серпілістің ауадай қажет екенін іштен тынып көптен күтіп жүрген бағытымыз еді. Бұл бағдарлама – Елбасымыздың дәл уақытында, даналықтың елегінен өткізіп барып, ұлттық рухани құндылықтарға деген үлкен құрмет деп білуге болады [1].

Барды бағалай білу ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақтап, сақтау қажет. сабақ болмақ.

Осы еңбекте бүгінгі жаһанданған әлемде өмір сүру үшін бәсекеге қабілеттіліктің аса қажет екені баса айтылады. Еліміздің ұлттық мәдениеті қалыптаспай, рухани жаңғырудың ойдағыдай біз аңсағандай болмайтыны белгілі. Қазіргі таңда біздің халқымызға керектігінің өзі – осы.

Өз өлкесінің тарихын, ата-салтын білмеген, өз мәдениетінің жәй-күйіне жаны ашымайтын адам, бүкіл ел тағдырына шын ниетімен қинала қояды дегенге аса сенуге болмайтын сияқты.

Осы бағдарлама аясында президентіміз Қ. К. Тоқаев осы жылда халқымыз дарынды ақыны М. Мақатаевтың 90 жылдығын республика көлемінде атап өтуді ұсынды.

М. Мақатаев шын мәнінде ұлы тұлғала, тағдыры өте қайғылы болғанын біз мектеп табалдырығынан біліп, оқып келеміз. Сондықтан оның шығармашылығын сезіп, зерттеу үшін, мәдени мұрасын оқумен ғана шектелмейді. Салыстырмалы талдау жасау үшін, сол заманның өмірін ақын көзімен көруге тырысу керек. Оның поэзиясы – сол кездегі, сол тарихтағы, сол өмірдің көрінісі. Ақынның бізге қалдырған әдебиеті, біз үшін баға жетпес мұра. Дарынды ақынның өмірбаянын және шығармашылығын зерттей отырып, ақынның талғамын, сонымен қатар өмір жолы мен поэзия шығармашылығын байқауға болады. Оның шығармаларын оқи отырып, қиын жағдайларды бастан кешірген адамның өлеміне енеміз. Ақынның шығармашылығы Отан, махаббат, жалғыздық және табиғат тақырыптары ерекше және маңызды орын алады деп айтуға болады. Мұқағали Мақатаев өлеңдері әрдайым қазақ әдебиеті мен мәдениетімен таныс оқырмандарды өзіне баурайды. Оның өлеңдері жоғары поэзияны, көңіл-күйдің нәзік берілуін ашады. Поэзияда көрінетін жеке ерекшеліктерге, жан мен шығармашылықтың қасиеттеріне келетін болсақ, мұнда дүниетанымдағы ұқсастық пен ерекше эстетика маңызға ие

болады. Ақынның шығармаларында, сонымен қатар романтикалық, яғни лирикалық ерекшеліктер кездеседі. Мұқағали Мақатаев- өз дәуірінің тұлғасы, оның шығармашылық әлемінде, жан дүниесінде барлық уайым мен азап араласқан.

Кез-келген адамның туған жері, кіндік қаны тамған елі бар. Ол – Отаның. Сол жерден нәр алып, оның қадір-қасиетін қастерлей білуі керек. Әрбір адам туған жерін, отанын жүрегінде сақтау керек. «Отанды сүю – иманнан» деген кең тараған мағынасы терен, қанатты сөз бар. Өйткені, иманды адам ғана көкірегінде еліне, жеріне деген сезімі мол адам ғана өз Отанын силап қастерлей алады.

Осы орайда «Халықты сүйем деп байбалам салмай, оған тек жан жүрегімен ғашық бола білу керек» деген Мұқағали ақынның мына өлеңін мысалға келтіруге болады.

Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген,
Самалы бол Отанның салқындаған,
Сандуғаш бол, сайратсын алтын далаң.
Семсері бол, Отанның қынабында
Сертке ұстаса селт етпей жалтылдаған.
Шетсіз, шексіз, қиырсыз, ұлы дала,
Шуақ болып шашылмай жылына ма?
Сүй Отанды! Шыныңмен сүйіп өт те,
Гүл боп қадал ойына, қырына да [2].

Туған ел, туған жер үшін жасалатын жақсылықтардың барлығы ізгі ниеттен, иманнан туатыны даусыз.

Негізі жалпы ұлттық қасиеттерді сақтап қалудың екі жолы бар. Біріншісі – дін. Екіншісі – тіл. Біздің ұлттымызды сақтап қалған ең соңғы фактор ол дін болды. Егер біз діннен айырлағанда онда аз уақытта ғана жойылып кету қауіпіміз бар еді. Туған тілімізден айырылып қала жаздасақ та діннен айырылған жоқпыз. Соның арқасында қазақ қазақ болып қалдық. Кеңес өкіметі кезінде қазақша білмесек те кез келген отбасы мүмкіндігінше діни қағидаларды сақтап қалуға тырыстық. Осы мәселеге де М. Мақатаев біраз туындылар арнағаны белгілі.

Сонымен қатар М. Мақатаев махаббат, сүйішпеншілік, жалғыздық тақырыбында шығармалар бар. Осы тұрғыда ақынның жалғыздық тақырыбы ерекшеленеді. Өмір бойы Мақатаевты жол бермес жалғыздық сезімі мазалайды. Өзгелерді дұрыс түсінбеу, оның жеке өміріндегі трагедиялар - осының бәрі ақынның жан дүниесінде өшпес із қалдырды. Сонымен қатар, Мақатаев романтик ақын болған. Оның шығармашылығындағы жалғыздық

- тақырыптар арасында негізгілердің бірі болып табылады. Мақатаевты өмірдің қиын сәттерінде түсініп, қолдайтын сүйікті досы Фариза Оңғарсыноваға керемет өлең жолдарын арнады:

«Фариза!
Фаризажан, Фариза қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,
Бірімізден біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз.»
Сен мені білесің бе, білесің бе?
Жаралмаған жан екем күресуге.
Жылай жүріп өтірік күлесің де,
Жүресің де қоясың, жүресің де.
Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,
Тастағысы келеді күресінге,
Фаризажан, сен соны білесің бе?..
Жанарымды тұманмен тұмшаладым,
...Серіпшесі үзіліп тұр садағым.
Жігітінен қазақтың дос таба алмай,
Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын [2, 14 б.].

